

А 2009  
20094к

МАНОВ, Н. ӨСЕРОВ

# ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫНА ШАРИАТТЫҢ ӘСЕРІ

АЛМАТЫ  
ЖЕТІ ЖАРҒЫ



С. Зиманов, Н. Өсеров

ҚАЗАҚ  
ӘДЕТ-ҒҰРЫП  
ЗАҢДАРЫНА  
ШАРИАТТЫҢ ӘСЕРІ

АЛМАТЫ  
"ЖЕТІ ЖАРҒЫ"  
1998

- З 53 **Зиманов С., Өсеров Н.**  
Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері  
(монография). — Алматы: Жеті жарғы, 1998. — 128 бет.

Еңбекте қазақ халқының құқық тарихында тұңғыш рет исламдық қағида-ережелердің қазақ әдет-ғұрып заң қағидаларына, әсіресе халқымыздың этникалық тұрғыдан қалыптасуы барысында тікелей немесе жанамалай әсер еткені нақты фактілермен салыстырыла отырып баяндалады.

Заң жоғары оқу орындары студенттеріне, заңгерлер мен аспиранттарға және көпшілік қауымға арналған.

З  $\frac{1202000000 - 112}{419 (05) - 98}$  055 -97

**ББК 67.3 (5 каз)**

ISBN 5-7667-4140-5

© "Жеті жарғы", 1998

Бұл еңбекті бірігіп жазу жоспарланғанда үш түрлі себеп еске алынды. Біріншісі — соңғы жиырма жыл ішіндегі қазақ әдет-ғұрпы ережелеріне арналған зерттеулеріміз. Бұл арада алдымен менің жетекшілігіммен ғылыми дәрежеге ие болған шәкірттерімнің жұмыстарын атағым келеді. Солардың ішінде докторлық диссертациялар: Н.Өсеров ("Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсерін зерттеу"), К.Жиреншин ("Реформы в административной и правовой системе Казахстана XIX веков"), З.Кенжалиев ("Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет". Теориялық мәселелері, тарихи тағылымы), заң ғылымының кандидаты атағын алғандар: Ғ. Ідірісов, А.Әбішев, С.Созақбаев, Н. Ахметова, Ғ.Қожахметов, Ж.Әділбеков. Негізі осы авторлардың қатысуымен бірталай зерттеулер жарық көрді. Атап айтсақ, «Проблемы обычного права казахов» (менің жетекшілігіммен, 1989), «Обычное право казахов XVIII и первой половине XIX в.» (С.А.Фукс, автор қайтыс болғаннан кейін менің редакциялауыммен жарық көрді), «Ислам және қазақ әдет-ғұрпы» (Н.Өсеров, 1992), «Абай және адам құқы» (С.Созақбаев, 1995), «Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет» (З.Кенжалиев, 1997) т.б.

Екіншісі — қазақ халқының өз алдына тәуелсіз мемлекет болып құрылуына сәйкес өткен тарихымызды, соның ішінде ата-баба заңдары мен ережелерін жан-жақты зерттеу мүмкіншіліктері туды. Көшпелі қазақ елінде әдет-ғұрып жора-жолдары ғасырлар бойы ереже-заң ретінде танылып, зор деңгейде дамыды. Солай бола тұрса да бұл мәселелерге жеткілікті көңіл бөлінбеді. Кеңес дәуірінде жарық көрген еңбектердің көпшілігі бірбеткей, «тап күресі» методология шеңберінен шыға алмағаны белгілі.

Үшіншісі, автордың бірі — Н.Өсеров шарият тарихына, оның нормаларына арнап еңбектер жазған, Құранды қазақшаға аударған, оның осы саладағы білімін қазақ әдег-гұрып заңдарын түбегейлі салыстырмалы зерттеуге пайдалануды ретті деп тауып, кезінде кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғауына ғылыми жетекшілік жасадым. Осы еңбек те өзара зерттеулеріміздің нәтижесі.

Мұсылмандықта әр түрлі ағымдар (тараулар) бар. Олардың арасында «оңшылы» және «солшылы», көшпелі қазақ елінің дүниетану көзқарасына жарамды және жарамсызы, бүгінгі ұғыммен айтқанда прогрессивті және реакциялы қағидалар баршылық. Қазақ әдет-ғұрып заңдары негізінен өзіне сәйкес, ұқсас шарият тәртібін қабылдаған. Қайшы келетін жерлері де болған. Дегенмен, қазақ әдет-ғұрып заңдары ішкі тұтастығынан, беріктігінен айырылмаған.

Қазақ мемлекеті XV ғасырдан басталғанымен, түркі тектес туыстас халықтардан ажырап, «қара шаңыраққа» ие болып, жұртымыз өз алдына отау құрғалы ықылым заманалар жылжып, сан ғасырлар өте шыққаны хақ. Міне, содан бері қазақтар өз ата-баба жолын ұстанып, әдет-ғұрып, дәстүр-салтын және тілін сүттің қаймағы секілді осы күнге дейін мейлінше таза сақтап келді.

Қазақ халқының түп-төркіні, адамзат тарихындағы алар орыны, туған жұртымыздың әлемдік мәдениетке қосқан үлесі жайлы үлкенді-кішілі ғылыми туындылар анда-санда болса да жарық көріп жүр. Әсіресе, қазақ мемлекетіміз өз тәуелсіздігін жариялап, жеке мемлекет болғалы бері мерзімді баспасөздерде болсын, әр түрлі баспалардан болсын өткеніміз жайлы шығармалар, мақалалар жарық көруде. Бұл — қуанарлық жәйт, осы тұрғыдан алғанда құқықтану ғылымында да іргелі бетбұрыстар жасалынып, қазір заң әдебиеттерін шығаратын республикалық «Жеті жарғы» баспасы жұмыс істеп жатыр. Онан құқықтану іліміне қатысты құқықтық әдебиеттер жарық көруде.

Бірақ қай халықтың болсын өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, әдет-ғұрып, салт-санасы ұзақ дәуірлер бойына олармен бірге жасасып, сол халықпен біте қайнасып, қанына, тіліне, бойына сіңіп барып қалыптасады. Ал, сол халықтың ұзақ дәуірлер бойы өздері жасап, қалыптастырғанынан бас тартқызып және басқа бір халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, қағида-заңдарын күштеп таңу оңа бермейді. Сондықтан халықтың өздері жасаған мұрала-

рын өгейсітпей, арасы үзіліп қалған деп қарамай, қайта жандандыра қоғам кәдесіне, келешек ұрпақ мұратына жарату көрегенділік пен зиялылықтың белгісі болады. Ата-бабаларымыздың көп ғасырлар өтсе де көнермей келе жатқан құқықтық жол-жобаларына сүйенбейінше, ұлттық мемлекетіміздің көпшілік ойынан шығатын, тоқырап қалмай, жұмыс істейтін заңдарын дүниеге әкелу әсте мүмкін емес. Ендеше, мұның танымдық та, тәрбиелік те маңызы бар, саяси-идеологиялық жұмыстарда құны да өте үлкен.

Ғасырлар бойы бодандықтың темір құрсауынан құтыла алмай жанталасқан қазақ халқының кешегі социализм кезінде құқықтық жиһаттан «азат» ел болып, бақытқа белшесінен батқаны да шамалы. Коммунизм идеясымен басты шырмап, қарамағындағы барлық халықтарды күштеп бір ұлт- «совет адамын» қалыптастырамыз деген саясатпен халықтың өздері жасап, тәжірибеден өткізілмеген, бұрынғыларға сүйенбеген құқықтарды алға тартты. Оның аяғы неге әкеліп соққанын қазір көріп, куә болып отырмыз.

Ең алғашқы соққыны қазақ халқының құқығы, әдет-ғұрып заң-қағидалары патшалық Ресейден алды. Патшалық Ресей бұрыннан қалыптасып, қазақ қоғамын мығым ұстап тұрған "би мен билік" түрдегі сот процестерін күштеп өз саясатына лайықтады да, соттарды сайлап қойды. Әрі бірте-бірте қазақтардың билік соттарын өз құқықтарынан мақұрым етіп, сот процестерінен аулақтатты. Әдет-ғұрып заң-қағидаларының түптамырына балта шаба бастады. Бұл жағдай советтік дәуірде де қайта күшейтілмесе, саябырсып, кемшін тартқаны жоқ.

Патшалық Ресей өз боданы болып табылатын қазақтар арасында өз саясатын күшейте түсу мақсатында олардың әдет-ғұрпын, құқықтық қағида-ережелерін тереңірек білу үшін топ-тобымен экспедициялар шығарып, арнайы тапсырмаларды үсті-үстіне беріп жатты. Біз қазақ әдет-ғұрпының нормаларын Ресейдің жинауына басты себептерді былайша тұжырымдаймыз, біріншіден, қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының рөлі қазақ қоғамында зор және әсерлі болуы, екіншіден, Ресей заңдарына қайшы келетін тұстарын шектеп, жою жолдарын қарастыру, үшіншіден, қазақ әдет-ғұрпын көз алдында толық бақылауға алуды қамтамасыз ету, төртіншіден, кезі келіп, сәті түскенде оларды жойып жіберу, бесіншіден, бұларды басқа туыстас аз халықтарды (қырғыз, өзбек, түркімен, т.б.) бодан етуде пайдалану еді.

Олар жинау барысында қазақ әдет-ғұрпының заң-қағидаларының өнбойы прогрессивтілік пен демократиялық, адамгершілік қағидаларына толы екеніне назар салмай, жақсы тұстарына көбінесе көз жұма отырып, атүсті қарап, тек патшалық өкіметтің саясатына лайықты әрі оны қызғыштай қорғайтын өз заң нормаларын ендіру шараларын қарастырды.

Көктен түскен ештеме де жоқ. Әрі әр халықтың өздері жасаған мұралары мен мәдени-рухани байлықтары сол халықтың өздеріне жақын, санасына сіңген, сол себепті де олардың көкейлерінде ұзақ сақталып, ешуақытта солғын тартпайды. Әсіресе, жазба мәдениеті мардымсыз дамыған халықтар үшін бұл әділ айтылған бағыт. Шындығында да халқымыздың ауыз әдебиетінде әдет-ғұрыпқа, тұрмыс-тіршілігіне, тәртібіне, өзара қарым-қатынасына, мінез-құлқына қатысты құқықтар жайлы матер-иалдар өте көп. Бұрын жарық көрген еңбектерімізде жазғанымыздай «қазақтардың жазба мәдениеті мен шежіре жазушылары болмағанына қарамай, халық жадында көптеген тарихи уақиғалар жайлы деректер негізінен сақталғанын» айта кеткен ретті. <sup>1</sup>

Рас, қазақ халқының рухани мұрасының жиналу тарихын, оның жариялануы мен саралануын ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастаймыз. Өйткені, өз құрамына бодан болып толық енген қазақ елінің жер байлығы мен шикізат көзін, халқының шаруашылық жайын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-санасын, діні мен тілін жете зерттеуге Ресей мүдделі болды. Осы жылдар аралығында қазақ ауыз әдебиеті жөнінде бірқатар еңбектер мен библиографиялық көрсеткіштер шыға бастады. Кеңес үкіметі кезеңінде ауыз әдебиет мұраларын жинау едәуір табысқа жеткенін айта кеткен жөн. Көзге түсерліктей үлкен-кішілі зерттеулер де жүргізілді. Бұл жолда қиындықтар да аз болмады. Бұл материалдардың көпшілігі ата-бабаларымыз тарапынан араб тілінде не араб емлесінде жазылған. Оны оқу, талдап зерттеу жұмысына пайдалану екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұның да әсері болды. Біз қазақ халқы жазу өнерінен кемшін болғанын мойындаймыз, сонымен бірге ауыз әдебиет, халық санасында сақталған мұраларға ең бай халықтардың бірі екендігінде де күмән жоқ. Жазылып қалған тарихи дүниелер аз. Олардың басым көпшілігі әлі де мұрағат

---

<sup>1</sup> С. З. Зиманов. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. Алма-Ата, 1960, 13-б.

сөрелерінде орын алуда. Сол ежелден келе жатқан мұралардың басым көпшілігі негізінен халықтың өзі басында сақтап, атадан балаға ауыстырып келгендіктен әрі бұл дәстүр соңғы кезеңдерде солғын тартып, оны білуші «көненің көзі, көзенің сынығы» іспетті құйма құлақ кәриялар күннен-күнге сирексіп бара жатқаны да жасырын емес.

Әсіресе, қазақ халқы әдет-ғұрып заң қағидаларына өте бай, оны оқып-үйрену жайы басқа ілімдерге қарағанда қанағаттандыратын халде емес. Бұл саладағы байлықты бүгінгі рухани өміріміздің мүддесіне сай пайдалану қажет-ақ сияқты болғанымен іс жүзінде олай болмай отыр.

Қазақтың құқықтану ілімі ең кенжеленіп зерттелініп жүр. Халықтың өткеніне тосырқай қарау — Кеңес саясаты — бұл тақырыпқа қалам тартуға көпшілікті жүрексіндірді. Соған қарамастан қазақ Ғылым академиясының құрамындағы Философия және заң институтына (қазіргі Мемлекет және заң институты) біздердің қатысуымызбен біркелкі зерттеулер жүргізілді. Қазақ мемлекеті тарихына, әдет-ғұрып заңдарын зерттеуге, билер институтының демократиялық халықтық жақтарын ашып көрсетуге арналған ғылыми еңбектер жарық көрді.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарының жүйесін саралау, олардың ерекшелігімен, бостандық және әділеттікке негізделген ережелерін талдау, түсіну, зерттеу шариаттың оған азды-көпті тигізген әсеріне де байланысты.

Қазақ елі, мұсылмандар қатарына жатқанмен, мұсылмандық, шариат тәртібі аз тараған елдер қатарында. Дегенмен шариаттың әсері болды. Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен қызметі, Әли, Омар, Оспан жайлы, болмаса соғыста қиналып өлген Хусайн (Әлидің баласы) туралы жырлармен бір қатарда «Бозторғай», «Шариар», «Бозжігіт», «Зар заман», «Заман ақыр», «Сайфул мулк», «Сақып Жамал», т.б. исламның басты қағидалары қарапайым халық арасында да көне өсиет тәрізді таратылды. Мұндай жыр-өлеңдер халық көп жиналған жиындарда айтылып, ерлік, әділдік, бас бостандығы, махаббат құдіреті тақырыптарының әсері үлкен болған. Сондықтан да атақты ғалым В.В.Радлов: «Маған қазақтар арасында исламды орнықтыруға бір исламды ғибраттайтын «Жұм-жұманың» әсері даланы кезіп жүрген жүздеген молладан артық тәрізді» деп мойындайды.

Қазақтар исламмен бірге араб әліппесін де қабылдады. Ертеден-ақ қалаларда медресе, мешіттер пайда болды. Көшпелі ауылдарда тараған бірінші оқу орындары оларға байланысты еді. Қазақ балаларының сауаты осылайша ашылды. Мұндағы дәріс беру жолдары діни сипатта болып қалмады.

Ежелден бекіген, кешегі күнге шейін жүйесін, ереже негіздерін бұзбай бізге жеткен қазақ халқының әдет-ғұрып жора-жолдарын зерттеу, оған тигізген басқа елдердің мәдениет мұраларының әсерін талдау, соның ішінде шариат әсерін тұжырымды ашу сол қазақ халқының «ескі ережелерінің» құндылығы мен маңыздылығын асыра түседі.

**С. З. Зиманов,**

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Ғылым Академиясының академигі,  
заң ғылымдарының докторы.

Орыс жазба дерекнамалары

Қазақ тарихына, оның ішінде әдет-ғұрып заңдарына байланысты дерекнамалар, әсіресе орыс әдебиетінде көбірек кездеседі.

Ресейдің Қазақстанға қызығуы Иван Грозный тұсынан басталған десек те болады. Өйткені есі кіріп, етек жиған орыстар Алтын орда ыдырағаннан соң қазақ жеріне көз тіге бастады. Бұл саясат асығыстықпен емес, жайлап, бірнеше ғасыр бойына жүргізілді. Алғашқыда қазақтар арасына сауда-саттық желеуімен жансыздар жіберіліп, олар Қазақстан жайлы (жан басы, экономикалық хал-ахуалы, психологиясы, әскери дайындығы, жолдары, саяси тұрмысы, т.б.) деректер жеткізіп беріп отырды.

Ресейдің Қазақстанды қолға түсіру саясаты әсіресе жоңғар қалмақтары мен қазақтар арасындағы қақтығысты шиеленістер барысында ерекше көзге көрінді. Патшалық Ресей ашықтан-ашық жоңғарлықтарға зеңбіректер, мылтықтар, т.б. соғыс жабдықтарын беріп, қазақтарға қарсы айдап салу саясатын жүргізді.

Сыртқы жағдайдың қиындығын ескеріп қазақ ханы Тәуке: «Бірде-бір адам халық мәжілісіне бес аспап қару-жарақсыз келмесін, келгендері болса, ешқандай дауыс-қаие болмасын әрі оған өзінен кішілері орын бермесін»<sup>1</sup> деп заң қабылдауға мәжбүр болған.

Петр I Қазақстанды басып алу арқылы шығысқа жол ашылатынын білген. Сондықтан да барлық айла-шарғы қолданып, қазақ жерін басып алуға ұмтылды.<sup>2</sup> Ресей өзінің ежелден келе жатқан ескі әдеті бойынша аз халықтарды бір-біріне айдап салу саясатымен қазақтардың басына қара күн тудырды. Соған қарамастан Тәуке хан Ресеймен және басқа да көрші елдермен тәту-тәтті тұруға ұмтылып, Ресейге Қайып, Әбілқайыр сұлтандарды бірнеше рет

<sup>1</sup> МОП, 22-б.

<sup>2</sup> Разные бумаги ген. майора Тевкелева об Оренб. крае и о киргиз-кайсацких ордах. 1726. "Временник Московского общества истории и древности Российских", 1825, кн. 13, 15-19-б.

елшілікке жібергенімен нақтылай көмек болмады<sup>1</sup>. Қайта қалмақтарды құтырта түсіп, Орта Азия хандықтарын да азғырды. Бұл жайлы Қожаберген жырау:

«Қаруын орыс, қытай, қалмаққа сатты,  
Айдап сап, малғұндарды қоқандатты.  
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,  
Орыстар қамалдарын салып жатты» —

деп сол кездегі болған уақиғаларды дәл суреттейді.<sup>2</sup> Соның нәтижесінде қазақ хандығы дүшпанға төтеп бере алмай, 1723 жылы "ақтабан шұбырынды" зұлматты нәубетіне тап болады. Есеңгіреген қазақ халқы көпке дейін есін жия алмады. Бұл жайлы тағы да Қожаберген:

"Бұл қырғын көп ұзамай қазаққа ауды,  
Наймандар тастап көшті Алтай тауды.  
Жалайыр, найман, қоңырат, қарақалпақ,  
Қиналды тоқтата алмай келген жауды.  
Бұларды қуып қалмақ Қобданы алды,  
Қанырап Тарбағатай, Зайсан қалды.  
Ел босып, жер иесіз қалғаннан соң  
Ол жерге қалмақтар кеп қоныстанды.  
Теріскей, Алатауды қалмақ алды,  
Найман мен қоңыратты қуып салды.  
Қайран жер жау иелігіне көшкеннен соң,  
Жоңғардың Алатауды деп аталды.  
Торғауыт, жоңғар, ойрат — бәрі қалмақ,  
Орыстар мен қығайды жүрген алдап.  
Сол екі елден алған соң дәу мылтықты  
Келеді жолдағы елдің бәрін жалмап".<sup>3</sup>

Міне, сөйтіп "ақтабан-шұбырындыға" ұшыраған қазақ халқының Кіші жүзі 1731 жылы амалсыздан Ресей қоласына өтті. Дәл осы кезден бастап патшалық Ресей қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін молынан жинай бастады. Орыс тіліндегі әдебиеттік материалдардың басым көпшілігі осы кезеңнің жемісі. Бұл материалдар арасынан орыс зерттеушілері патша саясатын қаншалықты бұрмалағанымен қазақ әдет-ғұрып қағидаларына қатысты көптеген бағалы деректерді таба аламыз.

Ресей қорында Қазақстанның Ресейге қосылғанға дейінгі дәуірде жазылған сирек деректер бар. Көпшілігі XVIII ғасырдың 30-жылдарынан басталады.

<sup>1</sup> Памятники Сибирской истории XVIII в.т. П. док. 41, 152—156-б.

<sup>2</sup> Н. Әбуталиев. Ордабасы Қожаберген. 1995. 69-б.

<sup>3</sup> Сонда 67—68-б.

Арнайы экспедициялар мен әр түрлі қоғамдардың жинаған жазбалары мен жарыққа шығарған еңбектері баршылық. Орыс демократшыл озық ойшылдарының еңбектері де кездеседі. Осы шығармалардың арасындағы бірден-бір шоқтығы биік еңбек А.И.Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен даласын суреттеу» деген үш томдық еңбегі <sup>1</sup>. Бұл еңбекте қазақтардың хандық дәуірі, оның жүйелері, әдет-ғұрып заңдары, әсіресе, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» туралы құнды сипаттамалар көлемді орын алған. Зерттеуші қазақтарды "тағы", "жабайы" дей отырып, патша саясатына ізгілік ниет білдіргенімен біз оның еңбегінен нақтылы тарихи деректерін таба аламыз. Н.И.Гродековтың да «Сырдария облысындағы қырғыздар мен қара қырғыздар» деген еңбегі қазақтардың әдет-ғұрпы, оның өзара қарым-қатынасындағы рөлі мен өзгерістері хақында сөз етіп, материалдарын өзі көне қарттар аузынан жинап алып пайдаланған. Ол «белгілі рулардың ежелден көшіп-қонған жайлауларын ешкімнің де иеленуге құқығы жоқ» <sup>2</sup> — деп, қазақтарда жер ертеден-ақ әрбір рудың жеке иеленуге бөлінгенін көрсетеді. П. Маковецкийдің де еңбегінің берері аз емес <sup>3</sup>. Ол әдет-ғұрып заң нормаларындағы билік шешімдерге мән бере отырып, тарихи талдаулар жасайды. Ислам діні шариаттың, орыс заңдарының әсерін ерекше бөліп көрсетуге тырысады. Г.И.Спасский «Жеті жарғыдан» біраз үзінділер келтіріп, қазақ тұрмысын 1816 жылы өзі қатысқан экспедиция сипаттамаларымен береді <sup>4</sup>. Д.Я.Самоквасов Орта жүз бен Кіші жүздің әдет-ғұрып заңдарын жүйелеуге тырысады. Бұл еңбекті белгілі қазақ тарихшысы Е.Бекмаханов жақсы бағалаған <sup>5</sup>. Л.Ф. Баллюзек өзі Торғай облысында әскери губернатор болып қызмет еткен кезінде қазақ билеріне, сұлтандарына және ақсақалдарына тапсырма беріп, әдет-ғұрып заңдарын арнайы жинатып алған болатын. Бұл еңбекте ескі және

---

<sup>1</sup> А. И. Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, ч. I-III, Спб. 1832.

<sup>2</sup> Н. И. Гродеков. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области, ч. I, Ташкент, 1889, 111-б.

<sup>3</sup> П. Маковецкий. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. 1. Материальное право, Омск, 1886.

<sup>4</sup> Г. И. Спасский. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды, "Сибирский вестник", т. IX, Спб., 1820.

<sup>5</sup> Д. Я. Самоквасов. Сборник обычного права Сибирских инородцев. Варшава, Спб. 1876; Е. Бекмаханов. Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алма-Ата, 1947.

жана қағида-ережелер салыстырылады<sup>1</sup>. Д.Андренін жинағында әлеуметтік санаттарға, әсіресе, "төлеңгіт", "құл", "ақсүйек" құқықтары, алым-салықтар жайлы айтылады.

Ресей Ғылым академиясы ұйымдастырып шығарған экспедиция басшылары болған П.И.Рычков, И.Г.Георги, П.С.Паллас, т.б.қазақ тарихы мен әдет-ғұрпын сипаттайтын өте қызғылықты материалдарды қалдырды. Сол секілді И.А.Козловтың /Обычное право киргизов. Памятная книжка западной Сибири. Омск, 1882/, А.И.Добрословтың /Суд у киргизов Тургайской области. Казань. 1904/, Л.Мейердің /Киргизская степь Оренбургского ведомства, Спб., 1865/, А.Загряжскийдің /Юридический обычай киргизов. Материалы для статистики Туркестанского края. вып. 1У, Спб. 1876/, А.Леонтьевтің /Обычное право киргиз. Юридический вестник, т. У, 1891/ т.б. еңбектерінде біздің зерттеу тақырыбымызға байланысты деректер көптеп кездеседі.

Қазақ тарихы мен орыс-қазақ қарым-қатынасын үйренуде П.П.Семенов-Тяньшанский, В.И.Даль, ағайынды Ханыковтар, Е.П.Ковалевский, П.И.Небольсин, т.б. еңбектері де айтарлықтай. Орыс халқының ойшыл-демократтары А.И. Герцен, Н.Г. Чернышевский және А. Янушкевич, т.б. патша саясатын айыптап, аз халықтардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуды талап етті.

Ресейдің қазақ әдет-ғұрып заң нормаларына негізделген билер сотын жойып, оның орнына Ресейлік заңдарын енгізуге қазақ халқының білікті де ойшыл азаматтары қарсы шыққанын біз жақсы білеміз. Солардың алдыңғы қатарында Ш. Уәлиханов пен А. Құнанбаевтарды ерекше атауға болады. Шоқан «Сот реформасы жайлы жазбалар» мен Абай «Билер ережесін» жазды. Екеуі де көп заманалар бойы билер соты өз қоғамына қызмет етіп келе жатқан бірден-бір демократиялық тұрғыдағы әдет-ғұрып заңдарына сүйенген институт екенін көре білді. Өйткені, билер өз халқының әдеттік заңдарын ғана емес, оның көкейкесті мәселелерін жетік білген заңгерлер еді. Халық оларды өздері таңдап, өз тағдырларын, таласты мәселелерін шешуді тек осы билер қолына өз еріктерімен беріп келген. Ал Ресей соты өзінің бюрократиялық атрибуттарымен көзге түсетінін, сайланбалы болғандықтан соттардың әділдіктен таятынын ескертіп, би-

<sup>1</sup> Л. Ф. Баллюзек. Народные обычаи имевшие, в отчасти ныне имеющие в малой киргизской орде в силу закона // Записки Оренбургского отдела ИРГО, вып. II, 1871.

лер сотын бұрынғы қалпында қалдыруды талап етті. Өз кезегінде орыс заңдарының қазақ қоғамына сәйкес келмейтінінің себептері мен салдарларын көрсетіп берді<sup>1</sup>.

Ш.Уәлиханов жалпы билер, билер соты хақында «Халықты билеушілер халық тарапынан би деп атақ берілген адамдарды сайлап қоймаған. Олар билік өнерге құштарлығымен, әдеттік заңдарды жетік білуімен, шешендік тілімен өздері шыққан. Мұндай билер халық арасына тез тарап, әркімнің аузында айтылатын билерге айналған»<sup>2</sup>. Ал Л.Ф.Баллюзек «би өз халқының тірі шежірешісі, заңын білетін заңгері» дейді<sup>3</sup>.

Қазақ халқының озық ойлы біліктілері мен орыстардың сол кездегі демократтық прогрессивті азаматтарының ежелден келе жатқан халық дәстүрін бұзбауға<sup>4</sup> шақырғанына Ресей өкіметі мән бермей, билік сотына күрделі өзгерістер енгізді. Сонын нәтижесінде сайланбалы сот қызметіне қызығушылар көбейіп, ол орынға пара алып, пайдаға кенелу үшін ғана лайықсыз адамдар сайланып жатқанын Н.Н.Максимов дер кезінде жазған еді.<sup>5</sup> Қайта соттың парақор болуы Ресейдің түпкі саясатына қол болғандықтан ондай пәтуәлі сөзге көңіл бөлмеді.

Ресей патшалығы қазақ халқын өз боданына айналдырып, орыстандыру саясатын мықтап алға қойған болатын<sup>6</sup>. Осыларды көре отырып Ұлы Абай:

Бай сейілді,  
Кең пейілді  
Елде жақсы қалмады.  
Елдегі еркек  
Босқа селтек  
Қағып, елін қармады...  
Танымалық,  
Жарымадық  
Жақсыға бір іргелі.  
Қолына алып,

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Избранные произведения. М., 1987, 326-333-б. С. Өзбекұлы. Абай және адам құқы. Алматы. 1995, 5-6-б.

<sup>2</sup> Ш. Уәлиханов. Шығ. жинағы, т. 1, 1961. 305-б.

<sup>3</sup> Л. Ф. Баллюзек, Көрсет. шығ., 134-б.

<sup>4</sup> Қараңыз, ЦГА КазССР, ф. 64, оп. 1, д. 151, л. 113.

<sup>5</sup> Н. Н. Максимов. Народный суд у киргизов. Журнал юридического общества при императорском Санкт-Петербургском университете. 1897, кн. 8. 51-б.

<sup>6</sup> А. Савицкий. Ташкент-один из центров русского востоковедения. "Звезда Востока", 1957, № 15, 118-б.

деп күйіне жырлады <sup>1</sup>.

## Шығыс дерекнамалары

Қазақ құқықтану тарихында ең алғаш рет зерттеліп әрі қазақ әдет-ғұрпы шариатпен салыстырыла отырып, шариаттың қазақ әдет-ғұрып заңдарына әсерін әңгіме етіп отырғандықтан салмағы ауырлай түсетіні, зерттеу-шіге зор жауапкершілік жүктейтіні белгілі. Сондықтан да біз бұл мәселелерге тиісті шығыс тіліндегі материалдарды екшеп, егжей-тегжей танысуымызға тура келді. Осы еңбектің авторының бірі (Н.Өсеров) Құран кітабын арабшадан қазақшаға тәржімеледі. Ол аударма 5 том болып шығып, оқушылар қолына тиді. Қасиетті Құран шариаттың ең бірден-бір қайнар көзі, негізгі дерекнамасы болып табылады. Екінші бір дерекнамасы болып табылатын Мұхаммед пайғамбарға тиесілі хадистер /сунна/ да көзімізден таса қалмады. Әсіресе, әл-Бұхаридің 4 томдық хадистер жинағынан көп үлгі алдық. Жайлы өмір болса, осы әл-Бұхаридің хадистер жинағы қазақ оқырмандары қолына алдағы кезде тиіп те қалар. Одан басқа әл-Виқая, әл-Хидая, шарх шариат-ул-ислам, ислам тарихы, дін тәртіптері хақындағы сан ғасырлар бойы жазылған кітаптарды ақтарып, Қазан, Ташкент, Уфа қалаларында басылған көптеген кітаптармен бір қатарда шар-иат және ислам жайында кеңес өкіметі тұсында жарыққа шыққан әдебиеттерді де ұмыт қалдырмадық.

Ондаған жылдар бойы зерттеу үстінде билердің де билік шешімдерін, көптеген ру-ата шежірелерін ел аузынан жинап алған жайымыз бар еді. Шариат және әдет-ғұрып заңдарының шешімдеріне зер салған шақта осы деректердің, билік шешімдердің көп пайдасы тиді.

Шариат заңдарының дерекнамалары негізінен Құран мен сунна, иджама, қияс және әдет-ғұрып заң нормаларынан құралады. Бұл жүйе VIII—XI ғасырларда әбден екшеліп, қалыптасты. Құран-арабша мағынасы "оқылатын нәрсе", "кітап" болып кейіннен жазылған. Ол Алла тағаланың Жебрейл періштесі арқылы сүйікті пайғамбары Мұхаммедке 23 жыл бойына бөлік-бөлігімен көктен түсір-

<sup>1</sup> Абай. Шығ. "Мөр" баспасы, Алматы, 1994, 134-135-б.

іліп отырған суралар жиынтығы. Сол себепті Құранды "Құран кәрім", "Алланың сөзі", "Қасиетті кітап" деп атай береді.

Құранның діни жағынан алғанда алдына қойылған мақсаты арабтардың арасында өмір сүрген пұтқа табынушылықты, мәжәусилікті түбірімен қопарып жоқ ету, олардың имандылық қасиетін оятып, заң-қағида және діни ғұрыптарында жақсы ізгілікті жақтарын қалыптастыру, сол секілді яһудийлердің дінінің қайшы жақтарына қарсы тұру, Алла тағаланың бүкіл жер бетіндегі құлдарын адастырмай тура жолға салу болып табылады.

Саяси тұрғыдан алғанда Құран арқылы жаңа дінді таратып, жалғыз Аллаға ғана құлшылық қылуды, рухани және азаматтық құқықтарды біріктіре отырып, тағдыр мен ерікті тек Аллаға байланысты ету арқылы мұсылмандарды бағындыру еді. Осы негізде жаңа дінге "ислам" деген ат беріліп, оның мәні-жаратушы хақ тағаланың еркі мен өміріне бас июшілер дегенді білдіреді. Құран Мұхаммедтің тірі кезінде кітап болып жинақталмаған. Аяттан тұратын суралар оның жолын қуушылар арасында тұтас-тұтас күйінде таралған еді. Діни мәліметтерге қарағанда Мұхаммед пайғамбар өзінің көзі тірісінде сахабалары мен өзінің жолын қуушыларға Құран аяттарын неғұрлым молынан жаттап алуға шақырып, неғұрлым көп жаттап, жатқа біліп алушылар қиямет күні Алла тағаланың мейір-шапағатына бөленіп, зор сыйлықтарына ие болады деп сендірген. Сол дәстүр әлі күнге жалғасып, осы күндердің өзінде арамызда Құранды түгелімен бастан-аяқ, ешқандай қатесіз жатқа айтушылар кездеседі. Оларды халық қари деп атайды. Арабтардың басым көпшілігі сауатсыз болғанына қарамастан Құран мәтіндері ешқандай өзгерістерге ұшырамай бастапқы қалпында сақталды. Рас, ислам діні тез қанат жайып, бүкіл Арабстанға таралуына орай, жергілікті диалектілердің әсері болуы ықтимал.

Құранның мазмұнына келсек, негізінен мұсылмандық, тұрмыс-тіршіліктің барлық тармақтарын қамтиды деуге болады. Былайша айтсақ, рухани, азаматтық және қылмыстық заңдарға, әкімшілік, саяси және шаруашылық қағидалары мен шешімдеріне, қоғамдық және жеке меншіктік тұрмыс нормаларына, жалпы мемлекеттік құрылыс пен халықты басқару жүйелеріне тоқталады.

Біздің зерттеуіміздің арқауы қазақ әдет-ғұрып заңдарына шарияттың тигізген әсері болғандықтан Құранға

қосымша қайнар көздер ретінде төрт түрлі: хадис, иджма, қияс және әдет-ғұрып болғандығы туралы кейбір мағлұматтарды беруді ретті деп таптық. Хадис-Мухаммед алейһис саламның айтқан нақыл сөздері мен уағыздары жеке және қоғамдық мәселелер мен тұрмыс-тіршіліктегі өзінің кейбір іс-әрекетінің үлгілерінен, шешкен шешімдерінен, т.б. тұратын жиынтық. Бұл жиынтықты «сунна» деп те атай береді. Бұл жиынтық материалдары негізінен: бірге жүріп-тұрған жолдас-жоралары мен туыс-жекжаттары, т.б. тарапынан айтылып, солардан жазылып алынған. Мысалы, Әбу һурайра-Мұхаммедтің өте жақын досы болса, ибн Аббас-Мұхаммедтің немере ағасы, ибн Омар-Омар халифтың ұлы, Жәбир ибн Абдулла, Әнес ибн Мәлік-Мұхаммедтің сахабалары және Айша-Мұхаммедтің жесірі, т.б. көп хадистерді бізге жеткізушілер.

Әлидің тараптастары хадистерге онша көп мән бермегендіктен сунниттерден бөлініп, өз алдына шииттік топ құрады. Қазір сунниттер бас иіп, екі етпей орындайтын хадистер саны — алтау. Сунниттер бұл 6 жинақты /оны жазушылар: Әбу Абдолла әл-Бұхари, Муслим Нишан-ури, Дәуіт Сижистани, ат-Тирмизи, ан-Нисаи және ибн Маджжа Казурини/ дұрыс айтылған 6 кітап дейді. Иджма-бұл алғашқы 4 халифтың тұсында Құранды түсіндіріп, оған сүйене отырып азаматтық және рухани тұрғыдан шығарған қағида-ережелер жинағы (ескерту: бұларды шииттер мүлдем қабылдамайды).

Қияс-Құран, хадис және иджмаға сүйене отырып шығарылған әрі мұсылман заңгерлерінің бірауыздан қабылдаған шешімдер мен қағида-ережелерінің жинағы.

Әдет-ғұрып — (бұл екі сөз де араб сөздері, қазақ тіліне еніп кеткен) ежелден қалыптасып, қоғамда қолданылып жүрген қағида-ережелер. Бұл жазылмаған, бірақ қоғам мүшелері екі етпей орындауға жататын қағида-ережелер жинағы. Ислам діні әдет-ғұрып заңдарын кері итеріп тастамай, оларға исламдық түр-сипат берді. Өз кезегінде бұл әдет-ғұрып заңдары да исламның шариат заңдарына қарама-қайшылық келтірмей, қайта діни сенімдерді қорғап, оны таза сақтауға жәрдемдесті. Болса да исламға кереғар жақтары ығыстырылды.

Міне, осы 4 қағида-ережелер жинағымен қоса қасиет-ті Құран сунниттер тобы мұсылмандарының құқықтану ілімінің негізін құрайды. Зерттеу барысында түрлі діни ағымдардың өзгешеліктерін айтып беріп, қағида-ережелерін көрсетіп отыруға көңіл аудардық.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарына тиісті дерекнамалар шығыс зерттеушілердің еңбектерінде кездесіп отырады. Атап айтқанда, олар: Әбу-л-Қасым ибн Хаукалдің "Китап әл-Масалик уәл Мамалик", Әбу-л-Фарат Кудами ибн Жафардың "Китап хараж", Шамс ад-Дин Әбу Абдоллаһ ибн Ахмед ибн Әбу Бакр әл-Мукаддасидің "Китап ахсан ат-Тақасим фи марифат әл-Ақалим", әл-Идрисидің, әл-Якубидің, әл-Жаһиздің, әл-Маруазидің, Әбу Дулафтың, т.б. еңбектерінде беріледі. Бұл заң шешімінің негізгі желілері: бір-біріне көмектесу, көсемін сайлау, мұрагерлік заңы, туыстарына үйленбеу, ұрлық-қарлықты тыю және т.б.

### Мұрағаттық құжаттар

1917 жылғы қазан революциясына дейінгі қазақтардың әдет-ғұрып заң нормалары мен құқықтық және мемлекеттік актілері жайлы көптеген маңызы бар деректер Еуропа мен Азия елдерінің мұрағат қоймаларында, сол секілді Ленинград, Мәскеу, Қазан, Орынбор, Ташкент, Алматы, Омбы, т.б. жерлердегі мұрағат қоймаларында сақталған. Өркениетті адамзаттың бір бұтағы-қазақтардың да өткен өмірі сан алуан, бұлдыр сағымға айналған сан ғасырларды қамтиды. Қазақ әдет-ғұрып нормалары бірте-бірте жетіле түсті. Қоғам ішіндегі дау-жанжалдар, әр түрлі әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер әбден қалыптасқан түрлі қазақ тайпалары мойындаған әдеттік заң нормалары арқылы реттеле басталды. Түбегейлі ережелерді қабылдауда халық кеңесі шақырылған. Бұған әрбір тайпаның, әрбір рудың өкілдері қатысқан. Бұл әдет-ғұрып, заң нормаларын "төрелік", яғни "ата-баба жолы", "ереже", "заң", "жөн-жосық", "жарғы" деп атаған. Сондай ірі заңдардың бірі — "Оғыз ханның заңдары", яғни Түркістан ақсақалдарының шешімдері. Бұл заң тұрмыс жағдайының ыңғайымен мал жағдайына қарай көшіп-қонуға үндеген. Хан ең жоғарғы билеуші, ал төре, бек, тархан, т.б. атағы барлар ел басқарған. Міне, осындай ежелгі қазақ "ақсақалдар ережесі" Түркиядағы Сулаймания кітапхана қорында сақтаулы көрінеді. Зерттеуші М.Ф. Усмановтың айтуынша Еуропа мен Азия елдерінің мұрағаттарында қазақ халқына тиісті мыңнан астам құжаттар сақталған

екен<sup>1</sup>. Бұлардың көпшілігін пайдалануға біздердің мүмкіншілігіміз болмады.

1824 жылы Омбының уақытша комитеті жинаған қазақтың әдет-ғұрып құқықтары жайлы деректер мемлекеттік орталық тарихи мұрағатының Сібір комитеті атты қорында сақталған<sup>2</sup>. Бұл материалдарды жинауға орыс шенеуніктерімен бірге қазақтың билері, сұлтандары, молдалары бірге қатысқан. Бұл материалдар қазақ ғалымдары тарапынан 1948 жылы Алматыда басылып, оқушыларға ұсынылды<sup>3</sup>. Біз бұрынды-соңды еңбектерімізде бұларды пайдаландық.

Қазақстан мемлекеттік орталық мұрағатында Орынбор қазақтарының облыстық басқармасының 1790—1868 жылдар арасын қамтитын құжаттар, Орынбор шекаралық комиссиясының шенеуніктері тарапынан жиналған материалдар сақталған<sup>4</sup>. Ол да 1948 жылы алғаш рет оқушылар қолына тиді.<sup>5</sup>

Өскемен, Қарқаралы, Ақмола уездері мен Жетісу облысы қазақтарының әдет-ғұрып құқықтарының мәселелері туралы құнды материалдардың көпшілігі мұрағат көмбелерінде әлі жарық көрмей, шаңға көміліп жатыр<sup>6</sup>. Сол секілді қазақ әдет-ғұрып заңдарын зерттеуге аса қажет материалдар Омбы облыстық басқармасы қорында<sup>7</sup> және Өзбекстан мемлекеттік орталық мұрағатының Сырдария облыстық қорында<sup>8</sup> сақталған. Сырдария облыстық басқармасының қоры да, яғни 1867—1917 жылдар аралығын қамтитын дерекнамалар сонда, яғни Өзбекстан мемлекеттік орталық мұрағатында<sup>9</sup> сақтаулы.

1790 жылдан 1917 жылға дейінгі жиналған қазақ өмірі мен әдет-ғұрыптарына арналған материалдар Қазақстан мемлекеттік орталық мұрағатында сақталған. Атап айтсақ, солардың арасында Бөкей ордасын басқарудағы уақытша кеңестің (1818—1918) және Орынбор қазақтарының облыстық басқармасының (1790—1868), Омбы облыстық басқармасының (1821—1838)<sup>10</sup>, Ақмола облыстық басқармасының (1851—1920), Сібір басқармасының (1826—

<sup>1</sup> "Қазақ әдебиеті". 16 сәуір. 1996.

<sup>2</sup> ЦГИА Ленинграда. Ф. 1. оп. 214. лл. 90—131.

<sup>3</sup> МОП. Алматы, 1948, 29 — 69-б.

<sup>4</sup> ЦГА КазССР, ф. 4. д. 2794, 2798.

<sup>5</sup> МОП, 73—158-б.

<sup>6</sup> ЦГА Каз.ССР. ф. 64. оп. 1. дд. 4236, 5089, т.б.

<sup>7</sup> Сонда, ф. 338. оп. 1. д. 325.

<sup>8</sup> ЦГА Уз.ССР, ф. 17, оп. 1, д. 4050.

<sup>9</sup> Сонда, ф. 17, 32327 ед, хр.

<sup>10</sup> ЦГА, КазССР фонды 78,338,369, 374 т.б.

1857) т.б. қорлары бар. Міне, осы қорлардағы неше мыңдаған іс қағаздарын бір адамның ақтарып қарап шығуы мүмкін емес. Сондықтан біз оның ішінен зерттеуімізге ең қажетті деген материалдарды ғана пайдаландық.

Қазақстанның 1575—1584 жылдарын қамтитын патша мұрағатының 38- жәшігінде "Қасым хан тұсындағы қазақтар жөніндегі кітаптар мен тізімдер"<sup>1</sup> сақталған. Осы жәшікте Қазақстанға жіберілген жансыздардың, саудагерлердің, жиһанкездердің, елшілердің қойылған сұрақтарға берген жауаптарының мәжілісхаттары да болған. Сол секілді құпия жіберілген деректер де болған. Осылардың көпшілігі тарихи құжаттар жинақтарында жарық көрді<sup>2</sup>. Сол секілді билер съезі қараған материалдар да мұрағат сөрелерінде жатыр<sup>3</sup>. Әсіресе, ХІХ ғасырдың екінші жартысына қатысты билердің шешімдері Қазақстан мен Өзбекстан мұрағаттарында өз зерттеушілерін күтуде.

### Қолжазба қорлары

Қолжазба қорларында біздің тақырыбымызға байланысты көптеген құнды дерекнамалар кездесті. Біз мақсатымызға жету үшін Мәскеу, Ташкент, Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Алматы секілді қалалардағы бай кітапхана қорлары мен мұрағаттарын пайдаланумен бірге қазақ ауыз әдебиеті үлгілерімен танысу қажеттігін түсіндік. Әр кезде қызмет бабымен облыстарды аралап, экспедицияларға шыққанымызда ескінің көзі, көзенің сынығы іспетті құйма құлақ қариялармен сұхбаттасып, олардың пікірлерін жазып алғанбыз. Әдет-ғұрып заңдарын мықты білген билер мен жырау-шешендердің билік-шешендік сөздерін жинадық. Сол секілді мерзімді басылымдарда оқтын-оқтын жарияланған материалдарды да көзімізден таса қалдырмадық. Соның нәтижесінде әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізге тікелей қатысы бар көптеген деректер қолымызға топталды. Солардың арасынан Қызылордадан табылған "Жеті жарғының" жаңа нұсқасы мен Ералы Саққұлақ шешеннің жазбаларын ерекше атауға болады.

<sup>1</sup> "Акты, собранные археологической экспедицией", т. 1, СПб., 1836, 289-б.

<sup>2</sup> "Казахско-русские отношения в XVI—XVIII вв." 5-14-б.

<sup>3</sup> ЦГА КазССР, ф. 44, оп. 2, л. 3320, ф. 44, оп. 6, л. 1203 сонда. л. 3051, т.б.

"Жеті жарғының" бұрын ғылымға белгісіз бұл жана нұсқасын негізінен кейінге жеткізгендер: Шантайұлы Молдыйман, ақын әрі атақты шежіреші, шешен кісі болған. 1846 жылы бұрынғы Сырдария губерниясы, Қазалы уезі, "Қарабас тоғай" болысының бесінші аулында туып, 1927 жылы дүние салған; Көлдейбекұлы Ерімбет ақын, шежіреші, 1844 жылы бұрынғы Сырдария губерниясы, Қазалы уезі, «Қалыңбас» болысы, сегізінші аулында туған, 1916 жылы дүниеден өткен; Орманұлы Тоқболат, тарих жинаушы, ол да Сырдария губерниясы, Қазалы уезі "Қорғанша" болысының екінші аулында 1865 жылы туылып, 1931 жылы дүниеден қайтқан.

Осы көненің көзі, өткен тарихымызды тани білген қарттардың жазып қалдырған құнды мұраларын жинап, көзінің қарашығындай сақтап, бізге тапсырған Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы қыстағында тұрған, марқұм Қайнарбайұлы Әлқуат. Бұл кісі қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, тарихын, шежіресін молынан білетін, ескіше өте сауатты кісі еді. Ол кісі бұл қолжазбамен бірге қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, Кіші жүз батырлары жөнінде деректерді де тапсырды. Бұл қолжазбалар қазір өзіміздің қорымызда сақтаулы.

Ералы Саққұлақұлының (1846—1932) жазып қалдырған қазақ халқының ескі заң, жол-жораларына байланысты қолжазбасын бізге тапсырған — Семей педагогикалық институтының тіл-әдебиет кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Тұрсынбай Ерғалиев.

Бұл жазбалар қазақтың әдет-ғұрып заң нормаларын, әсіресе Тәуке ханның "Жеті жарғысын" оқып-үйренуде өте маңызды. Мұндай қолжазбалар әлі де болса бұрын-ғы би, атақты шешен, қожа-молдалардың үйінде сақталып жатуы әбден ықтимал. "Жеті жарғының" тағы бір нұсқасын "Ана тілі" газеті 1990 жылғы 19 сәуірде жариялады.

"Жеті жарғы" жайлы әңгімеге орай төмендегі екі мәселені оқушыларға айта кетуді жөн көрдік. Өйткені олар — зерттеушілер әлі күнге шешпеген, таласты мәселелер. Тәукенің әкесі Жәңгір хан 1652 жылы қалмақтармен ұрыста опат болғаны тарихтан бізге мәлім. Оның Апақ және Тәуке атты екі ұлы болды, әсіресе Тәуке жасынан саясатқа өте жақын болып, әкесі көбіне оны елшілікке жіберіп отырған<sup>1</sup>. Әкесі Жәңгір хан өлгеннен соң Тәукенің хан көтерілетіндігіне дау болмаса керек-ті. Бірақ

---

<sup>1</sup> С. Г. Кляшторный., Т. И. Султанов. Летопись трех тысячелетий, Алма-Ата. 304-б.

ол бірден үш жүзге хан сайланбауы мүмкін. Тарихта ол үш жүзге тек 1678 жылы ғана хан болғаны белгілі. Тәуке ақылы әбден толысып, үш жүзге белгілі болғаннан соң таққа отырса керек. Тәуке кейін үш жүз түгіл қырғыздар мен қарақалпақтарды да өзіне тартып, Кіші жүзді күшейту жолында ірі қадамдар жасағаны да тарихта белгілі.

"Жеті жарғыны" түзуге Төле, Қазыбек және Әйтеке билердің қатысқаны мәлім. Төле би 1660 жылы туылып, 1750 жылдары өлген<sup>1</sup>, қаз дауысты Қазыбек 1667 жылы туылып, 1764 жылы өлген<sup>2</sup> деп, ал Әйтеке бидің туылған да, өлген де жылдары белгісіз болып келген еді. Таяуда жазушы Нәбиден Әбуталиев "Ордабасы Қожаберген" атты еңбек жариялады. Сонда:

Өткен жыл Әйтеке би дүниеден өтті,  
Келгенде елу алты жасқа ажал жетті.  
"Бағыну бір көсемге дұрыс қой!" — деп,  
Боларын осы апаттың болжап кетті" —

деп, "Елім-ай" дастанында "Ақтабан-шұбырынды" мезгілін, қазақ елі жақсы көсемсіз екенін айтады.<sup>3</sup> "Ақтабан-шұбырынды" нәубеті 1723 жылы болса, онан бір жыл алдын, яғни Әйтеке 1722 жылы 56 жасында дүние салса, туылған жылы 1656 жылы болады. Әрине, бұл дерек әлі де болса зерттеушілер тарапынан анықтала жатар.

Қазанған Байболұлы "Төле бидің тарихы" атты дастанында "Жеті жарғыны" сөз етіп, оның жеті институтын былайша береді:

Жер дауы баяндайтын біріншісі,  
Ру, қоныс пен меншіктісі.  
Иеленген жеріне жанжал болса,  
Біреуге басымдық қып озбыр кісі.  
    Үй іші мен баланы тәрбиелеу,  
    Болған жосық заңының екіншісі.  
    Ұрлық, қарлық барымта үшіншісі,  
    Баян етер бәрін де білген кісі.  
Төртінші боп саналған мынау заңы,  
Бір халықпен басқа ру болса дауы.  
Ұлтын жаудан қорғамақ — бесінші бұл,  
Алтыншы, жетінші — құн, жесір дауы.

Сонымен «Жеті жарғы» тұжырымдай айтқанымызда жеті дау, жеті шешім дегенді білдіреді.

<sup>1</sup> Б. Адамбаев. Төле би. "Жұлдыз", 1972, 1.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Н. Әбуталиев. Ордабасы Қожаберген. 1995, 71—72-б.

## КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ: ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫ ЖӘНЕ ШАРИАТТЫҢ ӘСЕРІ

Қазақ тарихы туралы талай еңбектер жазылды, жазылады да. Кеңес дәуірінде жарық көрген, екі рет ба-сылған көп томды Қазақстан тарихын, одан басқа да көлемді, құнды басылымдарды, зерттеулерді айтпағанда, соңғы жылдардың өзінде бірталай еңбектер жарияланды. Солай бола тұрса да ашылмаған тарих сырлары мен беттері әлі де аз емес. Сол еңбектердің бәрінде де қазақ елі ежелден көшпелі ел қатарында саналады, талай дәуірден өтсе де қазақ халқының көшпелі салты сақталынды делінген. Сонымен бірге көшпелі елдің әдет-ғұрып, ереже-заңдары негізінен кешегі ХХ ғасырдың басына дейін сақталып келген.

Көшпелі қазақ қоғамы және әдет-ғұрып заңдарының қалыптасуын сөз еткенде, қазақ қоғамының өткен тарихы жазба деректерге кеміс болғанымен ауыз әдебиетіне өте бай. Соның бір көрінісі — шежіре. Қазақ халқының ежелгі замандағы озық, ойлы да білікті азаматтары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ата-бабалар шежіресін, өзінің ұлттық генеалогия тарихын жазып қалдырып отырған. Өзінен бастап жеті атасын білдіру әрбір ата-ананың дәстүрлі парызы болған. Мұны таныту ата-ана әліпшесінің басталуы болатын. Халық арасында бүкіл қазақтың жетпіс жеті атасын тарататын шежірешілері де болған. Олар тек қана атадан бала туылуын қумай, қазақ халқының басынан өткен ірі тарихи уақиғалардан бастап, әрбір жәйттерді бүге-шігесіне дейін айтып отырған. Қазақ шежіресін тарихтың бір көзі деп таныған жөн.

Қазақ халқының тарихына қатысты жеткені мен әттегене-айларын қашанда құқықтық заңдары мен әдеттік қағида-ережелері де көрсетеді. Өйткені құқықтың қоғамда араласпайтын жері жоқ. Қашанда халықтың шыққан биігін, рухани және экономикалық жеткен жетістігін сол қоғамның мемлекеттік құрылымы, географиялық мекенжайы, діні мен тілі, салт-дәстүрі, мәдениеті мен шаруашылық кәсібі анықтайды. Қазақ халқының құқықтық заңдары түркі тектес туыстас халықтардың арасынан өзгешеленіп, өзінше сипат алады. Бұл қағида-ережелер сан ғасырлар бойы өмірдің өз талабымен пайда болып, ұзақ дәуірлер ішінде бірқалыпты саяси экономикалық,

әлеуметтік жағдайларға сай қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, көпшілік сана-сезімінде бекіп орын алған. Осылай өрбіген әдет-ғұрып заң нормаларын біздің ата-бабаларымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып беріп отырған.

Қазақ халқының өз алдына жеке халық болып қалыптасу кезеңі ұзақ даму дәуірлерін басынан кешірді. Туыстас тайпалардың өзара бірте-бірте этникалық тұрғыдан бірігуі нәтижесінде халық болып қалыптасқанында дау жоқ.

"Алаш-алаш болғанда,  
Ала тай ат болғанда  
Таңбасыз тай,  
Еңсіз қой болғанда  
Алаша хан болғанда..." —

деп келетін Алаша хан жайында қалған деректер: "меншікті мүлік қалыптаспаған (тайға таңба баспайтын, қойға ең салмайтын)" ерте заманды елестетеді. Қазақ шежіресі бойынша Алаша — қарадан шыққан хан әрі "алты алаштың" ұйымдастырушысы. "Қазақ совет энциклопедиясында": "Алаш, алаш мыңы — ежелгі қазақ тайпаларының алғашқы қауым болып біріккен одағы", "қазақ" деген бұрынғы елдің жалпы аты"<sup>1</sup> деп тұжырымдайды.

Алаша хан осы күнгі үш жүзді құраған тайпаларға ең алғаш еңшісін, жер-қоныстарын, таңба-ұрандарын бөліп беріп, әскери заң қабылдаған ірі мемлекет қайраткері болған деген де деректер бар. Тегі Алаш ләшкері "қасқа — қатал, досқа — адал" болып, қастасқан жауын аямаған.

Ол заманда әйелдер де жорыққа ерлерімен бірге қатысып, ерлік көрсеткендері жайлы деректер өте көп. Солардың қатарына Тумұрыс пен Зарина аналарымызды жатқызсақ болады. Тумұрыс анамыз парсы патшасы Кирді өлтіріп, өз қанына өзінің басын салып: "Сен анаңнан қан уыстап туған қанішер сорлы едің. Тыныш жатқан елімді шауып, жайсаңдарымды өлтіріп, жазықсыз қандарын төктің, аруларымды тұл әрі жесір еттің. Сол үшін енді өз қаныңды өзің тойғаныңша ішіп жата бер" деп жаздырғанын немесе Іскендір Зұлқарнайынның осы біздің ата-бабаларымыздың Қаратау маңында қатты соққы жегенін айтсақ та жеткілікті.

Ежелгі ата-бабаларымыз "көк тәңірісіне" табынып, әруақтарға бас иген. Олар үшін құрбандықтар шалып,

<sup>1</sup> ҚСЭ, 1-том, 247-б.

өлгендерін киімімен, қару-жарағымен, ас-тағамымен жерлеген. Оны археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында дәлелдеп беруде.

Әрбір бірлестікті өздері сайлаған хандары басқарған. Хандық билік мұрагерлік жолымен атадан балаға ауысып отырды. Ханның қасында уәзірлері, билері болып, олар қоғамның көкейкесті мәселелерін талқылады. Хан мен халықты басқарушылар үшін алым-салықтар алынған. Хан өз қоластындағы тайпалардың көш-қонын реттеп, даулы мәселелерін билерімен бірге отырып шешті. Хан ордасы жанында әрдайым қолөнершілер, саудагерлер бірге көшіп-қонып, сауда-саттықты жандандырған. Қазақ даласы "Жібек жолы" аталған керуен жолының қақ ортасында жайғасты.

Сол дәуірдегі ата-бабаларымыз туралы деректерде: бұлар мал бағып, көшпелі тұрмыспен күнелткен. Еркектері күмістелген ертоқым салып, салт ат мінген. Әйелдері алтын, күмістелген алқа, шашбау, білезік, сақина салған. Жүннен киімдер тоқып, киіз басумен айналысқан дейді.

Сол секілді араб жазбаларында (Ибн, Әбу Параз, Ал-Мұхаддаси, Ал-Идриси, Ал-Муарази, Әбу Дулаф, т.б.) ата-бабаларымыздың әдет-ғұрып заңдары, тұрмыс тіршілігі жайлы айтылады. Бұл әдет-ғұрып заң нормаларын олар "төрелік", "жарлық", "ата-баба жолы", т.б. деп атаған. Сондай ірі заңдардың бірі "Оғыз ханның заңдары" немесе "Түркістан ақсақалдарының шешімі" делінеді. Бұл заң-шешімнің негізгі мәні: тұрмыс жағдайына лайықты көшіп-қону, бір-біріне көмек көрсету, көсемін сайлау, мұрагерлік заңы, туыстастарына үйленбеу, тәртіпсіздікті болдырмау, ұрлық-қарлықты тыю, т.б. Атам заманнан бері қарай әрбір рудың өздеріне тиісті таңбалары мен ұрандары болды. Таңбаны ірі қара малға темірді қыздырып, дақ түсіру арқылы басқан. Ен уақ малдарға салынған. Аталған заңдарда "қанға — қан, жанға — жан" дәстүрі қатаң сақталған.

VIII-XIII ғасырларда бұл тайпаларға ортақ, әдет-ғұрып заңдары жетіле түсті. Бұл нормаларды "жөн", "жөн-жосық" қағидалары деп атаған. Өзіндік сипаты бар бұл кодекстер: жаугершілік жөні, құдалық жөні, елшілік жөні, өлім-жітімді жөнелту жөні, отбасылық қағидалар жөні, т.б. бөлініп өз кезегінде "жөн-жосықтарға", ал олардың қолданылуы мен жүзеге асуы "реттерге" бөлінген. Рет бұзылса, жосық жойылып, жөн жүйесіне нұқсан келеді. Ел аузындағы "бұл жөн", "бұл жөнсіз", "мынау ретті", "мынау ретсіз", "жөн білетін", "мәселенің жөні", "жөн-

жосықсыз тиісу", т.б. тіркес сөздер содан қалған.

Осы дәуірде қазақ тайпалары арасында билік өнер күшті дамыды. Қоғам ішіндегі талас-тартыс, дау-жанжал билер тарапынан шешілді. От ауызды, орақ тілді билер көптеп шыға бастады. Әрбір рудың өз намысын жыртар билері болғаны даусыз. Билік тұқым қуаламаған. Билердің негізгі мақсаты қылмыстыларды жазалап қана қоймай, қылмыстың алдын алуға, ел тыныштығын қорғап, екі дауласушы жақты татуластыруға күш салғаны, билер істі әрдайым әділ шешкені әңгімеге арқау болған.

Билік өнер саналып, би тек заңгер емес, ақыны да, жырауы да, өз елінің тарихын көп білетін шежірешісі де, кейде ақылгөйшісі дәрежесіне дейін көтерілген. Билердің билік айту тәжірибесі, қараған істерінің саны мен сапасы жинақталған сайын арта түсіп, бұл тәжірибе қорытындыларын бір жерде бас қосып, мәжіліс жасап, тәжірибе алмасып, талқылап, қоғамға ең қажетті, дұрыс, ақылға қонымды шешімдерді үлгіге алып, жалпы ереже ретінде қабылдап отырған. Атақты билердің шешімдері басқаларына үлгі-өнеге, көрсеткіш бағдар қызметін атқарды. Мұндай билік шешімдер халық аузында кеңінен айтылып, жадында ұзақ сақталған. Осы күндері баспадан шығып жатқан "билік-шешендік сөздердің" көптігі осылардың куәсі.

Сайып келгенде "билер кеңесі", "ақсақалдар мәжілісі", т.б. заң шығарушы органның қызметін атқарды. Билер дауды ақылға салып, бұрыннан келе жатқан, бүкіл халық қолдап-қуаттаған жол-жораларға сүйене отырып шешкен. Осы қалыптасу кезеңінде қазақ тайпалары мұсылман дінінде болғандықтан, бұл шешімдер Құран талаптарына қарама-қайшы болмай, қайта ондағы талап-тілектермен астарласып жатты. Афоризмдік сөздер, мақал-мәтелдердің көбейе түсуін осы билердің билік шешімі әсерінен десек ағат айтпаған болар едік. Мысалы, "алдыңа келсе, әкенің құны болса да кеш", "бір қойдан екі тері ірелмейді", "иілген басты қылыш кеспейді", "қысас-қа қан, оқысқа құн", "әділ билік алтын таразы", "сорлаған қан, сойдақталған із", "тура биде туған жоқ", "қысқа жіп күрмеуге келмейді", "арадан шыққан жау жаман", "қара қылды қақ жарған", "үй баласы болма, ел баласы бол", т.б.

Қазақ — сөз қадірін өз қадірім деп ұққан, білген халық. Кез келген қазақ сөзге тоқтаған. Өз тарихын да, тағдырын да, тәлім тәрбиесін де, заңын да, даналығын да, қуа-

нышы мен қайғысын да аз сөзге сыйғызған халық. Осындай тәрбие көзін берушісі де билер. Биді байлық та, барлық та қызықтыра алмаған. Би — таразы басын тең ұстап, қара қылды қақ жарушы. Олар халықтың әдет-ғұрып, дәстүрін көп білуімен, сөз таласында шешендігімен, даулы істі қарағанда тапқырлығымен көзге түскен. Өйткені билік шешімге екі жақ та разы болуы керек. Жеңілген де, жеңген де әділеттікті мойындауы тиіс. Әйтпесе, ол әділ билікке жатпайды. Билік шешім, тек бір жақты болса, онда іс әділетсіз шешілді деп саналып, бидің беделі көпшілік алдында күрт кемиді. Ал әділеттікпен шешіліп әрі нақыл сөздермен түрленген қағидаларға толы болса, онда ол ел арасына сот прецеденті ретінде тарап, басқаларға үлгі-өнегеге айналады. Билер сотының шешімі тек әділдікке негізделген және құқық жасау сипатына ие болған.<sup>1</sup> Би істі қарағанға дейін, дауласушы екі жақ, өзара сыйлы ақсақалдар алдында бітімге, келісімге келулері мүмкін. Бұл әдеттік құқықта «салауат» деп аталады. Мұнан соң істі билер қарамаған. Бітімге келгеннен соң, қайта қарауға ешкімнің де құқы болмаған.

Бұл дәуірлерде шариаттың азды-көпті әсерін алған қазақ әдет-ғұрып заң нормалары феодалдық заң мәнінде болып, патриархаттық-рулық тұрмыс-халіне, сонымен бірге үстем таптардың мақсат мүддесіне қызмет етті. Үстем тап өкілдерінің бұқара халыққа қарағанда шексіз құқықтарға ие болу процесі күшейе түсті. Әсіресе, олар жерді иеленуде, артық құқықтарға ие болуда, т.б. көзге түсті. Әдеттік дәстүрдегі жақсы заңдарды (жылу, асар, жұртшылық, т.б.) бай феодалдар өз игілігіне айналдырып, "асар" деп кедей туыстарына тегін шыңырау құдықтар қаздырып, жұмыстарын істетсе, "құн төлеп кедейленген бай балалары үшін", "жылу" деп мал жинады.

Үш жүзге бөліну процесі ұзақ ғасырларды бастарынан кешірді. Этнографиялық (құқықтық тұрғыдан емес) тұрғыдан қарағанда "жол", "жолы", "аға-баласы", "үлкенді сыйлау" ретімен, Ұлы жүз өз арасында "жол", "үлкендік" принципін сақтай отырып, "ең кіші жол иесі" Орта жүз бен Кіші жүзге үлкендік ете алады. Өз кезегінде Орта жүз де осы принципті жолмен өз ішінде құрметке ие бола отырып, Орта жүздің ең жолы кіші руы Кіші жүзге ағалық ете алады. Өз кезегінде Кіші жүздің рулары арасында да осы принцип сақталады.

<sup>1</sup> С. З. Зиманов. Көрсет. шығ., 1958, 196-б.

Бұл "үлкендік жолының" артықшылықтары мына жәйттерде өз күшіне ие болады: әскери тәртіп бойынша орындар берілгенде; үйге енгенде, мәжілісте отыру орындарының белгісі ретінде; соғыс олжасын бөліскенде; қонақ етіп күтілгенде, ойын-тойда, аста берілетін сыбаға-лар мен бәйге, олжалардан алынатын сый-сыяпаттарда т.б. Осы айтылған жәйттерде шарттар бұзылса, онда дау шығып, осы көрсетілген рет бойынша айыпты жазаланады. Бұл тәртіп ертеден басталған болуы керек. Өйткені үлкендік принциптің ауқымы кең, қолдану диапазоны да аса үлкен.

Қазақтар ауыл-ауыл болып көшті. Ауылдық қауым ата баласынан құралып, оның экономикалық негізі кісінің еңбегіне негізделген ұсақ шаруашылығының малға жекеменшігімен ұштасып отырған қауымдық жер иелену болды. Ауылдық қауымның жайылымдық жерлері жеке шаруашылық арасында бөлінбеген, бұл жайылымдарды ортақ пайдаланатын. Ал, қыста қыстайтын қыстаулары жекеменшік болып табылатын. Ондағы қора жай, үй, құдық, т.б. әркімнің өзіне ғана тиісті еді. Ал, өзен, көл, арық сулары жекеменшікке жатпады.

Қазақ халқының негізгі қайнар көзі болып табылатын арғы тегі-тайпалардың нәсілдік белгілері: тілі, психологиясы, мәдениеті, тарихы біркелкі болып өзара жақын қалыптасты. Соның нәтижесінде тағдыр қалай сүйрегеніне қарамай, өзара құда-жекжат болып, аралас-құралас бірге жасауы міндетті түрде саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан байланыстарын бекіте түсті. Тайпалық айырмашылықтар бірте-бірте жоғалып, халықтық қасиеттер молая түссе де экономикалық, мәдени тұтастықтар және тіл мен ділдегі ұқсастықтар қазақ халқының қалыптасуына әкеліп соқты. Бұлардың күнделікті тұрмыс тіршілігінде, отбасында, қоғамда қолданылатын әдет-ғұрып қағидалары ежелден келе жатқан "жөн-жосық", "жол-жоба", "көде-қаумет" секілді жазылмаған, бірақ әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен етене жақын еді. Сөйтіп, басқа көршілес халықтардың әсерін алғанмен қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрі нығая берді, бүкіл қазақ қауымы қолданатын заңдарға айналды. Болса да, қазақ халқы өз әдет-ғұрып заң нормаларының өздеріне жақын, әбден қалыптасқан тұстарын негізімен сол қалпында қалдырып, өзіне тән ерекшеліктерін сақтады.

## Ислам және оның Қазақстанға таралуы

Арабия жарты аралы исламның пайда болған Отаны. Исламның негізін салушы қурайіп тайпасының һашимид әулетінен шыққан меккелік Мұхаммед (ғ.с.)<sup>1</sup>. Ол 570 жылы Мекке қаласында туылған. Жазба мағлұматтарға қарағанда жетім қалған Мұхаммед сауатсыздығына қарамай, өте зерделі болған. 40 жасқа келген шақта пайғамбармын деп уағыз айта бастаған. Мекке ақсүйектері бұрыннан келе жатқан ата-бабамыздың дәстүріне қарсы шықтың деп, Мұхаммедті қудалағандықтан, ол 622 жылы Мәдина қаласына һижра жасайды. Сөйтіп, Мәдина қаласында мұсылмандық қоғам пайда болып, бірте-бірте күшейе бастайды. Көп ұзамай, ислам діні бүкіл Арабия түбегіне жайылады. Мұхаммед 632 жылы қайтыс болады. Мұхаммед өзінен кейін мирасқор дайындамаған болатын. Көп таластан кейін Мұхаммедтің қайын атасы Әбу Бакр халиф болып сайланады. Осы халифалық, билік тұсында арабтар ислам дінін таратамыз деген желеумен басқа жерлерге шабуыл ұйымдастырып, өрісін кеңейте түсті. Басып алған жерлерде арабтар сонымен бірге әсіресе шаруалар мен қолөнершілердің еңбегін дамыту, феодалдық қарым-қатынастарды күшейту жағын көздеді. Мұсылмандықты қабылдағандарға жағдай жасалынды. Исламға өту заңдылығы қиын да күрделі емес еді, тек қана "Лә илаһа илла Алла, Мухаммаду расул Алла" ("Алладан өзге тәңірі жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі") десе болғаны, сонда ол адам мұсылман болып, басқа мұсылман қоғам мүшелерімен тең құқыққа ие болады. Исламды қабылдағандарға жан басы салығы салынбады, жеке иелігіндегі жерлері өздерінде қалдырылды, тіпті бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін де тыймады. Сөйтіп, Мұхаммед өлгеннен соң жүз жыл өтер-өтпестен Еуропа, Азия және Қытайға дейінгі аралықтарды қамтыған мұсылман мемлекеті пайда болды.

Арабтар Мауараннаһрды (яғни, бұл сөз арабша, оның мағынасы: "өзеннің арғы жағы" дегенді білдіреді. Арабтар өзеннің арғы жағы деп, Орта Азия мен Қазақстан аумағын айтады) Әбду Мәлік ибн Маруан (685—705) тұсында жаулап ала бастады. Хорасан билеушісі Кутайба ибн Муслим ішкі қырқыстардан әбден әлсіреген Орта Азияға қоныстанған түркі тайпаларын басып алды. Әуелі

<sup>1</sup> Ғ. С. — діни әдебиеттерде Мұхаммед пайғамбар есімінен соң, "әлейһис салам" сөздері қысқартылып, осылайша беріліп жүр.

Балхты басып алған Кутайба енді Бұхараға ұмтылды. Соғдылар мен түркі тайпалары арасына от салу нәтижесінде Бұхар қаласы алынды. Ауыр шайқастардан соң соғдылардың астанасы Самарқанд қолға түсті. Ішкі қырқыстардан әбден қалжыраған, шаруашылықтары мен экономикасы күйзеліп, әскери күші сарқылған Орта Азиялық тайпалар арабтарға айтарлықтай күш көрсете алмады.

Қарахандар 960 жылы Қарахан елінің мемлекеттік діні ислам деп жариялады<sup>1</sup>. Шағатай тұсында мұсылман діні күшейіп, көшпелі тайпалар арасына, үстем, басшы топтар арасына тез тарала бастады. Сөйтіп, Қазақстан аумағындағы тіршілік еткен тайпаларға ислам діні VIII ғасырдың басынан бастап ене бастады деуге болады. Қазақстанда сол дәуірлерде қалыптаса бастаған феодалдық қарым-қатынастарға ислам дінінің кері әсері болмай, қайта ол феодалдық қарым-қатынастарды жандандыра түсетінін көре білген феодалдық, үстем тап өкілдері ислам дінін қарсы алды. Оның үстіне бір замандары көшіп кеткен, сөйтіп Иран, араб елдерінде тұрмыс-тіршілік жасаған түрік тайпаластарымыз арабтармен бірге қайта оралып, өздерімен бірге ислам дінін ала келді.

Қазақстан аумағында көшіп-қонып тіршілік еткен тайпалардың бұрыннан келе жатқан мәжәусилік шаман діні кеңейе түскен мемлекет талабына, ел басқару ісіне құрал бола алмады. Ал, ислам діні болса, халықты рухани жағынан болсын, саяси жағынан болсын мығым ұстай алатын мемлекеттік дін рөлін атқара алатындығын үстем топтар түсіне бастады. Ислам дінін уағыздаушылар, оның қағидаларын түрік-қазақ халқының ежелгі әдет-ғұрып жолдарына тікелей қарсы қоймай, бірге ұстауды саясат еткен. Соның салдарынан өзара әсері ғасырларға созылған. Мысалы, шамандық дәстүр, "бақсылық" ислам дініне жатпағанмен олар бірден үзілді-кесілді жойылмады. Немесе қазақтардың ең бір ежелден бері қадірлеп-құрметтейтін дәстүрі — ата-баба аруақтарына сыйыну. Қазақтарда өлген адам аруаққа айналып, тірілердің зор құрметіне ие болады. Өзінен кейін қалған ұрпақтарына қалдырған заңқағидаларын, дәстүрлерін үнемі сақтап, бұзбай орындап жүрулерін талап етеді. Ата-баба аруағына қарсы болғандарға ренжіп, әр түрлі ауру-сырқаттар әкеледі, ұрпақтарын өсірмейді деп ойлаған. Сол себепті де қазақтар ата-баба аруақтарын разы етуге ("өлі разы болмай,

<sup>1</sup> Қазақтың көне тарихы. Алматы, 1993. 144-б.

тірі байымайды", "аруақты аттаған оңбайды", т.б.) тырысады. Олардың жолына құрбандықтар шалып, үнемі естерінде ұстайды. Аруақтарды ежелден-ақ қазақтар өлілер мен тірілер арасындағы байланыстырғыш күш ретінде қарайды. Өлгендерге сол үшін де шаң жуытпайды. Біреуге наразы болғанда "аруаққа салдым" дейді. Риза болғанда "ата-бабанның аруағы қолдасын" дейді. Міне, сол аруақ дәстүрін ислам лақтырып тастамай, қайта исламдық тұрсіпат беруге тырысады. Аруаққа атап жұма күндері "Құран" оқылатын болды. Аруақ Алламен екі арадағы бірден-бір байланыстырғыш күшке айналды. Ал, мәжәусілік тұрпайы жақтары (өлгенде ас-тағаммен қою, киімімен жерлеу, т.б.) тез көмескіленіп, жойыла бастады.

Исламда жетпіс үш ағым бар, соның ішінде имам Ағзамдық ағым ең прогрессивті ағым, сол жолды біздің ата-бабаларымыз өздеріне лайық санады. Абу Ханифа жол салған суниттік ағымдардың ішіндегі көнімпаз, басқа халықтардың әдет-ғұрып заңдарының ақылға қонымдыларына бой ұсынғыш болуы себепті ол қазақ тайпаларына да тиімді секілді болды. Сондықтан да қазақтардың әдет-ғұрпы өз кезегінде ислам діні — шариат заңдарын кері итеріп тастамай, қайта феодалдық қарым-қатынастардың жандануына игі әсер ететін жақтарын тез қабылдап алды. Сайып келгенде, екі ағым ұзақ мезгіл бойына қатар өмір сүрді, бір-біріне әсерін тигізді. Ежелгі әдет-ғұрып қағидалары исламдық түр алмай, өзінің бұрынғы болмысын сақтап қалды. Мұны біз әсіресе, дау-дамайларды шешуде билер сотының сақталуынан көреміз. Шын мәнінде, билер билік шешімдерді шариат жолымен емес (яғни, қазылар дайындап, тек шариат заңын ұстанып емес), бұрыннан келе жатқан әрі қалыптасқан өз дәстүрлерімен шешті. Бұлай ету тиімді де еді.

Рас, алғашқыда араб миссионерлері шариат заңдарына түгелдей көшуді үндеп, үгіттеп, насихаттар жүргізді. Бірақ онысынан ештеме шықпағаннан соң әрі олар қазақ тайпаларының тілін, әдет-ғұрыптық заңдарын, тұрмыс-тіршілігін, мәдени жетістіктерін, көңілі мен ниетін зерттеп, әбден танысқаннан кейін, олардың заң нормалары мен сенімі исламның жолына кереғар емес деп түсініп, ал мәжәусілік тұрпайы жақтарын оп-оңай ығыстырып тастауға болады деп ойлады.

Қазақ тайпалары ру-ру болып, өз жақын туыстарымен көшіп-қонуда кез келген мәселені көп болып ақылдасып шешіп отырған. Өйткені "ақылдасып пішілген тон

ешуақытта да келте болмайды", "төртеу түгел болса, төбедегі келеді" деген қағидаларды әрбір қазақ жете түсінген. Ру намысын қолдан бермей, "Бүлінген елден бұлдіргі алма" деген қағидаға ұрынбау жағын қарастырып, тәртіптеріне ерекше мән берген.

Қазақтардың өзіндік сипатқа ие болған ерекшеліктерін сақтай отырып, ел басқару жүйелері мен билік соттары сол себепті де Қасым ханның тұсында күшейтілген, арақидік кей хандар шариат заңдарын өз дәуіріне, өз саясатына сай пайдалануды күшейтуді мақсат етті. Бірақ қазақ халқының гибраты мол құқығы заң нормалары мен моральдық, саяси, мінез-құлық, т.б. тәртіптері ислам дінінің шариатымен қоян-қолтық араласып кете алмады. Мысалы, бұрынғы отбасылық тәртіп айтарлықтай өзгерістерге ұшырамады, тек өлім-жітімдегі діни сипаттар мен некелесу шарттарындағы неке қию, куәлікке жүру, т.б. исламдық сипатқа ие болғанымен, негізінен, көптеген жоралары бұрынғыша қала берді. Дәлірек айтсақ, отбасылық, әменгерлік, жеті атадан бері қыз алыспау, өзара әр түрлі жәрдемдесу дәстүрлері: жылу, асар, жұртшылық, т.б., барымта, өлім-жітімдегі жылап-сықтау, т.б. ислам әсер ете алған жоқ.

Араб миссионерлерінің, әсіресе оңтүстік, қала қонысы аралас аймақтарда әсері едәуір болды. Кей арада олар жартылай көшпелі ортаның "пірлеріне" саналды. Қожалар рухани көсем ретінде ақсүйектер тобына енгізіліп, оларға «төрелер» секілді жеңілдіктер берілді. Мысалы, қожаны өлтіргендер жәй қарапайым адамдарға төленетін құнның мөлшерінен 7 есе артық, сөккені үшін ат-тон айып тартатынын айтсақ та жеткілікті.

Миссионер қожалар көшпелі халық арасына білім таратты. Медреселер ұстап, шәкірттер оқытты. Тілімізге араб сөздері кіре бастады. Мысалы, кітап, қалам, дәптер, пір, ғылым, пікір, мұғалім, тағдыр, дүние, мал, өмір, сағат, тарих, қағида, әдет-ғұрып, жаза, хат, парақ, т.б. Ғасырлар өткен сайын ислам дінінің әсері дүниетану сезімінен орын алады. Бұрынғы "бір көк Тәңірі", сол сияқты табиғат құбылыстарына сыйыну Аллаға ауыстырылды. Біз мұны әл-Фараби, Яссауи, Бақырғани, Қашқари, Сығанақи, ибн Сина, Хорезми, Науаи, Игүнеки, Шал-киіз, Асанқайғы, Қорқыт, Сыпыра жырау, Ақтамберді, Бұқар жыраулардан бастап, кейінгісі Абайлардан көреміз. Бұлар өз шығармашылығында ислам мен қазақ сенімдерін біртұтас көзқарас ретінде санағандары аңғарылады.

## Қазақ әдет-ғұрып заңдарының ерекшеліктері

Бір шеті Қара теңіз бен шығыста Алтай тауларына дейінгі, бір шеті Қытайдың Ұлы қорғанынан сонау қарлы солтүстікке дейінгі аралықта ежелден көшіп-қонған ата-бабаларымыз Тәңіріні бір деп біліп, Күнге, Айға, Жұлдызға бас иіп, жерді, отты, суды қасиетті деп санады, аң мен құсты киелі деп ұқты. Сенім мен наным сол Тәңірісіне қарсы шықпай, ортаны сүюге бағытталған. Әуелі отбасынан басталған тәрбие төркіні ірілене ел іші-қоғамдық тәртіпке ойысты. Бұл нормалар бірте-бірте көбейе түсіп, салт-дәстүрге, әдет-ғұрып қағидаларына айналды. Өмірге белсене кірікті. Адамдардың есі мен санасынан мығым орын алып, қанына, діліне, тініне сіңісті. Психологиялық мінез-құлқына әсер етіп, ширатыла түсті. Әдет-ғұрыптың қауырт күш алуына географиялық шексіздіктің де әсері мол болды. Кең қоныс, даяр тамақ рухани биіктікке ұмтылдырды. Адам адамға қонақ екені ерте аңғарылып, туыстастықты, адамдық қасиеттерді тереңнен оятты. Кең далада оқта-текте келетін қонаққа кеңпейілділік көрсетуден қонақжайлы қазаққа дейін сомдады. Сөйтіп, қай жағынан алсаң да кез келген халықтан бір елі төмен тұрмайтын қазақ халқының әдет-ғұрып нормалары қалыптаса берді.

IX—XIII ғасырлар аралығында қазақ халқының қалыптасып, әрі ислам дініне мойын бұра бастауында басқару, оқу-білім жүйесіндегі, тайпалардың тұрмыс-тіршілігіндегі өзгерістерді еске алсақ, бұл дәуірді қазақи дәуір деп атауға болады. Міне, осы дәуірде өзіндік ерекшеліктері бар дәстүр мен қағидалар қалыптасты. Бұлар қоғамдық-экономикалық әлеуметтік қарым-қатынастар мен рухани қажеттілігін қанағаттандырарлық өзара қатынас, мәміле, мінез-құлық, халық бірлігін сақтайтын нәрлі де мазмұнды қағидалар еді. Сонымен бірге Орта Азия мен Қазақстанға ислам дінінің таралуы бұл өңірде өмір сүрген түркі тайпалары арасында феодалдық қатынастың өркендеп өсуіне себепші болды. Тап осы дәуірдегі зиялылық тың серпіліс, мәдениет пен ой-шікірдің жаңаша дамуына игі әсер етті.

Қазақи дәуір ата-баба аруағын бір саты болса да жоғары көтеріп, тәңірі мен тірілер арасын байланыстырғыш жебеушіге жеткізді. Осы дәуірде қазақ — халық, жеке халық болып қалыптаса бастады. Соның нәтижесінде шығу тегі, айналысқан кәсібі, тілі мен мәден-иеті бір-бір-

іне өте жақын тайпалар топтасып, ақыры, Үш жүзден тұратын қазақтарды тарих бетіне шығарды. Сонымен бірге өзіне тән ерекшеліктері бар қазақ әдет - ғұрып заңдары да қатар өмірге келді. Бұл заңдар мен қағидалардың, құқықтардың қоғамда араласпайтын, олар қамтымайтын салалары жоқтың қасы. Жеке индивидтерден бастап, бүкіл қоғамдағы қандай іс-әрекетті, қарым-қатынасты алмайық, мысалы, көші-қон, дау-дамай, ұрлық-қарлық, алым-салық, аза-қаза, өлім-жітім, алыс-беріс, жиын-той, т.б. бәрі де қазақи дәуірде қалыптасқан қағидалармен реттеліп отырған.

Міне, осы қазақи дәуір ережелері көбіне басқалармен онша қарым-қатынас жасалмауы себепті томаға-тұйық, өзгеріске онша түспеген қалпында күні кешегіге дейін жетті. Рас, заманалар өтуімен, саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайларға орай әдеттік қағидалардың кейбір тұстары өзгерістерге ұшырады. Оны біз Орыс, Қасым, Есім, Тәуке хандар жасаған құқықтық реформалардан көреміз. Әлбетте, бұл өзгерістер бұрыннан келе жатқан жалпы әдет-ғұрып пен құқықтану жүйелеріне күрделі өзгерістер кіргізіп, жаңаша сипат бере алғаны жоқ. Сол секілді мұсылман дінінің шариат заңдары да қазақ әдет-ғұрпына кілт өзгерістер енгізіп, өзгерте алған жоқ. Бірде мұсылмандық сипатқа ие болса, бірде керісінше қазақ әдет-ғұрпы исламның қағидаларын өз ішіне ала отырып, қазақи сипат алды.

Қазақи дәуірде қалыптасқан қағида-ережелер көшпелі феодалдық қарым-қатынастың айнасы іспетті. Бұл жүйе негізінен демократиялық бастаулардан тұрады. Мысалы, хан сайлау дәстүрін алайық. Ежелден-ақ ханды ақ киізге отырғызып, үш рет жоғары көтеріп халық сайлаған. "Халық ұйғарса, хан түйесін сояды" деген қағида берік орын алған. Немесе би мен билік сот процесін алайық. Айталық, бидің ешбір даяргерліксіз, жиналған көпшілік халық алдында істің ақ-қарасын тексеруі, әділ билік шығаруы, елді өзіне тарта білуі, дауды бітіруі, т.б. Билер сотының басты мақсаты қоғамдағы келеңсіз жәйттерді болдырмауға, қылмыстың алдын алуға, қылмыстыны жазалауға, берік тәртіп орнатуға бағытталған.

Қазақ әдет-ғұрпының ерекшеліктері әсіресе отбасы заңдарында көзге түседі. Қазақтар жеті атаға дейін қыз алуға не беруге тыйым салған. Шариаттағыдай уақытша неке деген мүлдем жоқ. Оның есесіне қазақта әменгерлік институты бар. Бұл ізгі ниеттен туындаған, күйеуі өлген-

мен артында қалған ұрпақтары жетім болмасын, әрі бұрыннан сыр алысын, сыр біліскен құдасынан, жекжаттығынан айырылмауды ойлаудан, екі рудың жат болып кетпеуін қарастырудан деп санаймыз.

Әменгерлік қағидасы бойынша жесірге толық ерік беріліп, ол күйеуді өзі таңдайды. Күйеуге шыққысы келмесе, ешкімнің оны зорлауға құқы жоқ. Мұнан бас бостандығын сыйлау, көпшілік үндері сезіледі.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарының тағы бір үлкен ерекшелігі — барымта институтының сақталуы. Барымта қағидасы бойынша құн не айыпты төлемеген жағдайда, күштеп басқаның мал мүлкін алып кету. Рас, шариатта да кісі өлімінде қанға-қан ретінде басқаны күштеп өлтіруге жол беріледі. Бірақ мал-мүлікті күштеп тартып алуға шариат рұхсат етпейді. Барымта — тек қазақ әдет-ғұрып заңдарына тән институт.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарының тағы бір ерекшелігі — шариат заңдарында жоқ, қарастырылмаған қыз алып қашу дәстүрі. Біз мұны отбасы құқықтарына орай кеңірек әңгіме ететіндіктен бұл арада осымен шектелеміз.

Ежелден келе жатқан дәстүрлерден қазақтардың ырымдарында мәжәусилік ерекшеліктері сақталған. Мысалы, отқа май құю, күн күркірегенде үйді айналып қымыз шашу, т.б.

### **Қазақ әдет-ғұрпына шариаттың әсер ету кезеңдері**

Қазақ әдет-ғұрпына шариаттың әсер ету тарихының кезеңдерін дәуірлерге бөлу Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихын дұрыс оқып-үйренуге септігі тиеді. Бұл кезеңдерді бөлек-бөлек атап өту дегеніміз сол дәуірлерде экономикалық, әлеуметтік жағдай, сыртқы жағдай, қоғамдағы саяси хал-ахуал, т.б. нәтижесінде өзгерістерге түсіп, қоғам базистерінде жаңа көріністер пайда болғанын ерекшелеп көрсету.

Көшпелі, шала көшпелі қазақ сахарасында мұсылмандықтың, шариаттың тарауының көптеген ерекшеліктері бар. Жер-су кәсібімен айналысқан көрші отырықшы халықтармен салыстырғанда олардың әсері болмашы көрінеді. Қазақстанның оңтүстік ұлыстарында ислам діні VIII—IX ғасырлардың өзінде-ақ, әсіресе отырықшыға айналған қауымдар арасында тез таралып, ал қалған

аумақтарда бұл дін монғол шапқыншылығынан кейінгі тұстарда жайлап, біртіндеп күш ала бастады. Жалпы ғылыми әдебиеттерде мұсылмандықтың қазақ тайпаларына жайылып, таралуын үш кезеңге бөледі, бірінші — IX—X ғасырлар, исламның ене бастау кезеңі; екінші — XI—XII ғасырлар, исламның таралу кезеңі; үшінші — XII—XIV ғасырлар, исламның орнығу кезеңі. Әлбетте, бұл жалпылама, шартты түрде бөлу болып табылады. Бізге келіп жеткен деректер бойынша мұсылмандық ислам діні IX ғасырдан бастап Қазақстанға, оның ішінде оңтүс-тік өңірге ене бастағаны айқындалса, сонымен қатар қазақтар XVII—XVIII ғасырларға дейін мұсылмандықты түгелдей мойындамаған. Қазақ тарихына жетік В. Радлов былай деп жазады: "Бұл дін далада ерте таралса да, оларға Мұхаммед діні өркениеттің негізгі сипаттары әлі толық енген жоқ. Халықтың көп бөлігі ислам әдет-ғұрыптарына сырттай ғана бой ұсынады, шашты, са-қал-мұртты алыш отыруды қатты қадағалайды. Ораза тұту, намаз оқуды, отырықшы мұсылмандар мен көрші тұратын қазақтарды есептемегенде, халықтың көпшілігі сақтай бермейді. Дәрет алуды да дұрыс атқармайды. Оны сүртінуден ауыстыруды ұнатады... Діннің ішкі мазмұны жөнінде егжей-тегжейлі білім олардың арасына аз тараған." деп жазды<sup>1</sup>. Зерттеушілер арасында осы пікірді жақтаушылар аз емес. Бұл пікірді әдет-ғұрып заңдарына, билердің билік шешімдеріне сүйене отырып та қостауға болады. Дегенмен бұдан қазақ халқы мұсылмандар қатарына жатпайды деген қорытынды шықпайды. Соңғы пікірді айтушылар көбіне патшалық Ресей саясаты жетегінде жүргендер не Орта Азиялық фанатик — тақуа діндарлар, қазақ сенімдерін терең білмейтіндер. Олар: "қазақтардың Мұхаммедшілдігі өте төмен, жаһил-надан, ырымшыл. Оларда не мешіт, не медреселері жоқ, қажет десеңіз жол-жораларды атқаратын молдалары да жоқ. Ал, молдаларының өздері де өте надан"<sup>2</sup>, десе патша саясатын қолдаушылар ислам қазақ даласына әлі енбеді деп, қазақ халқын христиан дініне енгізу саясатын қолдайды. Рас, қазақтар ислам догмаларының көпшілігін ұстайды деп айта алмаймыз. Оған көшпелі тұрмыспен күнелтушілік мүмкіндік бермеді. Бірақ қазақтардың ежелгі әдет-ғұрпы ислам дінінің кейбір шарттарымен ұштасып жатады.

<sup>1</sup> В. Радлов, Алтын сандық. Алматы. 1993. 17-б.

<sup>2</sup> Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Алма-Ата. 1935. 197-б.

Мысалы, еңбек етіп адал жеу, үлкенді сыйлау, ұрлық жасамау, зінәқорлық қылмау, нахақ кісі өлтірмеу, шарап ішпеу, пәк жүру, т.б. қазақтар қатаң сақтаған. Қазақстанның қалалары: Түркістан, Сайрам, Отырар, Қарнақ, т.б. исламның нағыз орталықтары саналып, мешіттер мен медреселер көптеп болғанын деректер дәлелдейді. Мереке, айт күндері жан-жақтан ол араларға қазақтар ағылып келіп, Алла алдындағы өз парыздарын орындауға асығатын.

Ислам діні Қазақстанға ене бастаған алғашқы кезеңде түркі тайпалары рулық-патриархаттық дәстүрді сақтай отырып, феодалдық қарым-қатынас жолына көшіп әрі өзара тартыспен қырқыс өрши түсіп, этногенездік тектер(қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, ноғай, өзбек, т.б.) пайда болу процестері туындап жатқан, ал арабтарда ренессанс шырқай көкке көтеріліп, мәдениет пен ілім өркендеп жатқан кез еді.

Бұрын әлемді тітіреткен Соғды, Оғыз және Түрік мемлекеттері дағдарыс салдарынан майда-майда бөлшектерге бөлініп, ынтымақтастықтарына жік түсіп, ауыз бірліктерінен ажырап, өзара қырғи-қабақтыққа бара бастады. 674 жылы Убайдулла ибн Зияд басшылығымен араб әскерлері Бұхара, Самарқан және Соғдыны алды<sup>1</sup>.

Валид I халиф тұсында (705—715) арабтарды қоныстандыру арқылы Кутайба ибн Муслим Ферғана, Шаш аумағын аттап өтіп, сонау Қытайдағы Қашқарияға дейін жетті. Бірақ қазіргі қазақ атанған тайпалар араб шапқыншылығына ұшырамады. Сондықтан қазақтар әлі күнге отырықшы Орта Азия халқын "Әзірет Әлінің қылышынан қорқып мұсылман болғансындар" дейді. Қалай десек те арабтар мен қазақтардың әдет-ғұрыптарының ұқсастық жақтарының молдығын олардың көшпелі тұрмыспен күнелткенінен іздегеніміз мақұл. Бұл — қазақтардың исламды қабылдауының бір себебі. Екіншіден, дәл сол кезеңде әр түрлі себептермен бұрын Иран, Ауған және Арабстанға көшіп кеткен түрік тайпалары қайта оралып, өздерімен бірге исламды алып келуі дер едік.

Екінші кезеңде феодалдық қарым-қатынастың орнығуы нәтижесінде мәдениет қанат жая бастады. Түркі тайпаларынан этногенездер бөлініп, жеке халықтық сипаттарға ие бола бастады. Ислам, күшіне еніп, оның догмалары поэзия тілінде сөйлей түсті. Исламды насихаттаушы софылық ағым аренаға шықты. XI ғасырда ортодок-

<sup>1</sup> Мухаммед Наршахи. Бұхара тарихы, Ташкент, 1897. 54-55-б.

сальді исламның негізі қаланды. Софылық ілімнің ірі өкілдері Сулеймен Бақырғани мен Қожа Ахмед Яссауи Оңтүстік Қазақстанда (Сайрам мен Түркістанда) өмір сүрді. Сырдария өзені бойындағы отырықшы аудандарда мешіттер салынып, медреселер жұмыс істеді. Көшпелі тайпаларды исламға тарту үшін Ақсақ Темір Түркістандағы Қ.А. Яссауи басына кесене салды. Сөйтіп, Түркістан кіші қажылық өткізетін қасиетті орынға айналды. Хан ордасы көбіне осы Түркістан қаласына орналасты<sup>1</sup>.

Хан ордасында "Орда базар" өткізіліп, онда әркім өзіне қажетті заттарын айырбас жолмен алып отыратын. Базарда көрші мемлекеттерден келген саудагерлер жиі кездесетін. Хан ордасы тек қана саяси, сауда орталығы емес, сол секілді ислам дінін уағыздайтын ірі миссионерлік орталық болды. Ислам дінін көшпелі руларда таратуда Қ.А.Яссауи кесенесі үлкен рөл атқарды. Ораза мен құрбан айт мерекелерінде көшпелілер Түркістанға ағылды. Осында келіп, мұсылмандық жол-жораларды үйренді. Қожалар көшпелілер арасына жиі-жиі барып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Атақты, өлген адамдарды Қ.А.Яссауи кесенесі жанына әкеліп жерлеу дәстүрге айнала бастады. Исламның өріс ала бастағанына сол кездегі жырлар, қиссалар, толғаулар куә бола алады.

Үшінші кезең көшпелі түрік тайпаларының халық болып қалыптасуымен әрі исламның бұл халықтардың тұрмыс-тіршілігінде белгілі орын ала бастағанымен ерекшеленеді.

Қазақстанның Ресей қол астына қарауы ислам дінінің таралуын тежей алмады. Орыстардың қаншама жеңілдіктер беріп, қазақтарды христиан дініне енгізіп, шоқындырамын дегенінен ештеңе шықпады. Ақыры, патшалық Ресей мұсылмандық дін иелерімен ымыраласуға мәжбүр болды. Қазақтарды татарлар арқылы бұғауда ұстап тұру мақсатында, солар арқылы исламды пайдаланды<sup>2</sup>. Ал, Орта Азиядан келіп, үгіт-насихат жүргізетін қожа-молдаларға қысым көрсету шараларын қарастырды.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> ЦГА КазССР. ф. 365. ол. 1, д. 3696, лл. 13—15.

<sup>2</sup> Полное собрание законов Российской империи с 1649 года. ч. 1, 1692.

<sup>3</sup> И. А. Терентьев. Туркестан и туркестанцы. "Вестник Европы". кн. 10. Сиб., 1875, 524—525-б.

## Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі әдет-ғұрпы, ислам және саясат

Қазақстанның Ресейге қосылуын осы күнге дейін қазақ халқының тарихында ең прогрессивті құбылыс, жарқын беттер болды деп санап келдік. Тарихымызды зерттеуші көптеген ғалымдарымыз да, көп томдық "Қазақ ССР тарихы" да<sup>1</sup> осы пікірді ұстанды. Республикамызда Ресейге Қазақстанның еркін түрде қосылуының 250 жылдығы "үлкен мереке" ретінде тойланды. Бұл саясат жолымен бірбеткейлік еді.

Патшалық Ресей әкімшілігі қазақ билеушілерін бір-біріне қарсы айдап, араларына жік туғыза отырып, әлсіретіп, сол қарама-қайшылықтардың нәтижесінде Қазақстанға ену саясатын Алтын Орда күйрегеннен кейін көп ұзамай алдарына мақсат етіп қойды. 1552 жылы Қазанды, 1556 жылы Астраханды жаулап алған орыстар Қазақстан шекарасына жақындай түсті. "Ресей, — деп жазды Н. М. Карамзин, — өз билігін Каспий теңізі-не дейін созып, жаңа байлықтар мен күштер көзін ашты..."<sup>2</sup>.

XVII ғасырда бір орталыққа біріккен орыс мемлекеті күшейе түсіп, енді Үндістан, Қытай секілді ежелден атышулы елдерге жол ашуды қолға алды. Әсіресе, бұл жоспар І Петр патша тұсында ерекше көзге түсті. Ол Орта Азия мен Қытай, Үндістанға бір-ақ қақпа Қазақ-стан екенін жете түсініп, осы аумақты қолға түсірудің айла-шарғыларын жасады. Жансыздары толы керуендерін Ұлытау, Сарысу, Түркістан арқылы Орта Азияға аттандырды<sup>3</sup>.

Оның үстіне, біресе жоңғар қалмақтарына соғыс құрал-жабдықтарын (зеңбірек, мылтық, т.б.) беріп, қазақтарға айдап салса, біресе Орта Азия хандықтарын азғырды. Сыртқы жағдайдың қиындығына қосыла қазақ жүздерінің өзара алауыздығы нәтижесінде жағдай үсті-үстіне ауырлай түсті.

І Петр Жайық пен Ертіс бойына А. Бекович-Черкасский мен И. Бухгольцтің экспедицияларын жіберіп, Қазақстан шекарасына шабуылдау шараларын қарас-

<sup>1</sup> Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957.

<sup>2</sup> Н. М. Карамзин. История государства Российского. т. IV. Спб. 1851—1853. 139-б.

<sup>3</sup> Казахско-русские отношения в XVI—XVIII вв. IV б.

тырды<sup>1</sup>. Сол секілді В. Я. Басин де: патшалық Ресей қандай жолдармен болса да Орта Азия мен Қазақстанды өз қоластына алып, Үндістан мен Қытайға жол ашу шараларын батыл алға қойғанын жазды<sup>2</sup>.

Бұл кезде өзінің ішкі жағдайын реттеп алу шараларын қарастырып жатқан Тәуке хан Ресеймен тату көрші ретінде тұрып, сауда-саттықты өркендету саясатын ұстанып, Ресейге бірнеше дүркін елшілер жіберіп жатқан еді. Өкінішке орай, патшалық Ресей Тәуке саясатын қолдамай, қайта Қазақстан шекараларына бекіністер сала бастады. Оның үстіне жоңғарларды қолдап, қуаттап, солар арқылы қазақ хандығына күш көрсетуге кірісті.<sup>3</sup>

Бақайшағына дейін қаруланып, құтырына түскен жоңғарлықтар қазақ жеріне батыстан да, шығыстан да үсті-үстіне шабуыл жасап, нәтижесінде 1723 жылы қазақтарды "ақтабан-шұбырынды" нәубетіне душар етті. Бұл соққыдан кейін қазақтар көпке дейін есін жия алмады.

Осындай сәтте абыржыған Кіші жүз ханы Әбілхайыр 1730 жылы қыркүйекте Петербургке, Анна Иоанновна ханзадаға елші жіберіп, "Біз, Әбілхайыр, өзіме қараған Орта жүз және Кіші жүздің көптеген қазақтары Сізге бас иіп, қызметкеріңіз әрі барлық нөпір халқыммен бірге Сіздің қол астыңызда болғымыз келеді" деген хат жазды<sup>4</sup>. Ресей мемлекетінің сүйемелімен қарулы күшін пайдаланып, есенгіреп жатқан қазақ халқын жеке-дара басқаруды мақсат тұтқан Әбілхайыр саясатын жете түсіне білген сұлтандар, билер қарсы шықты. Сондықтан да Орта жүз түгелімен Ресейге бас имеді. Тек 1740 жылы Орта жүздің біразы (Әбілмәмбет, Абылай сұлтан бастаған) Ресей қол астына өтеді<sup>5</sup>. Орта жүздің қалған рулары ХІХ ғасырдың ортасына дейін бірте-бірте Ресей қол астына өтті.

Ұлы жүз 1847 жылы патшалық Ресей қол астына қарады. ХІХ ғасырдың 50 жылдарында Қазақстан түгелдей Ресей қоластына өтіп, боданына айналды. Ендігі жерде Ресей патшалығы Қазақстан аумағына реформалар жүргізіп, оны өзінің арзан шикізатын даярлап беретін ауданына айналдыру әрекетіне кірісті. Бұл ойын жүзеге

<sup>1</sup> В. И. Лебедев. Политика Петра I на Востоке. В книге. "История СССР", т. 1. М. 1947. 553-б.

<sup>2</sup> В. Я. Басин. Россия и казахские ханства в XVI—XVIII вв. 72—73-б.

<sup>3</sup> В. Я. Басин. Көрсет. Шығ., 118-б.

<sup>4</sup> Сонда. Көрсет. Шығ., 131-б.

<sup>5</sup> АВПР. ф. 122. 1740. д. 3. лл. 76-77.

асыру үшін әуелі қазақ халқының құқықтық жағына баса назар аударып, қазақ әдет-ғұрып заңдарын жинап, өз пайдасына жаратуды қолға ала бастады. Тек 1876—1899 жылдар аралығында 3500 кітаптар мен мақалалар қазақ әдет-ғұрып заң нормалары мен құқықтық мәселелерге арналды.

Соған қарамастан қазақ қоғамындағы басқару жүйесінде XIX ғасырдың ортасына дейін қазақтың әдет-ғұрып құқықтары басым болды. Қоғам ішіндегі даулар, алым-салық, жайылым, көш-қоныс, тәртіп бұзушылықтар, т.б. әдеттік заңдармен қаралып отырды. Экономикалық өзгерістер нәтижесінде жаңа шаруашылық уклад-капиталистік өндіріс объектілерінің пайда болуы әдет-ғұрып заңдарына да жаңалықтар енгізе бастады. Мысалы, қарыз беру, өсім, т.б. еніп, қылмыскерлерді ұстап тұру, қамау үшін абақтылар пайда болды.

Патшалық Ресей өкіметі қазақтардың әдет-ғұрып заңдарының өміршендігін көріп, оған сырттай басқаша жолдармен әсер етпесе болмайтынын түсінді. Қандай бір реформа жүргізбек болса, алдымен әдет-ғұрып заң нормаларына әсер ету, оны өзгерту жақтарына назар аударды. Сөйткенде ғана өздерінің отаршылдық саясатын жақсы жүргізіп, мақсат-мүддесіне жететінін білді. Сонымен бірге қазақ әдет-ғұрып заң нормаларын бірте-бірте әлсірете түсу жағын қарастырды.

Мәселен, Сперанскийдің "Сібір қырғыздары жайлы Уставын" (1822 жыл) даярлау барысында әрі Орта жүз және Кіші жүз хандық билікті жою, аға сұлтан, билеуші-сұлтан институттарын енгізер алдында оның әсері қалай боларын білу үшін ашық не құпия жолдармен деректер жинады, алдын-ала өзірліктер жүргізді. Әсіресе, хандық биліктің орнықтылығына қазақ әдет-ғұрып заң нормаларының қатыстылығын, билер сотының хандық билікпен қарым-қатынасын зерттеді. Жиналған деректер негізінде хандық биліктің, сондай-ақ оны қолдайтын әдет-ғұрыптық саяси институттарының әлсірегеніне көздері жеткеннен соң ғана реформалар жүргізуге кірісті.)

XIX ғасырдың орта шенінен бастап, қазақ қоғамын онан әрі құлдыққа душар ете беру мақсатында топ-тобымен экспедициялар шығарып, зерттеулерін тереңдете түсті. Әрине, бұл жиналған материалдар, мейлі ол қандай көзқарастармен жиналғанына қарамастан, қазақ құқықтану ғылымына, оның тарихын оқып-үйренуші-лерге маңызды деректер болып табылады.

Қазақстанда хандық билік жойылғаннан кейін билер институтының беделі мүлдем әлсіреп қалды. Оның есесіне империялық сот күшейтілді. Билер соты ауыл аумағында ресми орган ретінде ғана сақталып, іс жүзінде әдег-гұрыптың қарым-қатынастық күшін әлсірету жағы қарастырылды. Маңызды және қылмыстық істер 1868 жылғы уақытша Ереже бойынша Ресей заңдарымен империялық сот қолына өтіп, ал билер сотына ауыл арасындағы майда-шүйде, от басы-ошақ қасы іс-әрекеттер берілді. Сайланбалы түрге өткен билер соты ендігі жерде пара алу, істі әділ шешпеу жолына өте бастады<sup>1</sup>. Қаралатын істің он проценттік "билік ақысы" оларды қанағаттандырмады. Мұндай келеңсіз жәйттердің өрши түсуі, сол кездегі озық ойлы орыс азаматтары мен қазақтардың алдыңғы қатарлы өз азаматтарын қатты толғандырды. Мысалы, Ш. Уәлиханов, И. А. Козлов, Ф. Н. Усов, Н. Максимов, т.б. билер сотын қысымға алмай, бұрынғыша қалдыруды талап етті<sup>2</sup>. Озық ойлылардың талабы аяқсыз қалды.

Сайып келгенде, патшалық саясаттың Қазақстанды өкімшілік бөліктерге бөлуі қазақ халқының мақсат-мүддесіне қайшы келетін отаршылдық саясат негізінде жүргізілді. Оны түсінген қазақтар патшалық саясатқа қарсы шығып, бодандықтан құтылу жолында көтерілістер ұйымдастырды. Бұл көтерілістер өз кезінде екі түрлі сипат және бағыт алды. Оның бірінші түрі орыс патша өкіметінің қазақ хандығын жоюына қарсылық білдірген соғыс та, екіншісі отаршылдық езгіге қарсы бүкіл халық болып қатысқан ұлт-азаттық қозғалысы болды. Орыс патша өкіметінің қазақ хандығын жоюына қарсы аттанған қарулы көтеріліске Кенесары Қасымұлының көтерілісін жатқызамыз. Екіншісіне, Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, т.б. бастаған ұлт-азаттық көтерілістерін айтуға болады. Бұл көтерілістердің тууына негізінен: қазақтардан ең шұрайлы жерлердің тартылып алынып, олардың шөл-шөлейт аудандарға ығыстырылуы, Қазақстанның шикізат өндіретін өлкеге айналуы, аштық пен қырылу қаупі тууы, т.б. әсер етті. Бұл көтерілістерді басу үшін патшалық Ресей қыруар күш жұмсап, трайбализм мен сатып алу саясатын да ұстанды, халықтың ұлттық сезімі мен ислам дінін тұншықтыру көзделді.

<sup>1</sup> С. А. Токарев. История русской этнографии. М., 1966, 288-291-б.  
<sup>2</sup> ЦГА Каз ССР. ф. 64. оп. 1. л. 151. л. 109.

Мұндай қиыншылықтар мен жапшай қырылу нәубетінен сақтану үшін қазақтар Қытай мен Монғолия жеріне бас сауғалап көше бастады. Қазақтардың хандық билік жүйесін жойғаннан кейін патшалық Ресей өзінің отаршылдық саясатын еркін жүргізу, мемлекеттік басқару жүйесін құқықтық жағынан күшейту мақсатында 1867 жылғы 11 шілдедегі "Сырдария облысы мен Жетісуды уақытша басқару Ережесін", 1868 жылғы 21 қазандағы "Орынбор облысы мен Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы арқылы басқарудың уақытша Ережесін" енгізді. Бұл "уақытша Ережелер" 1886, 1891 жылдарда енгізілген аздаған өзгерістерімен 1917 жылға дейін күшінде қалды. 1867—1868 жылдары Қазақстан аумағында жүргізілген құқықтық реформалар бойынша Түркістан, Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлық басқару жүйесіне көшті. Облыстар — уездерге, уездер — болыстарға бөлінді. Өз кезегінде болыстар — ауылдарға бөлінді.

Реформа бойынша барлық билік генерал-губернаторлардың қолына берілді. Олар заң шығару билігін қолдарына алып, құқықтық актілер шығарды. Генерал-губернатор құзыретіне: сот органдарын бақылау, өлім жазасы жөніндегі үкімдерді бекіту, алым-салықтардың мөлшері мен мерзімін анықтау, сотсыз-ақ бес жылға дейін жер аудару, т.б. кірді<sup>1</sup>.

Облыстарды әскери-губернаторлар басқарды. Бұлар да әскери, азаматтық, соттық билікті қолдарына алды. Уезд бастығы отаршылдық басқару аппаратының жаңа бөлшегі саналып, олардың қолдарына азаматтық, әскери жандармдық билік тиді. Міне, осы уездерге патшалық саясатты жүзеге асыратын, қажет болса билігін күшейтетін құқықтар берілді. Басқару аппаратының ең төменгі сатысы — "түземдік әкімшілік" басқару жүйесі, ол болыстық басқарушылар мен ауылдық старшиналардан тұрып, үш жылға сайланды. Бұл аппаратқа негізінен парақор, халқының мүддесін сатып кететін, патшалық саясаттың құлдары тартылды. Олар орыс әкімшілігінің баю көздерін қамтамасыз ететін қайнар көзіне айналып, өз халқын тонауға тырысты<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> ЦГА Каз ССР. ф. 64. оп. 1. д. 5926. л. 117.

<sup>2</sup> В. Остафьев. Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве. Записки отд. ОРГО. кн. XVIII. вып. II Омск. 1895. 51-б; ЦГА Каз ССР. ф. 44. оп. 1. д. 15550. л. 23. об.

Қазақ қоғамының бұрыннан қалыптасқан экономикалық күн көрісі бұзылып, халық тұрмысы күннен-күнге әлсірей түсті.

Алайда, Ресейдің патшалық саясатын қолдамағанымызбен оның іргелі мемлекет болғанын, мәдениеті мен экономикасы алдыңғы қатарда өскен ел екенін естен шығармауымыз керек. Озық ойлы орыс демократтары көзқарастарының қазақ қауымына әсері де аз болмағанын ерекше ескерген жөн.

## ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРПЫНА ШАРИАТТЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

### ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

#### Неке

Сан ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының да бар отбасына қатысты қағида-ережелері сан алуан. "Жалғыздық Аллаға ғана жарасқан", "жалғыздың шаңы шықпайды", "жүп болып жасау Адам Ата мен хауа Анадан басталған" деп келеді өмір сипаттамаларында. Әрбір ата-ана ұрпақ көріп, ұлын-ұяға, қызын қияға қондыруға тырысады.

*Неке* — қарама-қарсы екі жыныстың (ер мен әйел) келісе отырып, тұрмыс құру мақсатында өзара жасасқан міндеттемесі.

Мұсылмандарда неке үш түрлі: тұрақты неке, уақытша неке және кәнізек неке. Біз имам Ағзам ағымында болғандықтан көбіне осы ағымның қағидасын оқушыларға беріп отыруға тырысамыз. Имам Ағзам — уақытша некені қолдамайды. Қазақтарда неке түрі біреу. Ол — тұрақты неке.

Тұрақты неке болуда алдын ала талап етілетін қағида, ережелер бар. Олар мыналар — қалыңдық таңдау. Бұған тегі, пәктігі, ақыл-есі, тәртібі, діні, денсаулығы, т.б. кіреді. Бұларды анықтау жағы көбіне ата-ана, туыс-қандарының міндетіне жүктеледі. Үйленуші қалыңдығын көрмеуі де мүмкін. Бірақ қайсы ата-ана ұрпағының жаман болуын тілейді дейсін!

*Келісім сұрау.* Неке қиылып жатқанда екі жақтың өзара келісімі анықталатыны белгілі. Бұлай істеу — неке қиюшы молданың я ауыл үлкенінің парызы. Ал, қалыңдық таңдарда қыздан міндетті түрде келісім алу шарт. Келісім беруші қыз — кәмелетке толған, ақыл-есі бүтін болуы тиіс. Мұхаммед алейһис салам: "қызды тұрмысқа берер алдында анасымен ақылдасуды" талап етеді. Әуелі, ата-анасы, кейін қызы разы болу керек. Ақыл-есі кеміс қыздарды қызының разылығын сұрамай-ақ ата-анасы бере береді. Шариат бойынша дінсіз ата-ана ұл-қызына билік

жүргізе алмайды. Қазақ ережелерінде бұндай талап қойылмайды. Бұл ислам аймақтарда ғана сақталған.

Некеге кедергі жәйттер — жақын туыстық, емшек-тестік, сүйек жақындық, жекжаттық, талақ айту. Сонымен бірге әйел санының белгілі мөлшерден асуы, дінсіздік, мұсылмандық әсеріне жатады.

Шариат заңы бойынша жақын туыстығына орай алты жағдайда некелесуге тыйым салынады. Бұлардың көбі халық әдет-ғұрыптарымен ұштасып жатады. Дұрысын айтқанда, ғасырлар бойы қалыптасқан ережелер. Олар: анасы және онан тікелей өрбігендер; қызы және онан тікелей өрбігендер; ұлының қызы және онан тікелей өрбігендер; әпкесі және онан тікелей өрбігендер; әке және аға жағынан тікелей өрбігендер; аға-іні қыздары.

Сол секілді дінде заңсыз, яғни некесіз тұрмыс құрып, туылғандардың бәрімен некелесуге тыйым салынады. Қазақтарда жеті атаға дейін қыз алуға және беруге, сол секілді жоғарыда көрсетілген жағдайларда да қыз берісіп, қыз алысуға тыйым салынады<sup>1</sup>. Жақын адамдар қанының бір-біріне араласуы ұрпақ денсаулығына, ой-өрісіне көп зиян әкелетіні медициналық тұрғыдан әбден анықталған жәйт. Оның үстіне, туыстықтың әрі мен дәмі кетіп, туыстықтан гөрі жекжаттық сипатқа ие болып кетеді.

*Емшектестік.* Емшектес болғандар арасында неке қиылмайды. Шариат бойынша 2 жасқа дейінгі нәресте басқаның емшегін 15 рет тойып емсе, емшектес деп саналады. Имам Ағзам қағидасы бойынша бір рет емсе де жетеді. Арабтарда басқаның емшегін емізу дәстүрі болып, жас баласын басқа жат бір әйелге асырауға берген. Мұхаммед пайғамбар да жас кезінде басқа біреудің емшегін еміп, өскен.

Қазақтар да осы іспетті қағиданы ұстанады. Әйелдің емшегін емген басқа бір анадан туылған ұл-қыз да өз туысы болып саналып, қазақтар оларға үйленбейді.

*Сүйек жақындық, жекжаттық.* Мұсылманға әйелінің анасына үйленуге тыйым салынады. Өйткені, ол да өз анасына теңестіріледі. Сол секілді бірден екі апа-сіңліліге қатар үйленуге де тыйым салынады. Қазақтарда да екі апа-сіңліге бірден үйленуге болмайды, тек бірі өлсе ғана екіншісіне үйленуге рұқсат етіледі.

*Әйел санының белгілі мөлшерден асуы.* Исламда кез келген мұсылман некелеспей тұрып, басқа бір әйелмен жақындасуды арам санайды. Бұл зінәқорлық делініп,

<sup>1</sup> Н. Әсерұлы. "Жеті жарғы", Алматы, 1995, 31-б.

Алла алдында да, жұрт алдында да ең ауыр қылмыс саналады. Бұлай қатал қарамаса, отбасы бұзылып, адам баласы азғынданады, жетім балалар саны көбейіп, ұрпақ азады, түрлі ауру-сырқаттар көбейіп, қылмысқа жол ашылады.

Қазақ әдетінде де, шариатта да ер адамға 4 әйелмен некелесуге (некелі әйелі риза болса ғана) рұқсат етіледі. Дегенмен, әйел үстіне әйел алуға әрдайым рұқсат етіле бермейді. Соғыс жағдайында ерлер жағы көп қазаға ұшырап, әйелдер жағы көп жесір қалып, ерлерден әйел-дер саны көбейіп кетсе, олардың тепе-теңдігін сақтау үшін, не болмаса әйелі бедеу болып, ұрпақ жалғастыра алмаған жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

Қазақта күндерімен некелесуге тыйым салынбайды. Олармен некелесуге де шек қойылмайды. Ал, имам Ағзам қағидасы бойынша мейлі азат әйел, мейлі күң болсын бәрі қосылып төртеуден аспауы тиіс.

Қазақтарда ертеде, исламға дейін әйел санына шек қойылмаған. Тарихи деректерден ата-бабаларымыздың көп әйел алғанын жақсы білеміз. Өйткені мал бағып, көшпелі тұрмыспен күнелткен ата-бабаларымызға жұмыс істеуге қол күші көп қажет болды. Шариат бұл дәстүрді шектеп отыр. Құранда: "қаншама тырысқандар да әйелдердің арасына ешқашан әділдік жүргізе алмайсындар", — деп, әрі "егер оларды әділдікпен ұстап тұра алмаудан қорықсаңдар, онда біреу алыңдар" — делінген<sup>1</sup>. Өйткені, шариат барлық әйелге бірдей қарауды талап етіп, оны бұзушыларды күнәһар ретінде қарайды. Алла тағала Адам Атаға тек бір науа Ана бұйырғанын үлгі ұстайды.

Шариат пұтқа табынушылар мен дінсіздерге үйленуге, тұрмысқа шығуға қатаң тыйым салады. Бұл жайлы Құранда да анық айтылған. Рас, Құранда кітап түсірілгендерге (йудейлер мен христиандарға) үйленуге рұқсат етіледі. Кітап түсірілгендер деп, Інжіл, Зәуір, Тауратқа мойын ұсынушыларды айтады. Ертеде, ислам тараған қазақтарда басқа діндегілерге қыз бермек түгіл, тұрмысқа шыққан қыздарды өлім жазасына кескен кезеңдер болған. Имам Ағзам қағидаларына сүйене отырып, қазақтар кітап түсірілгендерге үйлене берді. Бұрын қазақтардың тіпті қалмақтарға да үйленгені жасырын емес.

<sup>1</sup> Құран. I том, ан-Ниса сурасы, 3-аят және 129-аят, Мәскеу, 1990. өз аудармамыздан — Н. Ө.

*Талақ айту.* Қазақ әдет-ғұрпы бойынша да, шариатта да үш рет талақ айтылса, әйелімен қайта некелесу арам. Талақ — арабша сөз, мағынасы — “ажырасу”. Бұл сөзді бірден, бір мезгілде, қатарынан үш рет айтуға болмайды, әрі әбден ойланып-толғанып, кесіп-пішіп барып айтуды міндеттейді. Ашу үстінде, мас кезінде айтылған талақ заңсыз. Алла заңдары, шариатта да рұқсат еткендерінің ішіндегі ең ұнатпайтыны осы талақ айту. Шариат ажырасуға мүлдем қарсы. Сол үшін де ажырасатындар өте күрделі талаптар мен сынақтардан өтулері керек. Міне, сондықтан да мұсылман елдерінде ажырасу, отбасының бұзылуы мүлдем жоқтың қасы. Қазақтарда да қағида осыған ұқсас, отбасының бұзылмау жақтары қарастырылған. Халқымыз: “қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман” деген қағиданы берік ұстанған.

*Некелесу кезінде* некеге тұрушылардың кәмелетке келген, некелесуге өзара келіскен, ақыл, естері дұрыс болуларымен бірге неке рәсіміне екі куәгердің қатысуы міндеттеледі.

Құл мен күң қожасының рұқсатынсыз некелесе алмайды. Некені асығыс түрде, жол-жораларын бұзып қиюға мүлдем болмайды.

Бұрын тұрмыс құрған әйел ата-анасының рұқсатынсыз некелесе беруге құқылы. Куәлікке екі және одан да көп адам қатыса береді. Куәгер екеуден кем болмауы тиіс. Имам Ағзам қағидасы бойынша бір еркек, екі әйел куәгерлік ете алды. Куәгерлер неке қию кезінде екі жақтың өз еріктерімен некелесетіндерін есітіп, айғақтаса жетіп жатыр.

*Неке қию кезіндегі* ерлі-зайыптылардың міндеттері:

*ері* — әйелін киім-кешек, тұрғын жай, күн көріспен қамтамасыз етуге міндеттенеді. Сондай-ақ, 4 әйелі болса, әрбір түнді әр әйелімен кезекпен өткізуі тиіс, бір әйеліне тиісті түн кезегін басқа әйелімен өткізуге құқы жоқ. Маһрын (біздіңше қалыңмал) беруі тиіс;

*әйелі* — үй шаруашылығымен айналысуға, еріне адал болуға, оны құрметтеп, сыйлауға, т.б. міндеттенеді.

*Басқа ережелер:*

— еріне әйелін себепсіз ұруды, әсіресе, беттен ұруды шариат қолдамайды. Қайызы келген кезде және босанғаннан соң қырық күнге дейін әйеліне жақындасып, етек қатынасын жасауға рұқсат етілмейді. Маһр (қалың мал) мөлшері 500 дирһамнан кем болмауы тиіс деп көрсетеді шариат. Бұл маһр мөлшері екі жақтың келісімі бойынша анықталады. Маһрын алғанға дейін әйел ерін қасына

жақындатпауға құқылы. Ал, қазақтардағы "жасау" сөзі осы маһрға жақын келеді. Арабтарда, яғни шариат бойынша маһр әйелге берілсе, қазақтарда жасау ақысы қалыңмал ішіне кіреді;

— кәмелетке толды деп, шариат бойынша: әуратқа жыныстық қабілетті білдіретін жүн шықса, қайыз келсе, т.б. белгілерге қарап белгілейді. Исламда қыз күнә-ға — 9, ер бала — 12 жастан батады. Бірақ бұл кәмелетке жетті дегенді білдірмейді.

Қазақтарда және олардың "Жеті жарғы", т.б. заңдарында: ұл бала — 15, қыз бала — 16 жастан кәмелетке толды деп есептеледі<sup>1</sup>. Сол себепті де қазақтар "он бесте отау иесі" дейді. Жасау әйел мүлкі саналып, ері оған арабтар секілді иелік ете алмайды. Сол себепті ері өлген не ажырасқанда, болмаса т.б. жағдайларда әйел төркініне жасауын түгел алып кетуге құқылы.

Некенің жойылу тәртібі мықты сақталынады. Тұрақты некеде, ері ажырасуға ниет етіп, ол райынан қайтпай 3 рет талақ айтса;

- ері не әйелі діннен безсе;
- ері 4 жыл бойы хабар-ошарсыз кетсе;
- қыз келісімін бермесе (ал ер адамның құқығы жоқ);
- кемшіліктері анықталса (мысалы, есі ауыс, жұқпалы ауру, ұрпақ жалғастыратын белі жоқ, т.б.);
- заңсыз неке қиылса (мысалы, құл не күң екені кейіннен анықталса, қыз келісімінсіз неке қиылса, молда неке шарттарын бұзса, т.б.). — бұларда некенің жойылуына жол ашылады.

Шариат бойынша қайызы келіп, не болмаса босанғанша, болмаса босанғаннан кейін тазаланғанша (пәктенгенше) әйелге талақ айтуға тыйым салынады.

Қазақ қоғамында әдет-ғұрып заңы бойынша әйелі ерінен төмендегі жағдайларда ажыраса алады:

- ерінің өлуі;
- ерінің белі жоқтығы;
- әйелін ері 6 ай 10 күн күнкөріссіз қалдырса;
- 7 жыл бойы хабар-ошарсыз кетсе;
- әйелін асырауға шамасы келмесе;
- әйелін себепсіз ұра берсе<sup>2</sup>.

"*Idda*" мерзімі атты ереже бар. Шариатта идда — арабша сөз, мағынасы — "мерзім", "шек".

Шариатта идда үш түрлі: бірі — ері өлгенде, екіншісі — ажырасқанда, ал үшіншісі — неке жойылғанда болады.

<sup>1</sup> Н. Өсеров. "Жеті жарғы", Алматы, 1995. 35-б.

<sup>2</sup> МОР. 142-б; Каз ССР. ф. 64, оп. 1, д. 5089, л. 81.

Әйелдер идда мерзімі біткеннен соң ғана некелесе алады. Ері өлгенде: идда мерзімі — екі қабат әйелдер үшін босанғанға дейін, азат әйелдерге — 4 ай 10 күн, күнге — 2 ай 5 күн. Егер күннің ерінен баласы бар болса, онда азат әйелдер секілді — 4 ай 10 күн, ері басқа жақта жүріп өлсе, өлген күнінен (хабар келген күнінен емес) саналады. Идда мерзімінде әйелге сән-салтанат құрып, боянуға тыйым салынады.

Қазақтарда ері өлген әйел міндетті түрде бір жылға дейін, яғни асын бергенге дейін күтеді, содан соң тұрмысқа шығып, некелесуге рұқсат етіледі.

Үш рет талақ айтып ажырасқанда (талақ арасын үзіп, арада күн өткізіп, ойланып айту керек) идда мерзімі белгіленбейді. Бірінші және екінші талақ айтылғанда әйелі ерінің үйінде қала береді. Ал, үшінші рет айтылған кезден бастап, әйел кете беруге құқылы. Талақты бірден үш рет айту үлкен күнә. Бірде Мұхаммед пайғамбарға біреу келіп: "Әйеліме бүгін үш рет талақ айттым" дегенде, Мұхаммед алейһис салам: "Сен не, Алланың кітабымен ойнайсың ба?" деп қатты ашуланған екен. Идда мерзімі ішінде әйелдің ері үйінен кетіп, басқа біреуге некелесуге құқығы жоқ.

Ерлі-зайыптылар жеке өмірін құпия ұстауларына ерікті. Олардың өмірі жайлы ешкімнің де талқылауға құқығы жоқ.

*Түсік тастау* (аборт). Шариат егер екіқабаттылық әйел өміріне қауіпті, денсаулығына зиян болмаса, ешуақытта да, қажет десеңіз бала заңсыз, рұқсат етілмеген зінәқорлық жолымен пайда болса да, түсік тастауға қатаң тыйым салады.

Екіқабат және босанған әйелді баласы емшектен шыққанша ешқандай жазаға тартуға болмайды. Қасақана түсік тастау зор қылмыс. Мәжбүрлеп түсік тастатқандар қатаң жазаланған. Іштегі бала үшін оның біту мерзіміне қарай құн (диат) төлеген. Қазақтарда да дәл осындай, баланың құрсақтағы мерзіміне қарай құн төлеген.

*Күнімен некелесу.* Қазақ тарихында да, шариат бойынша да қожасының күнімен тұрақты некелесуіне болады. Сол секілді күнін азат біреуге тұрмысқа беруіне ерікті, бірақ күнінің басына азаттық бермеуге де құқығы бар. Ал, күнін тұрмыс құруға емес, көңілділік жасауға беруі — арам. Құранда күнді жезөкшелікке итермелеуге тыйым салынған.

Шииттерде (ағымның атауы) күнімен уақытша неке

ғаспай, тоқырауға ұшырайды. Жер бетінде тіршілік тамам болады. "Ер адамның да, әйелдің де өзіне тиісті міндеттері бар. Міне, осы өзіне тиісті міндеттерін әрдайым дұрыс бөліп атқарса, онда қуаныш та, өмір мәні де толық болады" делінген қасиетті Құранда. Әйел міндеттерінің қасиеттісі — бала туып, оларды тәрбиелеп өсіру. Еркек бұл кезде тек қосалқы көмек бере алуы мүмкін. Бұл шақта анадан өзге ешкім де сәбиге қамқоршы бола алмайды. Сол себептен қазақта да, шариатта да баланы кәмелетке жеткенше ана тәрбиесінде қалдырады.

Некелесу — екі жақтың өзара келісімі. Бір жағы келісім бермесе, ешкім еш уақытта некені қия алмайды. Қанды араластырмау үшін жақын туыстастарға да өзара үйленуге тыйым салынады. Ал, бұл қағида біздің қазақтарда шариаттан да тереңірек.

Сонымен, біз отбасылық құқықтармен таныса отырып, оны құқықтық нормалардың ішіндегі ең маңызды бөлігі деп айта аламыз. Бұл құқықтар қазақтарда шариат заңдарына араласқанымен дәстүрлі әдеттік сипаттарын сақтап қалған. Қазақ тәртібінде құда түсіп, құй-рық-бауыр жесу, баталасу, қыз алып қашу, қалыңмал және неке қию міндеттемелеріне қоса, өте көп кәде-қауметтер, жол-жоралар бар. Қазақ заңы бойынша ер бала — 15, қыз бала — 16 жастан тұрмыс құруға құқылы. Жеті атаға дейін қыз беріп, қыз алыспау дүние жүзі халықтары арасында тек қазақтарға ғана тән құбылыс.

Қалыңмал басқамен некелесудің экономикалық басты факторы болғандықтан, кімнің малы көп, соларға тиімді болды. Сондықтан да байлар бірнеше әйел алып, өз отбасында жұмыс күшін көбейте алса, ал кедейлердің бір әйелге қолдары әзер жететін. Әсіресе, Қазақстанның Ресейге қосылуы нәтижесінде болған өзгерістерден әбден қайыршылыққа ұшыраған әрі туыстастық мәні кеміген шақта ешкімге үйленбей, тек әменгерімен өмірі өткендер қазақ қоғамында жиі кездесті.

Ерлердің құқы әйелдердің құқынан басым еді. Ері әйелін жазалай алды. Өзара разылықтарымен тұрмыс құру некелесудің басты шарты еді, бірақ "жоқшылық не істепеген" дегендей, қыздың ата-анасының басқаларға экономикалық тұрғыдан тәуелділігі қыздардың құқын толық пайдалануларына көбіне мүмкіндік бермеді. Демек, бұдан неке қиылғаннан соң, ол әйел тек ерінің ғана емес, бүкіл руының жекеменшігі іспеттес болғанын көреміз. Ері өлген әйелдің басқа рудан біреуге тұрмысқа шығуы қиынның қиыны саналған. Әрине, бұл қиын-

шылықтың да өз себеп-салдары бар. Мұның артында ері өлген әйелмен оның бала шағалары жетімдік көрмесін деген жақсы ниеттен туындаған "әмеңгерлік" институты тұр. Мұнан басқа да шариаттан тыс қағидалар (қыз алып қашу, қалыңмал, асына дейін аза түту. т.б.) бар.

Қазақтарда тек тұрақты неке болғандықтан, заңсыз жолмен бала туылып, мұрагерлікке таласу мүлдем ұшыраспаған. Рас, бала асырап алу қағидасы ара-тұра кездесіп қалғанымен, басқа рудан бала асырап алуға қазақтың әдеттік заңы мүлдем мүмкіндік бермеген. Ол бүкіл руға намыс саналған. Сондықтан қазақтар өз жақындарының баласын, онда да жатырынан бала болмаса ғана асырап алған. Асыранды мұндай бала заңды бала іспетті есептелген. Жаугершілік кезінде қолға түскен балаларды да қазақтар бауырына басқан. Бірақ мұндай балалар есік алдындағы қотшы есебінде ұсталған, есейе келе мал бағатын жалшыға айналған.

### Азаматтық құқықтар

Ежелден адамзат баласы, соның ішінде біздің ата-бабаларымыз да, мейлі іс-әрекеті болсын, мейлі жейтін тағамы болсын, мейлі сөйлейтін сөзі болсын, мейлі ойлайтын ойы болсын, бұларды адал мен арамға, жақсы мен жаманға, обал мен сауапқа, алғыс пен қарғысқа, күнәға бөледі. Осындағы — адал, жақсы, сауап, алғыс — тыйым салынбағаны, ал арам, жаман, обал, күнә — тыйым салынып, рұқсат етілмегендерін меңзейді. Адал еңбек етіп, адал тағам жеу, жақсы сөйлеу, мәміледе мүләйім болу, сауапты іс істеу, Алланың алғысын алу тәртіптілік есептеліп, ізгі адамдардың іс-әрекеті деп саналса, ал оның керісі жамандық. Сондықтан да, арам іс-әрекет күнәға, былайша айтқанда, тәртіп бұзушылыққа, қылмысқа алып барып соғады. Мұны жақсы түсінген ата-бабаларымыз ұрпақтарын арамнан сақтануға үндеп, оларға тыйым салған. Тыйым салынған іс-әрекеттерді жасаушыларды күнәһар, қылмыскер қатарына жатқызады. Бұл жайлы тәрбие қағидалары қалыптастырылып, көп мақал-мәтелдер, мысалдар мен нақыл сөздер шығарылған. Мысалы, "жақсымен жүрсең жетесің мұратқа, жаманмен жүрсең қаласың ұятқа", "ең күшті адам келген ашуын тежей алатын адам", "жақсылыққа — жақсылық", "жақсы істің бөрі де ірі", "жақсылық қыл — алдыңнан шығады", т.б.

Шариатта адал мен арамға мейлінше көңіл бөлінген. Олар он бір принциппен белгіленеді.

*Бірінші принцип* — заттың бастапқылығы. Бастапқы зат, яғни Алла тағала адам үшін жаратқан нәрсенің бәрі күнә, арам болмайды. Әлбетте, бастапқылығы жоқ, оған дәлел болмаған нәрсенің бәрі де күнәлі-арам болады. Құран аяттарына негіздей отырып, ғұлама ғалымдар заттың бастапқылығы, рұқсат етілетіндері жайлы былайша тұжырым жасайды. Мысалы, "Ол (Алла) сол, жердегінің бәрін сендер үшін жаратты" (әл-Бақара сурасы, 29-аят).

"Ол (Алла) сендерге көктегі мен жердегінің бәрін бағындырды" (әл-Жасия сурасы, 13-аят).

"Алланың сендерге көктегі мен жердегінің бәрін бағындырып, ғайып және айқын шапағатын төккенін не сендер әлде көрмейсіңдер ме?" (Лұқман сурасы, 29-аят).

Мұхаммед пайғамбар да: "Алланың адамзат міндетіне артқан және оны өзі анықтап берген шегін ұмытпаңдар, өздеріңе тыйым етілгендерді аттамаңдар, ол жайлы айтылмағандары болса, ақылға салыңдар" деген.

Заттың бастапқылығы нақты заттармен ғана шектелмейді. Ол діни міндеттерді орындаумен еш қатыстылығы жоқ іс-әрекеттер мен қылықтарды қамтиды. Бұл нәрселерді біз "әдет-ғұрып", "жол-жора", яғни адамдардың өзара қарым-қатынасының ережелері, өзара жасасқан мәмілелері, ішетін тағамдары деп айтамыз. Заттың бастапқылық принципі діни құқықтанушылар тыйым салмаған осы "әдет-ғұрып", мәмілелерді сақтаған кезде адал, рұқсат етілген деп есептеледі. Өйткені, "Ол (Алла) сендерге тыйым салынған не нәрсе екенін түсіндіріп берді ғой!" (әл-Анам сурасы, 119-аят).

Әдет-ғұрып, мінез-құлық нормалары, яғни адамдардың өзара қарым-қатынасын реттейтін мәмілелері діни құқықтанушылар тарапынан шығарылмаған. Олар тек ол әдет-ғұрыптың адамгершілікке қайшы келетін жақтарына ғана (мысалы, қыздарды тірідей жерге көму, арақ-шарап ішу, зінәқорлық, т.б.) тазартты. Сөйтіп, заттың бастапқылығы бірінші, әдет-ғұрып екінші компонент болып бірікті.

Бұл қағида-ережелерді адамдар қажетсініп, өз салт-дәстүріне қайшы келмейтіндей етіп, лайықтап кіріктірген. Сөйтіп, Алла тағала тарапынан тыйым салынбаған әдет-ғұрыптар да адал, рұқсат етілген болып табылады. Мысалы, қоғамда адамдар киім, ас-тағам, су мен ауаға қандай қажетсіңсе, олардың өзара қарым-қатынасын білдіретін сату мен алу, тарту мен сыйлық беру, қарыз алып-беру,

өсиет айту, т.б. секілді іс-әрекеттер мен қылықтарға да дәл сондай қажетсінеді.

Біздің ата-бабаларымыз бұған кішіпейілділікпен, ұқыппен қарап, тек әдепсіз түрлеріне ғана арам деп айдар таққан.

*Екінші принцип* — адал не арам деп айдар тағу құқы тек жалғыз Аллаға ғана тиісті деп көрсетілді.

Өзі жаратқан құлдарына Алладан өзге гұламалар да, айбатты әмірлер де, қаһарлы патшалар да тыйым сала алмайды. Егер де, дәл осылай етуші табыла қалса, онда олар шариат және ата-баба қағида-ережелеріне қарсы дұшпандықпен қарап, өзінің жердегі өкілдік құқын асыра сілтегені болып табылар еді. Құранда:

"Алла рұқсат етпеген нәрселерді дін де, әкім де заңдастыра алмайды. Кәне, оларды заңдастыра алатын оларда серіктестері, яғни құдайы бар ма екен?" (аш-Шура сурасы. 21-аят);

Алла еркінсіз адал мен арам деу құқығын пайдаланушыларға жаратушы хақ тағала "айт (Мұхаммед) Алла сендерге күнкөріске жібергендерінен өздерің арам не адал еткендеріңді білесіңдер ме?", айт тағы да; "Мұны сендерге Алла рұқсат етті ме немесе Аллаға сендер өтірікті ойдан шығарып, жала жауып отырсыңдар ма?" — деп.

Тағы да хақ тағала; "Тілдеріне келген өтірікті ойдан шығарып, оны Аллаға теліп, бұл — рұқсат етілген, бұ-ған — тыйым салынған деп, өтірік айтпаңдар, Аллаға өтірік жала жабушылар еш уақытта да бақытты болмайды" (ан-Нахл-сурасы. 116-аят).

Сондықтан да ата-бабаларымыз бір іс-әрекетті не бір нәрсені беталды адал не арам деп тыйым сала бермеген, оны көп болып ойлап, тәжірибеден өткізіп барып шешіп отырған, фәтуә еткен.

*Үшінші принцип* — игілікті нәрселерге рұқсат етілу тән. Құранда;

"Олар сенен (Мұхаммед) "не рұқсат етілген?" — деп сұрайды. Айт: "сендерге тек игілікті нәрселер ғана рұқсат етілген" — деп (әл-Маида сурасы. 4-аят). Сонымен тек игілікті нәрселерге рұқсат етіліп, ал адамзат баласына зиян әкелетін нәрселерге тыйым салынады екен.

*Төртінші принцип* — рұқсат етілгенге тыйым салу, тыйым салынғанға рұқсат ету тек Алланың еркінде.

Мәжәусилік дәуірде рұқсат етілгенге тыйым салу, тыйым салынғанға рұқсат ету әдеті қолданылатын еді. Мысалы, Құранда рұқсат етілсе де, жерде өнетін кейбір өнімдерді.

үй жануарларын, теңіз сыйларын пайдалануға тыйым салғаны үшін қасиетті Құран пұтқа табынушылар мен көп құдайға бас июшілерді айыптайды.

Олар надан еді. Егер інгені бес бота туып, соңғысы еркек болса, онда інгеннің құлағын кесіп, оған минуте тыйым салады, үстіне ештеме артпайды. Мұндай түйелерінің етін де жемеді, оны өз құдайларына арнады. Құран бұл тыйым салудың негізсіз екенін ескертіп отыр.

әл-Алам сурасында ас-тағамға қатыстылардың адал және арам екеніне толығырақ тоқталады (әл-Анам сурасы, 143-144-аяттар).

әл-Араф сурасында нәрселер мен қылықтардың қандайы арам, қандайы адал екенінен хабардар етеді (әл-Араф сурасы, 33-аят).

*Бесінші принцип* — адал арамға мұқтаж емес. Арам нәрселер мыналар:

Алладан оның құлдық етуін сұрау; өсімқорлық (арамдықпен пайда табу); құмар ойнау; тәкәппарлық; зінәқорлық; шарап пен есірткі пайдалану; қылмыс пен ұрлық жасау; ғайбат айту.

*Алтыншы принцип* — арамды жасауға мүмкіндік туғызатын нәрсенің өзі де арам.

Рұқсат етілмеген қылықтардың өзімен бірге оның жасалуындағы алғы шарттар мен дәлелдердің де арам екенін ислам ашық айтады. Мысалы, азғындық пен зінәқорлық арам, оның жасалуына мүмкіндік туғызатын нәрселердің бәрі де арам. Бұған әйелдердің әдепсіз, жалаңаш сыртқы көріністері, күнәлі-теріс қылықтары, жалаңаш денесі бейнеленген адам суреттері, надандық мінез-қылықтар, т.б. жатады.

*Жетінші принцип* — күнәға жетелейтін қулық-сұмдық та күнә. Ислам бойынша арамды жасауға мүмкіндік туғызатын алғы шарттар мен себептер күнә болғандықтан, осыған қатысты жасырын қулық-сұмдық пен айла-тәсіл де күнә болып табылады. Сонымен егер адамдар бір кәсіппен айналысып, сол кәсібінен қулық жол мен арам пайда табуға ұмтылса, мысалы, ішу үшін шараптың атын өзгертсе (исламда жұмсақ ішімдік арам болмайды) күнә болып саналады. Бұл күнделікті дағды мен әдетке, пайданың көзіне айналып бара жатқан болса, арамдық болып есептеледі. Ішімдіктер осы өсімқорлық пайданың оңай көзіне айналса, парақорлық күшейе түссе, қылмыстар өшу орнына өрши түссе, бұл қылықтар арамдық пиғылдан жасалған деп есептеледі.

*Сегізінші принцип* — жақсы ниет арамның жасалуын ақтай алмайды. Әлбетте, ислам да, зиялы адамзат та жақсы ниет пен ізгі амалды бағалайды. Оның бәрі де қағидалар мен заңдарда бекітіліп, принциптерінде орын алған. Егер, біреу-міреу тыйым салынған тағамды өз өмірін сақтап, әлсіреген денсаулығын түзеп, сонан соң Алла алдындағы парызын өтеу үшін күш-қайрат жұмсаса, онда оған бәрекедіден басқа сөз айтылмайды.

Сенушілердің қандай қылығын, іс-әрекетін алсақ та, онда ниеттің бөлшегі бар. Ал кінәлі қылық, адам қандай да бір жақсы ниетті басшылыққа алмасын, бәрібір кінәлі іс кінәлі, арам болып саналады. Сол себепті ислам да, ата-бабаларымыз да қандай ма болсын жақсы ниетті күнәлі істердің жасалуына құрал етуге рұқсат бермеген. Ислам қағидасы сондықтан да “мақсат құралды анықтайды”, “мақсатқа қандай жолмен болса да жету” деген принциптерді қолдап-қуаттамайды. Шындыққа тек шындық жолмен ғана жету керек.

*Тоғызыншы принцип* — күнә жасаудан қорқу, шүбәлы нәрседен қашу.

Бір не басқа іс-әрекетті істер алдында адамдар бұл дұрыс па, не бұрыс па, арам ба, не адал ма деп шүбә келтіреді. Сөйтіп, шүбә ниет пен сол істің істелінуі арасында ой туады. Шүбә келтіргендер ол ойын әбден ойланып алып, жүзеге асыруы не асырмауы тиіс.

*Оныншы принцип* — біреуге арам басқаларға да арам, күнә-қылмыс.

Рұқсат етілмеген іс-әрекет пен қылықтар барлық мұсылмандар үшін — арам. Ислам адал мен арамды арабтарға, араб еместерге деп айырмайды. Рұқсат етілмеген қылық негр не ақ адам үшін де бірдей. Сол секілді қоғам не топтар, ғұламалар мен патшалар, атақтылар үшін арнайы рұқсат етілген амалдар да жоқ. Алла олардың бәрі үшін жалғыз болса, Алла оларға да, ислам мен оның қағидаларына да бірдей. Алла рұқсат еткендерінің бәрі де оларға адал, ал рұқсат етпегендерінің бәрі де әмбеге арам. Мысалы, ұрлық істеу, оны істеуші мұсылман ба, жоқ па, оған қарамай арам саналады.

*Он бірінші принцип* — жоқтық арамды жасауға рұқсат етеді.

Ислам қағидаларында арамды жасауға мүмкіндік туғызатын рұқсат етілмеген қылықтардың біразына анықтама беріледі. Былайша, ислам дінге сенушілерге қатал қарап, адамзаттың әлсіз жақтарын, көкейкесті мәселелері мен өмірдің қиындығын ескермеген тәрізді болып көрінеді.

Бірақ шынтуайтына келсек, ондай емес. Ислам өмірдің өзі мәжбүрлесе не болмаса, адам өміріне қауіп төнсе, осындай жағдайларда кейбір тыйым салынған нәрселерді сақтамауға рұқсат етеді. Мысалы, мұсылмандарға ислам өлексені, қан, доңыз етін, т.б. жеуге тыйым салғаны белгілі. Бірақ өмірдің өзі бұл тыйымды бұзуға мәжбүрлесе, онда оны жеу күнә не арам болмайды. Бұл жайлы Құранның өзінде де айтылады: "Сендерге өлексені, қанды, шошқаның етін, Алланың есімін ауызға алмай бауыздалғанды арам қылды. Кімде-кім шектен шықпай, қарсылық келтірмей мәжбүр болса, онда оған күнә жоқ. Өйткені Алла тағала кешірімді де мейірімді" (Әл-Бақара сурасы. 173-аят).

Сол секілді "Алла сендерге жеңілдікпен қарайды, өйткені, адамдар әлсіз жаратылған" (ан-Ниса сурасы. 28-аят) деп, жеңілдіктер бергені айтылады. Мысалы, ауру адамға ораза тұтып, намаз оқымауға рұқсат етілетіні, емізулі сәбиі бар әйелдерге де дәл осындай жеңілдіктер берілетіні, т.б.

Өзінің ежелгі әдет-ғұрып ережелеріне сәйкес, исламды сырттай болса да қабылдаған біздің ата-бабаларымыз осы принциптерді үнемі назар тұтып, өз әдет-ғұрып заң нормаларын қалыптастыруда, бекітуде басшылыққа алған.

Азаматтық құқықта, әдет-ғұрып, шариат заңдарында да келісім, міндеттеме, мәмілелері бір жүйеге түсірілген. Оларда сауда-саттық міндеттемелеріне айырықша көңіл бөлінген. Келісілген ақысын алып, өз меншігі болып табылатын затын басқа біреуге өзара келісе отырып өткізу міндеттемесін сауда-саттық дейміз. Сауда-саттықтың шарты саналатын ережелерге мыналар жатады: екі жақтың өзара келісуі; келісушілердің кәметке келген болуы; ақыл-есі бүтін болуы; өз құқығына ие болуы; сатылатын зат өз жекеменшігі болуы; сатылатын затты тапсыру және қабылдап алу; сатылатын заттың заңдылығы; заттың санын, сапасын, салмағын, мөлшерін дәл белгілеп, анықтау; бағасын дәл анықтау (қанағат ету, артық не кем айтпау); сатылатын заттың тек пайдалы болуы.

Екі жақтың өзара келісуін шариат бойынша бір жағы "саттым", екінші жағы "алдым" деген сөздер білдіреді. Қазақтарда да осыған ұқсас. Екі жақтың келіскенін "сатып алдым", "саттым", "береке тап", "игілігіне ұста", "рақатын көр", "бұл зат өзі тозса да, өмірің тозбасын" деген сөздер мен алысылған қолдары білдіреді.

Сауда-саттық ережесінің бірі — келісушілер кәметке келген болуы шарт. Шариат бойынша он жасқа дейінгі жас балалармен жасалған сауда-саттық заңсыз деп табылады. Имам Ағзам қағидасында "ата-ана, қамқоршысының рұқсатымен балаларға сауда жасауға рұқсат етіледі" делінген. Демек, ұсақ-түйек сауда-саттықтарға рұқсат берілсе керек.

Келісушілердің ақыл-есі бүтін болуы шарт. Қандай да бір келісім болмасын, егер оны жасаушы тараптың бірінің ақыл-есі толық болмаса (мысалы, есалаң, жыңды, мас, т.б.) ондай келісім заңсыз деп саналады. Сол секілді заттың құнды екенін білмеушімен де жасалған келісім заңсыз деп табылады. Қазақтарда да, шариат бойынша да келісушілер өз құқына ие болуы шарт. Мысалы, қожасының рұқсатынсыз құлынның, ерінің рұқсатынсыз әйелінің меншігі емес заттарды сатуы не сатып алуы заңсыз.

Сатылатын зат өз меншігі болуы қажет. Ешкімнің басқаның мал-мүлкін иесінің рұқсатынсыз не сенім хатынсыз келісім-шарттарын жасап, сатуына немесе сатып алуына құқы жоқ. Жасала қалған жағдайда, иесінің талабы бойынша ондай келісім-шарт тез арада жойылып, сауда шарты бұзылуы тиіс.

Сол секілді ешкімнің жеке меншігі емес көпшілікке тиістілер, мысалы, жайылымдық жер, өзен, көл, мешіт, т.б. сату мен сатып алу объектісі бола алмайды. Сондай-ақ әлі шешілмеген, даулы затпен немесе әлі ауланбаған балықпен, піспеген жеміспен, орылмаған астықпен, т.б. сауда-саттық жасауға болмайды. Өйткені бұл жағдайлардың бәрінде де сауда-саттықтың шарттары бұзылған. Қазақтарда да жайылымдық жер, өзен, көл, арық, мешіт, қабірге тиісті жер, т.б. ежелден-ақ көпшілік пайдаланатын орын болғандықтан әрі көпшілік меншігі деп саналатындықтан сатылуға жатпаған.

Сауда келісімі тек сатушы сатып алушыға бере, тапсыра алатын, ал сатып алушы өз кезегінде қабылдап ала алатын затқа ғана жасалады. Әлбетте, қашып жүрген құлды, ұрланып әлі табылмаған затты не мүлікті сатуға болмайды.

Сатылған затты ерекше жағдайларда болмаса, сатушы өз мүлкінің құқын сатып алушыға бергендігі жөнінде жариялағанша, құжаттарын аударғанша, т.б. екі жақ келіскеннен соң сатушы сатып алушыға сол жерде затты тапсыруы тиіс, ал сатып алушы оны қабылдап алуы тиіс.

Кейде екі жақтың өзара не жазбаша келісімі бойынша сатылған затты не оның ақысын беру уақыты белгілі бір мерзімге созылуы мүмкін. Сатылған зат келісілгендей түр мен сапада болуы шарт.

Шариатта сатылатын заттың заңдылығы да қаралған. Яғни, арам деп есептелетін нәрсенің бәрі де сату мен сатып алу объектісі бола алмайды. Адал нәрсеге арам нәрсе араластырып сатуға да тыйым салынады. Өйткені, адал нәрсеге арам нәрсе араласып кетсе де сауда-саттықтың шарттары бұзылады. Сол секілді өкімет тарапынан белгіленген бағадан артық бағаға сату да арам болып табылады. Баласы бар күнді қожасы баласынан ажыратып сата алмайды.

Заттың санын, сапасын, мөлшерін, салмағын дәл белгілеп анықтау шарт. Бұл — сауданың басты шарттарының бірі. Сатушы өлшенетін затты дәл өлшеуге, сатылатын затты дәл санауға міндетті. Артық жегені үшін ол жалғанда қатты жауап береді. Сатып алушы да өз кезегінде беретін ақысын дәл беруі тиіс. Бірінен-бірі ажыратылуы қиын заттар мен нәрселер (мысалы, жан-жануар баласымен бірге, костюм астарымен, т.б.) бірге сатылады. Сатушы сатылатын затының сапасын жасырмай тура айта отырып, өз кезегінде ол заттың кемшілігін де ашық айтуы тиіс. Құранда да ол жайлы аз айтылмаған. Мысалы, "Өлшендер, бірақ әділдікпен өлшендер" (өл-Анам сурасы, 152-аят) деп, ал алдаушылар қиямет күні ауыр азапқа душар болып, азапталатынын ескертеді.

Бағасын дәл анықтау керек. Зат қайсы елде сатылса, сол елдің ақша өлшемімен белгіленеді. Заттың бағасын сатушы қанағаттылық деңгейінде анықтағаны дұрыс. Өйткені, алдау мен арбау, қанағатсыздық мұсылмандыққа сыйыспайды. Мұсылман шыншыл, әділ, қанағатшылдығын әрдайым ісінде, дінінде, саудада көрсетуі тиіс. "Алдаушылар бізбен бірге емес" деп Мұхаммед пайғамбар текке айтпаған.

Сауда-саттықта алыпсатарлық шариат заңы бойынша қолдауға лайықсыз іс-әрекет есебінде қаралады. Бұл сауда-саттықтың дамымаған дәуірін елестеді. "Кімде-кім тамақ өнімін 40 күн бойы алып сатумен айналысса, онан Алла, Алладан ол қашықтайды" депті Мұхаммед пайғамбар. Ол онан әрі: "күнәкар болғың келмесе, алып-сатудан аулақ қаш" дейді. Тағы да: "алып-сатушының бишаралығы сонда, оған зат арзандап жатыр десең қапа болады, ал қымбаттап жатыр десең қуанады" дейді. Сол себепті де Мұхаммед: "баю мақсатында сатып алған зат-

тың бағасын көтерсе, Алла оны қиямет күні тозақта азаптайды" деген.

Сауда-саттықта делдалдыққа (маклер) рұқсат етіледі. Бірақ ол екі талапты есінен шығармағаны абзал. Ол: бір жағына ауытқымай, екі тарапқа да әділ болуы тиіс; екі жақты да алдамай, өз еңбегіне лайықты пайда табуы тиіс. Делдалға саудаласқан екі жақтың сатушы жағы белгілі бір мөлшерде сыйлық ретінде ақы береді.

Сатылатын зат пайдалы болуы тиіс. Адамға тек пайда келтіретін заттарды ғана сауда-саттық объектісі етуге рұқсат етілген. Кейде дәрі ретінде зиянды заттарды (жылан, улы шөп, т.б.) сатуға рұқсат етіледі. Сол секілді, ислам тыйым салған нәрселер, мысалы: арақ-шарап, доңыз еті, пұт, крест, әйел бұрым шаштары, т.б. сату және сатып алу объектісі бола алмайды. Сондай-ақ біреу-дің жасап жатқан саудасын бұзуға, затын асыра мақтап әсерлеуге, қарғануға тыйым салынады.

Зат сатылатын орын ыңғайлы, кең, жарық болуы шарт. Жұма күні бесін намазы кезінде сауда-саттық жасауға тыйым салынады. Ас-тағам өнімдерін, құл мен күң, үй жануарларын сату мен сатып алуға шариат ерекше көңіл бөледі. Күнді баласынан, малды төлінен, құсты балапанынан ажыратып сатуға болмайды. Жеміс пен көкөністі, астық өнімдерін әбден піскенде ғана сатуға рұқсат етіледі. Көктей сатуға болмайды. Үй жануарларын сату мен сатып алу кезінде олардың сыртқы және ішкі кемшіліктері түгел айқын айтылып, сату талап етіледі. Сатып алушыға 3 күнге дейін сауда-саттық келісімін бұзып, шартын жоятын құқық береді.

Ірі сауда-саттық міндеттемелерін жасау кезінде екі жақ өз куәлерін келтіруге, келісімді жазбаша жасауға міндетті. Онда сату мен сатып алуға қатысты шарттар түгел қамтылып, айқын жазылуы тиіс.

Бекітілген келісімді бұлжытпай орындау екі жаққа да жүктеледі. Екі жағы да келісім-шарттарын орындамағаны себепті келтірген шығындары, сондай-ақ өз кінәсінен бүлінген не жоғалтылған, зақым келтірілген заттары үшін жауапты болады.

Шариат бойынша сатушы өз куәгерлерін сот алдына мына жәйттерде келтіреді:

— баға жөнінде дау шықса; заттың кемшілігі білініп, не зақымдалған, бүлінген деген дау болса; саны мен сапасы даулы болса.

Сатып алушы да заттың саны, мөлшері жайлы дау шықса, төлем мерзімі даулы болса куәгер келтіреді. Куәгерлерін келтіре алмаған жағы ант ішеді. Сауда-саттық шарттары мен міндеттемелерінің тоқтатылуы және жойылуы туралы ережелер шариятта молынан кездеседі.

Егер заң бұзылмай, келісім қағаздары дұрыс толтырылса, түгелімен орындалуы тиіс не болмаса, міндеттеме екі жақтың өзара разылығымен тоқтатылады.

Келісім төмендегі жағдайларда жойылады:

— екі жақ әлі тарқамай, алғаш келісім-шартты жасасып жатқан кезде оны өзгертуге, тіпті жоюға құқылы. Ал тарап кетсе, онда келісім толық заңды күшіне енеді;

— үй жануарын сатып алушы оны үш күнге дейін иесіне қайтарып, келісімді жоя алады;

— келісімге келген екі тарап арнайы шарт қабылдап, бір-біріне белгілі бір мерзім ішінде сауда-саттық жайлы міндеттемелерін жоюға құқық бергенде;

— сатушы тарапынан сатып алушыға қулық жолмен затын сатқаны анықталса, онда сатып алушы сауда-саттық міндеттемесін жоюға құқылы;

— сауда-саттық келісімі жасалып, шарттарға қол қойылғаннан кейін, екі тараптың бірі алыс-берісті созса, онда екі тараптың келісімді созған жағы үш күн ішінде жасалған міндеттеме шарттарын жою мүмкіндігіне ие болады;

— сатып алушы келісім жасалғанмен, қабылдап алу арасында алынған зат сыртқы көрінісін, сапасын жойды деп дәлелдей алса, онда келісімді жоюға құқылы;

— сатып алушы заттың кемшілігін, айыбын үш күн ішінде анықтап, дәлелдеп көрсетсе, онда ол затты иесіне қайтарып, кеткен шығынын өтетіп, міндеттеме-келісімді жоюға құқылы.

### Қ А Р Ы З ( д а й н )

Біреудің зәру нәрсесін, жоғын біліп, қанағаттандыру — адамзат баласының өзара қарым-қатынастарындағы ең жақсы қасиеттерінің бірі. Сол себепті хадистерде бұл жайлы ерекше айтылады. Мысалы, “қарыз сұраушының бір беті қара, бар болып бермегеннің екі беті қара”, “қарыз берудің сауабы өте көп”, т.б.

Мұсылмандық құқықтануда қарыз міндеттемесі екі түрлі:

— бірі дайн — ақша не мал-мүлікті ақы-төлемсіз

белгілі бір мерзім ішінде дәл сондай затпен не алған ақшаны түгел, сол мөлшерде қайтарып беру міндеттемесін жүктеп, қарыз беру;

— екіншісі, берілген ақша не мал-мүлікті белгілі бір мерзім ішінде дәл сондай затпен не ақшалай түгел қайтару әрі қосымша пайда беру міндеттемесін жүктей отырып қарыз беру.

Міндеттеме талаптары:

— міндеттеме жасалған екі жақтың өзара келісімі;

— қайтару не төлеу мерзімін анықтау;

— заттың санын, сапасын, салмағын және мөлшерін дәл анықтау;

— қарыз алушының берілген затты не ақшаны өз иемденуіне қабылдауы;

— қарыз алушы белгіленген мерзімге дейін банкрот деп жарияланбаса, ешкімнің қарыз міндеттемесінің орындалуын талап етуге құқы жоқ;

— ата-анасының қарызы үшін, олар өлгенде артында қалған жас балаларынан мирасқор қамқоршысының рұқсатынсыз төлеуге тыйым салынады.

Қарыз міндеттемесі ауызекі не жазбаша куәлер қатысуымен жасалады. Куәлер көзінше берілуге тиісті зат не ақша қарыз алушыға берілуі тиіс.

Әлбетте, біреуге қарыз беру, жоқтарға садақа бергеннен де сауапты. Мұхаммед алейһис салам: "әрбір мұсылман ақирет күнінде садақасына он есе, ал берген қарызы үшін он сегіз есе сыйлыққа ие болады" деген екен.

Қарызға арам нәрселер берілмейді. Ал берілсе, шариат соты алдында ол жарамсыз деп табылады. Ондай істер сотта қаралмайды. Қарыз міндеттемелері бойынша таластартыс туындаса, екі жақтың да жауабы антпен дәлелденеді.

Қарыз міндеттемесі қарыз толық иесіне қайтарылғанда, кейде қарыз беруші кешірім еткенде жойылды деп саналады.

## ССУДА (арие)

Ссуда беру міндеттемесі — біреудің пайда көру мақсатында екінші біреуге өз жеке меншігіндегі мал-мүлкін пайдалануға беруі әрі қалаған кезінде талап етіп, берген мал-мүлкін қайтарып алуы.

Бұл міндеттеме төмендегі талаптарға сай жасалады: екі жақтың өзара келісімі; оның шарты-ақысыз болуы;

берілетін зат пайдалануға әрі пайда табуға жарамды, өзі жойылып кетпейтін зат болуы тиіс; берілетін зат өз мақсатында әрі сол пайдаланылатын елдің әдет-ғұрып, дәстүріне сай пайдаланылуы тиіс; заттың сақталуы ссуда алушыға жүктеледі; берілген заттан түскен пайданы ссуда алушы өз шешімімен жұмсай алады; берілген заттың қайтарылу мерзімі белгіленбейді; кәмелетке жетпегендермен ақыл-есі кемдерге ссуда берілмейді; ссуда алушы берілген затты иесінің рұқсатынсыз басқа біреуге бере алмайды.

Бұл міндеттеме тек ауызекі жасалады. Сондықтан да өзгермелі міндеттеме саналып, екі жақтың кез келген бір жағының талабымен міндеттеме жойыла береді. Ссуда бойынша талас-тартыс туа қалса, ссуда беруші куә келтіреді.

Ссуда қазақтарда көбіне малмен берілген. Бай қазақтар өздерінің кедей туыстарына көш-қонда пайдалансын не мініс көлігі болмаса сауып ішіп отырсын деген ниетпен берілген. Алушы бұл малды міндетті түрде қайтарған. Бірақ ол алғаны үшін ақы төлемеген. Шығын малың ғана орнын толтырған.

*Сақтауға беру* деп зат иесінің бір затын не мүлкін басқа біреуге сақтап, қарап тұруға аманатқа беруін айтады.

Сақтауға беруге қатысты ереже-талаптар: екі жақ өзара келісуі тиіс; сақтауға алушы адамның ол затты пайдалануға құқы жоқ; сақталуға берілген зат не мүлік иесінің талап еткен кезінде қайтарылуы тиіс; сақтауға алушы ол затты бүлдірмей, түгел сақтауы тиісті. Жанды зат болса, қамқорлық жасап, кейін сақтау кезінде кеткен шығынын сақтаушы талап ете алады.

Сақтауға алушы затты түгел не бүлдірмей сақтай алмаған екі жағдайда:

— селқос қарағандықтан жойылған не бүлінген;

— берілген құқықты шектен тыс пайдаланса, яғни ол затты өз пайдасына жаратса, басқа біреуге иесінің рұқсатынсыз берсе жауапты болады.

Кәмелетке жетпегендерге, есі дұрыс еместерге бір нәрсені сақтауға беруге тыйым салынады. Ал, керісінше жағдайда сақтауға алушы есі бүтін, кәмелетке жеткен адамның өзі жауапты болады.

Сақтауға беру міндеттемесі өзгермелі болғандықтан бір тарапының тілегімен жойыла береді. Сақтауға беру міндеттемесі дау тудырса сақтаушының куәлігі келтіріледі, ал куәгері болмаған жағдайда ант ішеді.

Қазақтарда көбіне сақтауға аманат ізгі де сенімді адамдарға берілген. Сақтағаны үшін ақы алынбаған. Қазақтар еш уақытта "аманатқа қиянат жасамаған".

*Жалға беру.* Жалға беру екі түрлі: мал-мүлкін жалға беру және өзінің жеке басын жалдау.

Жалдау мен жалға беру деп біреуге бір мерзімге жалға өзінің жеке қызметі мен күшін немесе мал-мүлкін беруді айтады.

Жалға беру мен жалдану үшін:

- екі жақтың өзара келісімі;
- екі жақтың мүліктік иелену құқына ие болуы;
- жалданушының өз жеке басының еріктілігі;
- кәмелетке толған, ақыл-есі бүтін болуы (кейде жас балалар ата-анасының, қамқоршысының рұқсатымен жалдануға ерікті);
- жал мерзімі және ақысы, жалданушының атқаратын жұмысы мен қызметі көрсетілуі тиіс.

Қашқын құл мен иесіз мал-мүлікті жалға беруге болмайды. Тек рұқсат етілген нәрселер ғана жалға беріледі.

Жалға алушы ешқандай пайда таба алмаса да міндеттемеде көрсетілген ақыны төлейді, жалға берілген құл мен жануарларды асырап-бағу міндеті жалдаушыға жүктеледі, жалға алынған мал-мүлікті жалға алушы басқа біреуге пайдалануға беруге құқылы, жалға берілген мал-мүліктің сақталуына жалдаушы жауапты.

Баласын емізу үшін басқа бір әйелді тек ерінің рұқсатымен ғана жалдай алады.

Қазақтар көбіне пайдалану үшін жұмыс көлігін уақытша жалға алған. Жоқшылықтан кісі есігіне малай болып жалданған. Жал ақысының ретінде біраз бөлігі алдын ала берілген. Капиталистік қатынастың енуі нәтижесінде өндіріс орындарында жалдамалы жұмысшылар тобы пайда болды. Шариатта жалдаушының жалшыны ұрып-соғуына, аямай жұмысқа салуына тыйым салынады.

Жалға беру мен жалдау міндеттемесі өзгермейтін міндеттеме болғандықтан куәгерлер алдында өзара келісіп, міндеттемені ауызша немесе жазбаша жасайды. Төленетін ақы жөнінде дау-дамай бола қалса, онда жалға беруші куә келтіреді, ал жалға алушы ант ішеді. Бұл міндеттеме өзгермейтін болғандықтан тек куәгерлер алдында не сотта жойылады. Сондай-ақ міндеттеме жасасқан екі жақтың бірінің өліміне байланысты да жойылады.

Жеке адам жалданғанда жалдаушы өлсе, оның мұрагерлері жалдың мерзімі біткенше оны созуға құқылы.

*Серіктестік.* Серіктестік міндеттемесі — екі не онан көп адамның белгілі бір мөлшердегі ақшаларын не заттарын, не бұйымдарын біріктіре отырып, өзара келісілген шарттар бойынша кеткен шығын мен пайданы қосып дойларына орай бөлісу келісімін айтады.

Шариат бойынша бұл міндеттеме сот не куәгерлер алдында жазбаша жасалады. Серіктестік құруға төрт жағдайда рұқсат етеді:

— біркелкі заттарды жалпы сауда айналымына түсіру үшін біріктірілген серіктестіктер;

— кәсіптері ұқсас, тапқан пайдасын тең бөлісетін серіктестіктер;

— иелігі мен капиталдары өз алдына бөлек серіктестіктер;

— заттары мен капиталдары жоқ немесе жеке басқара отырып, түскен пайда мен шығынды бөлісетін серіктестіктер.

Серіктестіктерге қойылатын талаптар: өзара келісімдері, міндеттемеге кірушілердің өз жеке меншік иелігі болуы, заттар мен капиталдардың біркелкі келіп бір бүтінге қосылуы, түсетін пайда мен шығынды өзара келісе отырып белгілеу, серіктестік мүшелері әрқайсысының ортақ мал-мүлікті басқару құқылығы.

Серіктестік мүшелері өзара келісілген жағдайда қабылданған міндеттеме жойылады. Жалпы ортақ мал-мүлік сауда айналымынан түскен пайда мен келген зиян есептеліп, алынғаннан соң бөлінеді. Бөлісу кезінде оған барлық серіктестік мүшелері не олардың сенімді адамдары қатысуға міндетті.

*Тапсырыс.* Тапсырыс міндеттемесі деп капитал иесінің өз қаржысын басқа біреуге сауда-саттықпен айналысып, одан түскен пайданы онымен шартта көрсетілгендей бөлісуді айтады.

Тапсырыс ережелері:

— тапсырысқа берілетін нәрсе тек сауда-саттық жасалатын елде жүретін ақшамен саналуы тиіс. Ал, алтынды, күмісті, т.б. тапсырысқа беруге тыйым салынады;

— орындаушыға берілетін ақысының мөлшері пайда бөлігінің қаншасы болатыны анықталуы тиіс, пайданың бөлігі екі жақтың келісімі бойынша екіден бір, үштен бір, сегізден бір, т.б. болуы мүмкін. Сауданы бастамай тұрып, міндеттеме шарты бұзылса, қаржы иесі кеткен шығынды өзі көтеріп әрі орындаушыға еңбегі үшін ақы төлейді;

— қаржы иесі қай жерде, қайсы уақытта және қанша мезгіл бойына сауда-саттық жасауды анықтауға құқылы;

— міндеттеме мерзімі ішінде орындаушы адам түскен пайдадан күн көрісін алуға құқылы;

— орындаушы адам қаржы иесінің рұқсатынсыз қаржыны басқа адамға бере алмайды, орындаушы егер, өз кінәсінен болмаса, келген зиян мен пайдасы жоқ сауда айналымы үшін жауап бермейді;

— міндеттеме екі жақтың келісімімен жасалады;

— міндеттеме қаржы иесінің ақшаны орындаушыға берген кезінен бастап, өз күшіне енеді;

— міндеттеменің жасалуы жайлы дау-талас туындаса, қаржы иесі куә келтіреді, ал орындаушы ант ішеді.

Тапқан пайда жайлы таласта орындаушы куә келтіреді.

Тапсырыс міндеттемесі өзгермелі міндеттеме болғандықтан екі жақтың бірінің тілегімен жойылады.

*Ескерту:* жерді өңдеп, оны егу және бау-бақшаны қарап, оны басқа біреуге пайдалануға беру міндеттемелерін имам Ағзам қағидасы заңсыз деп санағандықтан, біз ол жайлы әңгіме етпейміз.

*Сенімхат.* Сенімхат — бір істі немесе тапсырманы орындау үшін бірі екіншісін өкіл еткен екі адам арасындағы келісім.

Сенімхатқа қатысты ережелер:

— екі жақтың өзара келісімі;

— кәмелетке толған, ақыл-есі бүтін, өзін-өзі игеру құқына ие болуы;

— өкілдің сипаттары (ізгі, шыншыл, абыройлы, т.б.);

— өкілеттік берілетін заттың немесе істің заңдылығы (мысалы, өзі үшін намаз оқуға, ант ішуге, пәктенуге, т.б. өкіл ету заңсыз. Азаматтық мәміленің барлық түрлері мен келісімдеріне, некеге, ажырасуға, құн дауына, т.б. өкіл етіп бекіту заңды) қажет;

Қожасының рұқсатымен құл да өкіл бола алады.

Сенімхат куәгер екі ер адамның куә қатысуымен жазбаша жасалады.

Сенімхат өзгермелі міндеттеме болғандықтан екі тараптың бірінің талабымен жойылады.

*Кепіл.* Кепіл — берешекті адам қарыз берушіге келісілген уақытында қарызын қайтарып бергенше үй-жайын немесе мал-мүлкінің бір бөлігін беру міндеттемесі.

Кепілге қатысты ережелер:

— екі тараптың өзара келісімі;

— кәмелетке жеткен, ақыл-есі бүтін, өзіне-өзі және мал-мүлкіне иелі құқы болуы;

— кепілге беретін затына жеке меншіктілік құқы болуы.

Кепілдік зат қарызды төлеуден босатпайды.

Қарызданушы өз мерзімінде қарызын өтей алмаса, кепілге қойылған зат сатылуға жатады.

Қарыз төлену мерзімі біткенге дейін қарыз беруші зат иесінің рұқсатынсыз кепілге қойылған затты иемдене де, сата да алмайды.

Кепілге қоюшы қарызын өтегенге дейін кепілге қойылған құл не күң болмаса, жан-жануардың күнкөрісін де (нафақасын) беруі тиіс.

Кепілге қойылған нәрсенің сақталуына қарыз беруші жауапты болады.

Бұл міндеттеме ауызекі, куәгерлердің көзінше жасалады.

Міндеттемеден туындаған дау-таластарда екі жағы да куәлер келтіреді.

Қарыздың түгел төленуімен бұл міндеттеме жойылады.

**Сыйлық.** Сыйлық деп біреудің екінші біреуге жеке меншігі етіп, сыйлыққа өз дүние-мүлкінің бір бөлігін беруді айтады. Сыйлық туыстастар, жат адамдар, қожасы мен құлы, қарыз беруші мен алушының арасында болады.

Ертеде қазақтар достарымен өзара сыйлықтар алмасқан. Күрделі сыйлықтар (мысалы, үй-жай, машина, т.б.) жазбаша түрде, ал ауызекі түрдегісі куәгерлер көзінше берілген. Дос болу институтының тамыры тереңде жатыр. Бұл дәстүр сонау ғұн, сақ, батыс түрік қағанатына тіреліп, сүйек тамыр, дос тамыр, т.б. түрлері болып, ол кездерде дос болу туыстықтан да жақын болған.

**Өсиет айту.** Өзі өлгеннен кейін өзінің жеке меншігіндегі мал-мүліктің бір бөлігін басқа біреуге өсиет етіп беретін міндеттемені шариатта өсиет айту дейді.

Өсиет айтудың шарттары:

- өсиет етілетін зат, мүліктің айқын болуы;
- өсиет етілетін заттың заңдылығы;
- басқа жат адамға мал-мүліктің үштен бірінен артығын мүлдем өсиет етіп бере алмауы;
- өсиет күшіне өсиет етуші адам өлгеннен кейін кіреді.

Өсиет бойынша алынған мал-мүлік тиісті адамның жеке меншігіне айналады.

Өсиет бойынша алынған мал-мүлікке зекет, хумс, т.б. салықтар салынбайды.

Мұсылман кәпірге, кәпір мұсылман адамдарға өсиет ете береді.

Өсиет айтушыға тиісті ережелер:

— өсиет айтушының кәмелетке толуы; толық ақыл-есінде болуы;

— өзін-өзі игеруі;

— өз мал-мүлкіне өзі иелік ету құқы болуы тиіс.

Өсиет екі куәгердің алдында жазбаша да, ауызекі де жасала береді.

Өсиет бірнеше рет айтылса, ең соңғысы заңды деп саналады. Бұл міндеттеме өзгермелі болғандықтан өсиет айтушы оны өзгерте де, жоя да алады.

Қазақтарда да өсиет айту маңызды орын алған. Марқұмның өлеріндегі өсиетінде, артында қалған жас балаларының, жесірінің, қара шаңырақтың, тіпті енші алып кеткен балаларының, ұзатылмаған қыздарының мүддесі және өліктің жетісін, қырқын, жүзін, асын беру шығындары түгелдей ескеріле отырып айтылады. Бұрынғы замандарда қазақтарда жазбаша өсиет болғанын, қазақтардың отбасылық әдет-ғұрыптарын жете зерттеуші Х.А.Арғынбаев та қуаттайды. Жазба өсиеттермен қатар қазақтарда көбіне куәгерлер алдында өсиет ауызша айтылған. Бұл жайлы мұрағат қоймаларында деректер өте көп сақталған.

Өлген әкенің артында мұра есебінде мал, жер (қыстау), үй-жай, мүлік, ақша және жесір, тіпті ертеректе құл мен күң де қалатын. Мұндай мұраны әкенің көзі тірісінде бөліп беру, өлгеннен соң туысқандар арасында реніш болмауын көздеуден туындайды. Кейбір жағдайда қимас досына мұра есебінде бергісі келген малың, затын мұрагерлеріне айтып, тапсырып кетуге тырысқан. Мұндай айтылған өсиет міндетті түрде орындалып отырған. Ал енді басқа елден асырап алған баланы өгей әке өзінің заңды мұрагері еткісі келсе, өсиетінде бұл жайлы жариялауға құқы болған. Мұндай жағдайда асырап алған бала мұрасына ешкім шек не нұқсан келтіре алмайды.

Егер әке көзі тірісінде өсиет етпей, кенеттен өліп кетсе, әкенің туыстары әке мұрасын асырап алған балаға билетпейді. Оған әдеттегі туған ұлға берілетін енші мөлшерін толығымен беріп, үйленбеген болса, қалыңмалын қоса беріп, өз еліне аттандырып, қалған мал-мүлікті өздері бөлісіп алған.

*Қамқоршы.* Мұсылмандық құқықтануда қамқоршы үш түрлі: туыстық жағынан қамқоршы; өсиет айтылуы бойынша қамқоршы; өкімет тарапынан тағайындалған қамқоршы болады.

Қамқоршыға қойылатын талаптар: кәметке толған болуы; ақыл-есі бүтін болуы; өзі шыншыл, ізгі, жақсы мінез-құлықты болуы тиіс.

*Ескерту:* егер анасы біреуді қамқоршы етіп белгілесе, онда ислам діні талабы бойынша әйел белгілегені үшін қамқоршыға әкеден қалған мал-мүліктің жартысын ғана, яғни екіден бірін беріп, басқартады.

**Қамқоршыға қатысты ережелер:**

— өсиет арқылы қамқоршы белгіленсе, онда екі ер адам куәгер ретінде қатысуы міндетті;

— қамқоршы болатын адамның келісімі қажет;

— екі не одан көп қамқоршы белгіленсе, онда олар өзара тығыз байланысып, келісіп басқарады. Қамқоршы қамқорлық жасағаны, жетімдерді тәрбиелеп, өсіргені үшін ақы алмайды.

Қазақтарда қамқоршы болып, ең жақын туысқандары бекітілген. Бұл — қазақ халқының артықшылығы. Өйткені қазақ халқы туысқандық қасиетті мықты ұстанып, марқұмның артында қалған мұрагерлеріне жетімдік көрсетпей, панасына ең жақын туыстары алып отырған. Сондықтан да қазақтарда арабтардағыдай не басқа халықтардағыдай қамқоршылық шиелініске бармаған.

*Татуластыру.* Араздасқан екі адамды татуластыру ораза тұту мен намаз оқудан да сауапты. Мұндай араздасушыларды бітіммен де татуластырады. Бітім екі жақтың өзара келісімі нәтижесінде жасалып, еш уақытта жойылмайды.

Араздасушылар "ара би" таңдауға құқылы. Бітістіргені үшін "ара би" ақы талап ете алған.

Қазақ қоғамында араздасқандарды татуластыру, ренжіскен екі руды табыстыру билердің басты мақсаты болған. Билер дау-дамайды қарағанда ең алдымен екі жағын әрдайым татуластыруды көздеген. Ал, ренжіскен екі адамды ауыл ақсақалдары татуластырып, бір-бірінен кешірім сұратып отырған. Қазақ халқы өзара ренжісуге жиіркене қараған. Сондықтан да "өкпелесен өкпе асып берейін" деп әжуалай қараған.

Бәйге, жүлде, т.б. Шариат мұсылмандарға ойын-сауық өткізуге, жаппай көңіл көтеруге рұқсат етеді. Әсіресе, садақ ату, атқа шабу, суға жүзу, күресу, жүгіру, т.б. спорттық ойындарға көп көңіл бөледі. Мұхаммед алейһис саламның өзі де адамдардың үнемі ақжарқын жүріп, бір-бірімен әзілдескенін, денсаулықтарын жақсартатын: жүгіру, секіру, атқа, түйеге міну, мергендікке жаттығу, күрес, т.б. жақсы көріп, кейбірімен өзі де айналысқан.

Мысалы, оның жасында күрескер балуан болғаны, нысанаға дәл тигізетін мерген болғаны жайлы деректер өте көп.

Қазақтар да ойын-сауықшыл, әзілкеш, сөз қадірін білетін әңгімеқұмар, әншіл, оның үстіне ат құлағында ойнайтын шабандоз, әбжіл де күшті болған. Оған ат үстінде өскендігі, бұған өмірдің өзі мәжбүр еткені әрі жауынгер халық болғаны тарихтан да белгілі.

Бәйге өткізудің ережелері: бәйге өткізушілер келісімі; бәйгеге қойылатын сыйлықтарды анықтау; көмбені тағайындау, ара қашықтықты белгілеу; жарыс көлігінің заңдылығы; шабандоздың денсаулығы мен икемі.

Көмбеге қайсы аттың құлағы бұрын өтсе, сол ат бұрын келді деп саналады. Ат, түйе, қашыр, өгіз, есек, піл, т.б. жарысы өткізіле береді.

Қазақтарда ат, құнан жарыстары, жорға жарысы деп атала береді. Әлбетте, ат жарысынан гөрі құнан жарысы қашықтығы (айналымы) қысқа болады.

Садақ, мылтық, т.б. атудың ережелеріне мыналар жатады: ара қашықтықты белгілеу, нысананы белгілеу (Мұхаммед пайғамбар жанды нәрсені нысана етуді қаралап, олай етуге тыйым салған), ату құралының бірдейлігі: салмағы, ұзындығы, т.б., қанша оқтан атылатынын белгілеу, сыйлықтың мөлшерін белгілеу.

Қазақтар карта сияқты, құмар ойындарын ойнамаған халық. Шариатта да бұл секілді ойындар арамға саналып, оны ойнауға тыйым салған. Мұсылман діні тірі атаулыны бір-бірімен ұрыстырып, төбелестіруді қолдамайды. Мысалы, ит пен итті, әтеш пен әтешті, адам мен адамды, т.б. Қазақ қоғамында да ертеде бұл ойындарға жиіркене қарап, оны қоғам қолдамаған.

Қазақтардың арабтардан бір ерекшелігі, қазақтарда "көкпар", "қыз қуу" секілді ат үсті ұлттық ойындары ежелден бар. Олар ат құлағында ойнап өскен халық. Оған жастайынан үйренген. Жалпы, қазақтар ұлына да, қызына да ерік беріп, оларды еркіндікке үйреткен. Сондықтан да, қазақтар көршілес мұсылман халықтар іспетті әйелдерін түмшалап, пәренже кигізбеген. Қазақ әйелдері ойын-сауыққа еркін араласып, инабаттылықтың ұйытқысы болғанын барлық зерттеушілер де жазып қалдырған.

## Сот ісін жүргізу

Қазақ тарихында билер сотының, билердің қоғам өміріндегі орны мен маңызы ерекше зор болды. Олардың болмысы мен іс-әрекеттері еркіндік, халықтық сипатқа толы. Көшпелілердің салты бұзылмай тұрғанда билер, билер соты ел басқаруда күрделі де тиімді міндеттер атқарған. Билер туралы зерттеулер баршылық. Біз бұл арада кейбір сот дәлелдемелеріне тоқталуды ретті деп таптық.

*Мойнына алу.* Қазақ әдет-ғұрып заңында да, шариатта да мойнына алуды негізгі дәлелдемелер қатарына жатқызады. Жауапкер істеген іс-әрекетін, қылмысын мойнына алса, сот ісінің басты шарты орындалды деп санауға болады. Егер сот айыпкердің мойнына алуын "алдау" деп тапса, оны жоя алады.

*Ант ішу.* Ант тек Алла атымен ішiледi. Анттың дұрыстығы үшін төмендегі талаптар кәде тұтылуы тиіс: ант ішушінің ант ішiлетiн iс-әрекеттiң әдiлдiгiне iштей өзi сенiмдi болуы, ант мәжбүрлеусiз түрде берiлуi, ант ішушінің болған істі нақты білуі, ант ішушінің кәметке келген болуы, ақыл-есiнiң бүтiн болуы, өзiн-өзi игере алуы, iстiң болу мүмкiндiгi.

Ант ішу көбіне әулиелі жерде, мешіт ішінде, қабырстанда, ата-баба жұртында, т.б. жерлерде, жұма күні өтеді.

Ант ішу қаралатын іс-әрекетке нүкте қойылды деген сөз.

*Діни ант және таубаға келу.* Біреу бір тілегі не ісі табысты аяқталатын болса, Алла үшін оған ұнамды бір іс істеймін (мысалы, бір құл азат етемін, т.б.) не құрбандық шаламын деп берген діни антын шариатта — нәзір дейді. Қазақ арасында бұл сөз де, тәртіп те көп тараған жоқ. Нәзір сөзбен айқын әрі нақты айтылуы тиіс. Нәзір айтушы кәметке толған, ақыл есі бүтін, мұсылман, өзін-өзі игере алатын және дүние мүлкіне иелік құқы болуы тиіс. Нәзір өзiнiң iшкi сезiмiмен мәжбүрлеусiз айтылса ғана заңды деп саналады.

Қазақтарда ант ішу жолдары шариатта ұқсас. Тек исламға дейін ата-бабаларымыз ант ішкенде "Көк соқсын", "Тәңірі ұрсын" деп қасам ішетін.

Нәзірді қасақана орындамағандар кәфарат төлеулері қажет.

*Кәфарат* — мұсылман адамға жасаған күнәсі үшін таубаға келгенде, жазықты ісіне пәктенуде орындауға

бұйырылған іс-әрекет, яғни төлем. Кәфарат мына жәйттерде беріледі: байқаусызда адам өлтірсе, ораза ережесін сақтамаса, нәзірді қасақана орындамаса, ант ішу ережесін бұзса, рамазан айын заңсыз іс-әрекетімен арамдаса. Кәфаратқа берілетін заттар мен нәрселер: құл азат ету, ораза ұстау, садақа беру.

Кәфарат істелінген күнәсі, қылмысы үшін беріледі. Әлі істелінбеген күнәлі іске кәфарат берілмейді. Яғни, алдын ала беруге болмайды.

Байқаусызда кісі өлтіргендер екі ай бойы ораза тұтуы немесе алпыс аш адамды тойындыруы не киіндіруі тиіс.

*Мұрагерлік.* Қазақ халқы ежелден-ақ мұрагерлікке ерекше көңіл бөлген. Қайсы заманда, қандай заң шығарылса да мұрагерлік ол заңдардан шет қала алмаған. "Қасым ханның қасқа жолында да", "Есім ханның ескі жолында да", Тәуке ханның "Жеті жарғысында да", тіпті Ресей боданы кезінде де бұл мәселе көрнекті орын алған.

Ежелден келе жатқан әдет-ғұрып қағидалары бойынша әке мұрасына иелік ететіндер марқұмның балалары, әке-шешесі, аға-інілері, жақын туыстары, қала берді аталас ағайындары болатын.

Әке орта жастан асып немесе қартайып өлген уақытта, ол өзінің тіршілігінде артында қалатын мұрагерлеріне тиісті үлестерін беріп "ұлын ұяға, қызын қияға ұшырып" үлгерген жағдайда қара шаңыраққа, мал-мүлкіне ешкімнің дауы болмай, оған енші алмаған кенже баласы түгелдей ие болып қалады. Мұндайда әке артында тірі қалған шеше екінші рет күйеуге шығу мәселесін қозғайтындықтан "мұрагерлік" әңгіме болмай, кіші баласының үйінде отыра береді.

Ал, әке жастай өліп, артында жас балалары мен жас әйелі қалса, онда әменгерлік әдет қағидасы бойынша өлген адамның бірге туған ағасы не інісі, ондай туысы болмаса немере, шөбере туысқандары, қала берді аталас ең жақын жанашыры жемгесіне үйленіп, мал-мүлкіне заңды түрде иелік ететін.

Жесір қалған ана тұрмысқа шықпай, балаларын бағып отыра беремін десе, оған зорлық жасалмаған. Қайта бүкіл туыстастары жетім қалған балалар мен жесір әйелді қамқорлыққа алған.

Жесір әйел әменгерлік әдетке мойын ұсынбай, басқа біреуге өз еркімен тұрмысқа шыққысы келсе немесе төркініне кетпек болса, онда әдет-ғұрып заңдары бойынша әрекет етіліп, басқаға жіберілмеген, ал жібере қалғанның өзінде жесірге тек өзінің киім-кешегін, тәсек-орны мен мінер атынан басқа ештеңе берілмеген.

Ал, төркінінен келген жасауына ешкім таласпай, ол әйелдің өзіне берілген. Бірақ, тиетін күйеуінен айып есебінде үш тоғыз не бір қызға берілетін қалыңмал алынған.<sup>1</sup>

Шешесі басқа күйеуге шығып кетсе, жас балалары әкесінің туыстарында қалады да, әкеден қалған мал-мүлік олардың қамқоршысының қолында болады.

Өлген адамның артында ешбір бала қалмаса, жесір әйел мал-мүлкімен әменгерлік жолмен күйеуге шығады. Ал, әменгерлік жолмен шыққысы келмесе, болмашы үлесін ғана алып, мұрагерліктен мақұрым қалады. Қалған мал-мүлік пен дүние ең жақын мирасқорларына өтеді.

Өлген әкенің артында жесір мен ұзатылмаған қыздары қалса, әйел күйеуге шықпай, өлген ерінің түтінін түтетіп, артын күтіп отыра беруге құқылы. Мұндай жағдайда жақын туысының ер баласын асырап бауырына басады. Халық бауырына басып алған баланы "асыранды бала" деп атайды. Қыздары ержетіп, тұрмыс құрғаннан соң, бұл асыранды бала жоғарыда айтқан қағида-ережелер бойынша сол шаңыраққа иелік етеді.

Әке-шеше бірдей өліп, артында жас қыздары қалса, мұра аға-інісіне өтеді. Бірақ олар қыздарды ер жеткізіп, тұрмысқа бергенде жасауымен аттандыруы тиіс. Одан артылған мал-мүліктерді туысқан мұрагерлері өзара бөліседі.

Жасауымен келген әйел жастай өлсе, төркініне жасауы қайтарылған. Егер қызы қалса, онда жасаудың жартысы, ал ұл бала қалса, ештеме де қалдырылмаған.

Сонымен, қазақ халқының әдет-ғұрып заңдары бойынша бұл мұрагерлік мәселесіне ерекше мән беріп, мұраның мұрагерлер арасында әділдікпен бөлінуін қатты қадағалаған. Туысқандар арасында реніштер пайда болып, көңілдері бір-біріне суымауын ойлаған. Бұрын енші алған балалары әке мұрасынан, егер ол бөліске түссе, мұрагерлік құқы мен мұрасын алып отырған. Н.Гродеков: "енші алған балалары әкесінің қару-жарағын, жақсы киімдерін көзіндей көріп жүру үшін алады"<sup>2</sup> — деп жазады.

Әдет-ғұрып заң нормалары бойынша меншігіндегі мал-мүлкін өлер алдында өз туысқандарынан басқа адамға қалдыру өте сирек кездеседі. Бұл "алдымен өзінді жарылқа" деген Құран қағидасынан туындаса керек.

<sup>1</sup> Л. Ф. Баллюзек. Көрсет. шығ., 98-107-б. И. Добросмыслов. Суд биев у киргиз Тургайской области в XVIII и XIX веков. Казань, 1904, 57-б, т. б.

<sup>2</sup> Н. Гродеков. Көрсет. шығ., 47-б.

Шариатта да мұрагерлікке зор көңіл бөлінеді. Мұрагерлік құқы исламда да туысқандық жағына беріледі. Шариат бойынша туысқандық үш дәрежеге бөлінеді: ата-ана және балалары; аға-іні, әпке-қарындастары; ата-анасының тікелей туыстары. Қазақтар мұрагерлік құқын тек әке жағынан тараған туыстарына берсе, ал исламда жақын туыстары болмаған жағдайда ана жағының, яғни нағашы жұртының туыстарына да осындай құқық беріледі.

Шариатта заңсыз туылған балалар әке мұрасына ие бола алмайды. Тек анасының мұрагері ғана бола алады. Қазақтарда тұрақты неке түрі болғандықтан заңсыз бала жайлы қағидалар қалыптаспаған.

Шариатта мына жәйттер бойынша мұрагерлікке рұқсат етілмейді:

— мұрагер адам өлтірген қанды-қол болса; азат емес, құл болса; теріс бата берілсе; хабар-ошарсыз кетсе (он жыл бойына); көпір болса.

Ең жақын мұрагерлері тұрғанда кейінгілеріне мұра бөлінбейді. Мысалы, балалары бар болса немерелеріне, немерелері болса шөберелеріне т.т.

Мұра: жартыға, төрттен бірге, үштен бірге, үштен екіге, алтыдан бірге, сегізден бірге бөлінеді. Әйел адамға ер адамға тиісті мұраның жартысы беріледі. Қазақтарда да дәл осы секілді бөлінеді.

Мұра былайша бөлінеді:

— баласы өлсе, ата-анасы басқа мұрагерлері (туған балалары) болмаған жағдайда мұраны толық алады;

— ер адамға бір, әйелге жартысы берілетін қағида бойынша толық мұраның әкесі — үштен екісін, қалғанын анасы алады;

— ата-анасы мен өлген марқұмның артында аға-інісі қалса, анасына алтыдан бірі, қалғаны әкесіне беріледі, ал аға-інілеріне мұра бөлінбейді;

— марқұмның артында ата-анасымен балалары қалса, ата-анасына мұраның алтыдан бірі ғана тиесілі;

— марқұмның артында тек балалары ғана қалса, мұра оларға мұралық қағидасымен теңдей бөлінеді;

— ұлдан туған балалар тұрғанда қыздан туған балалар мұрагерлік құқыққа ие бола алмайды.

Сол секілді жарты мұраны әйелі өлген баласы жоқ ері, бір ата-анадан туылған апа-сінлісі алады. Ал ата-анасынан жалғыз қыз қалса, мұраның жартысы соған да тиісті.

Төрттен бірін әйелі өліп, баласымен қалған ері немесе баласыз қалған әйелі алады. Сегізден бірін ерінен соң балаларымен қалған әйелі алады. Үштен бірін ерінен баласыз қалған әйелі алады.

Үштен екісін бір ата-анадан туылған екі қыз болса, солар алады. Алтыдан бірін балалары бар ата-ана, анасына жақын, яғни анасымен бірге туған туыстары не әке жағы аға-інісімен алады.

Кейінгі туыстық дәрежелер де мұраны бөліскенде жақындығына, жынысына қарай бөлінеді.

Қазақтарда да алдымен мұраға ер жыныстылар ие бола алатынын, ал шариатта көрсетілгендей, тек жартысы ғана берілетінін тағы да ескерткіміз келеді.

*Куәлік беру.* Өзіне белгілі бір іс-әрекет, қылық жайлы, мейлі ол өзінің туған туыстары болса да, оларға қарсы іс-әрекет болып табылса да, әрбір адам (мұсылман) болған не көрген шындықты айтып, куәлік беруге міндетті.

Шариатта қажет десеңіз оқып жатқан намазын бұзып, куәлік беруге рұқсат етеді. Куәлік беруден бас тартқандар заң бойынша жазаланады. Әлбетте, куәлік ешбір мәжбүрлеусіз өз еркімен, әділдікпен берілуі тиіс.

Куәлік берушіге қатысты ережелер: кәмелетке жеткен болуы, ақыл-есі бүтін болуы, иманды болуы, әділ, ізгі, солқылдақ емес болуы, екі жаққа да дұшпандық ниетте болмауы, болған іс-әрекетті білуі.

Шариат бойынша ауыр қылмыстық істер бойынша төрт ер адам куәлігі, ал ұрлық-қарлықта, т.б. қылмыстарда екі ер адамның куәлігі жетеді. Қазақтарда да осыған ұқсас болған.

Жас балалар, ақыл-есі кемістер, өтірікшілер, сол секілді құлы қожасына, әйелі еріне куәлік бере алмайды. Сөйтіп, шариат заңы бойынша зінақорлық пен қасақана кісі өлтіргенде төрт ер адам, қысас пен хадд<sup>1</sup> үшін екі ер адам, мұнан басқа кезде екі ер адам немесе бір ер, екі әйел куәлік берсе бола береді. Қыздың тұрмыс-қашыққанда оның пәктігі жайлы, ұл не қыз бала туылғандығы жайлы, т.б. күмән болғанда бір әйел адамның куәлігі жеткілікті.

*Сот процесін жүргізу.* Билер сотында да, шариат заңы бойынша да сот процесіне жәбірленуші мен қараланушы — айыпкер, екі жақтан да куәлер қатыса алуға

<sup>1</sup> Қысас, хадд, тәзір — шариатта жаза түрлері.

құқылы. Жәбірленуші мен айыпкер жақтың бірі сот процесіне қатыспаса, сот істі қарамайды. Сотта қаралаушы да, ақтаушы да болмайды. Олардың міндетін сот өзі алады. Шариат бойынша сот істі қарағанда жүзін Меккеге (құбылаға), ал шииттер арқасын беріп отырады. Сот процесіне куәлер де шақырылады. Сот ісі ашық, жиылған көпшілік алдында жария түрде өтеді. Соттың шешімі Құранға, суннаға, иджмаға, қиясқа<sup>1</sup> және әдет-ғұрып заңдарына сүйене отырып шығарылады. Билер сотында әдет-ғұрып ережелері басым келеді. Билер еркіндік, бұқаралық принциптерді көбірек ұстайды.

Сот өз шешімін факті мен ойына сүйенбей, қылмыскердің қылмысын мойнына алуына не куәлердің бұлтартпас айғақтарына немесе берілген антқа қарап шығаруы тиіс. Кінәлі деп саналған адам өз қылмысын мойнына мәжбүрлеусіз алып, болған іс-әрекетті айтып беруі шарт.

Куәлер еш уақытта ант ішпейтіндіктен, әділ де иманды болулары қажет. Мұсылман адам еш уақытта әділдікті аттамауы тиіс. Өтірік куәлік берушілер ол дүниеде де, бұл дүниеде де жазаланады.

Жәбірленуші куәлер келтіре алмаса, онда өзі ант ішеді. Ант та куәлік бергендей мәжбүрлеусіз болып, ант сөзі айқын да анық айтылады. Шариат бойынша сот қарап жатқан іске байланысты ант кейде елу ретке дейін қайталануы мүмкін. Жазбаша айғақтарға сот онша мән бермейді. Сот процесіне әркімнің кіріп, тыңдауға құқы бар.

Сот процесі былайша жүреді: азаматтық істерде жәбірленуші (ал қылмыстық істерде — айыпкер) бастап, болған істің мән-жайын шындықпен айтып шығады. Сот әрдайым екі жақты бітістіру ниетінде болады (бізде де билер нақ осы пікірді ұстанған). Жауапкер болған істі мойындауы не мойындамауы және үндемеуі мүмкін. Мойындаса іс бітеді. Жәбірленушінің шағымы орындалады. Мойындамаған жағдайда куәлер шақырылып, істің байыбы тексеріледі. Куәлер жеткіліксіз болса, оның дәлелдемелеріне сот қанағаттанбаса, онда жәбірленуші ант ішеді. Жәбірленуші ант ішуден бас тартса, айыпкер ақталады.

Жауапкер үндемеген, соттың сұрағына жауап бермеген жағдайда сот қайталап сөзге тартады, бірақ мәжбүрле-

---

<sup>1</sup> Шариатта Құраннан кейін сунна (Мұхаммед көрсеткен жол-жобалар), иджма (Мұхаммедтен соңғы 4 халифалар шешімдері), қияс (кейінгі ғұламалар ұстанған, ақылмен ойлап-пішілген шешімдер) қайнар көз деп есептеледі.

мейді. Тіпті үндемесе, онда мойындағаны болып табылады.

Қазақтарда да билер сотының осы іспетті жүретіні, сот процестерінің жүргізілу ұқсастығы әмбеге аян. Қазақтарда дау-таласқа айыпкер жағы да, жәбірленуші жағы да өз билерімен келетінін деректерден жақсы білеміз. Кейде екі жақтың билері халық алдында айтысып, жеңгені мен жеңілгені анықталып, билік сотқа жеткізілмей сөзге, әділеттікке тоқтап, бітімге келген.

Кейде айыпкер де, жәбірленуші де бір биге жүгініп, дауын қаратқан. Би екі жағын тыңдай отырып, іс байыбына жетіп, билік шешімін шығарған. Көбіне мұндай істерді атақты, елге даңқы шыққан билер қараған.

Кейде қаралатын істің күрделілігіне орай, төбе би белгіленіп, дау шешілген. Қазақтар көбіне елге белгілі, әділдігімен елге аты таныс биді іздеп келіп, өз дауларын қаратып, жүгінетін болған.

Ірі дауларды, қоғамға маңызды дегендерді, ірі рулар мен тайпалар арасындағы дау-жанжалдарды ханның өзі қатыса отырып, билер алқасы шешкен.

Шариат сотының да, билер сотының да шығарған шешімдері жылдам орындалған. Орындалмағандары өте сирек кездеседі. Мұндай кезде шариат соты үкімін орындауды мемлекет өзі қолға алса, қазақтарда жәбірленуші жақ өз қолына алып, айыпкер жақтың туысқандарына барымта жасап, бидің шешімін орындауға тырысады. Бірақ, шындығын айтсақ, ол шешімдердің орындалуына күштеуші органдардың қажеті де болмаған.

Әсіресе, қазақтарда бидің істі шешуінен гөрі оның орындалуы жылдам болғанын барлық зерттеушілер жазып қалдырған. Өйткені көп алдында бәтуаға келіп, шешім қабылданған соң, сөзде нық тұрып үйренген қазақтар сөзіне опа берген.

Қазақтардың билік сотында (шариатта да) істі жария, көпшілік алдында шешкендіктен іс үнемі әділ шешілген, куәлер еш уақытта да өтірік куәлік бермеген. Алладан қорыққан. Істің барысын қатысушы жұртшылық көріп, сыншысы да солар болған. Бұл істі қараушы сотты да, куәлік берушілерді де, қылмыскерді де болған істі дәл, нақты көрсетуге мәжбүрлеген.

Жекеменшік құқықтарына қатысты ережелерде ұқсастық көп. Басқа біреудің жеке меншігіне жататын мал-мүлкін шариат қағидасын сақтамай иелену де (мысалы, тауып алу, т.б.) тартып алу секілді болып, имам Ағзам қағидасы бойынша арам саналады. Шариат қағидасын

сақтамай иеленушілер ондай мал-мүлікті зиян келтірмей иесіне табыс етуі тиіс. Ал иемденген жағдайда ол ұрлыққа жатады.

Қазақтарда осыған ұқсас иемдену институтын "барымта" дейді. "Барымта" деп біреудің мал-мүлкін сыртынан алып кетіп иемденуді айтады. Бірақ бұл қазақтарда өзіндік ерекшеліктері бар әрі әдет-ғұрып заңымен рұқсат етілген іс-әрекет. Негізінде барымтаның мәні — бидің шешімі орындалмаған жағдайда, не болмаса жан ашуы үстінде (кісісі өліп) біреудің малын оның ықтиярынсыз сыртынан айдап әкелу, мүлкін рұқсатсыз иелену. Екі жақтың дауы бітiскен кезде барымталанған мал-мүлік түгел есептеліп, еске алынады. Сөйтіп, барымта жасау, былай қарағанда, басқаның мал-мүлкін білдірмей алып кету. Мұның мәнісін білмегендер әр саққа жүгіртеді. Біреулер "билік шешімді орындау үшін істелін-ген" десе, екіншілері ұрлық есебінде қарайды. Үшіншілері кеткен кегінің қарымтасы деп санайды. Бірақ қазақ әдет-ғұрпында барымтаны ұрлыққа жатқызбайды.

Барымталаудың мұнан басқа да сан-алуан себептері бар: біреудің ақ баталы жесірі немесе ақ некелі әйелі кетсе, кісі өлтірген жағы тиісті құнын созып, жәбірленушіге бермей жатса, біреудің қорық жеріне басқаның малы жайылып бүлдірсе, қыс қыстауына, жаз жайлауына біреулер рұқсатсыз қонса, ортаға түскен олжадан тиісті сыбағасын бермесе, асқа-тойға шақырмай, елеусіз қалдырса, бидің шешімі орындалмай жатса, арнайы келіп түскен қонаққа тиісті сыбағасын бермесе, т.б. жағдайларда әдет-ғұрып қағидалары бойынша барымта заңды деп саналады.

Барымтаны ежелгі тәртіп бойынша, өз ақсақалдары рұқсатымен, күндіз жасайды. Өйткені мал күндіз күзетсіз болады. Барымта кезінде қақтығыста кісі өлімі болмайды. Оның үстіне білдірмей айдап келген малын, мүлкін жасырмайды. Кісі өліміндегі барымта басқа жағдайларға қарағанда анағұрлым ауыр келеді. Өйткені адам өлген жағы ашу үстінде кісі құнынның мөлшеріне дейін мал қуып алса да ерсі деп есептелмейді. Малынан айырылған жақ дауды тез шешуге атсалысады.

Шындығына келсек, барымта қоғамды ыдырататын құбылыс. Сондықтан да билер істі барымтаға жеткізбеуге тырысқан. Оның үстіне әр ру не тайпаның ақсақалдары лаж жоқта ғана болмаса, бет алды барымта жасауға рұқсат бере бермеген. Қазақстанның Ресейге қосылғанынан кейін патша әкімшілігінің саясатына орай барымта

мәні күрт өзгеріп кетті. Сөйтіп, барымта барымтаға емес, үрлыққа айналды.

*Табылған заттар жайлы.* Табылған заттарды шариат үш бөлікке: тастанды бала, мал мен құл және зат-мүлік деп бөледі.

Біріншісі — яғни, тастанды бала бұрын қазақ қоғамында мүлдем кездеспеген. Өйткені үйде отырған қыздың бала көтеруі тіпті болмаған. Оның орнына баласы жоқтар бала асырап ала алған. Бірақ мұндай асыранды бала өзге заңды балалардай өгей әке-шешесінің мұрагері бола алмаған. Ол заңда мұрагер болуы үшін асырап алған әкесі көзі тірісінде ел-жұртты жиып, туысқандарына бұл жайлы жариялап, өзі өлгеннен кейін мұрагері екенін айтуы тиіс. Тек сонда ғана асыранды бала мұрагерлік құқыққа ие бола алады.

Ал, шариат бойынша тастанды балалар есіктегі құл, қотшы бала болып қалады. Ал имам Ағзам қағидалары бойынша тастанды балаларды құлға айналдыруға тыйым салынған.

Табылған мал-мүлік, құл қожасына қайтарылып, сүйіншісі немесе қайтарылғанға дейін бағып-қаққаны үшін ақы сұралған. Имам Ағзам қағидасы бойынша аштарды бағып-қағу уәжиб<sup>1</sup> іс саналып, әрбір мұсылманға міндеттелгендіктен, оған ақы талап етілмейді. Қазақтарда да осы іспетті. Тек сүйінші сұрауға болады. Заттың қожасы беру, бермеуді өзі шешеді.

Табылған мал-мүлік пен құл бір жыл бойы ұсталады, содан соң иесі табылмаса, сатылады.

Бағасы бір дирхамнан асатын табылған затты, иесінің рұқсатынсыз пайдалануға болмайды. Бір жыл күтіп, иесі табылмаса ғана тапқан адам пайдалана алады. Бірақ ол зат еш уақытта тапқан адамның меншігіне айналмайды. Қашан болмасын, иесі шыға қалса, затты тауып әрі оны пайдаланған адам заттың иесіне жауап береді. Сондықтан мұсылман елдерінде жоғалған затты жоғалтқан орнынан тауып алуға болады. Оны ешкім жымқырып, пайдаланбайды.

Қазақтарда бір білімсіз осы кезде тауып алған затты "кімдікі?" деп үш рет айқайлап, жария етсе, ешкім үндемесе, онда пайдалана беруге болады деп қағида шығарыпты. Әрине, бұл заңсыз екені өз-өзінен белгілі. Бұған да шүкір. Қазір тауып алған зат түгіл, маңдай теріңмен тапқаныңды күштеп тартып алып жатқан заман болды ғой! Ақырын Алла берсін!

---

<sup>1</sup> Уәжиб, парыз, суннат, макруһ, адал, арам, мустахаб, жәйз, мүбах, т.б. деп шариатта амалдарлы, іс-әрекеттерді бөледі.

Малдың, балықтың, т.б. ішінен шыққан қымбат зат та табылған зат есептеліп, жекеменшікке айналмайды.

### Қылмыс пен жаза

Қазақтарда қылмыс істеген адамдарды қылмыскер деп қарамайды. Қазақтарда қылмыскер деген термин де жоқ, оларды "жаман іс істеуші", "пері соққан" атайды деп жазады кеңес өкіметіне дейінгі және кейінгі зерттеушілер де<sup>1</sup>. Олардың айтуынша, қазақтар қылмыскерлерді "күнәкар" деген ұғыммен алмастырып қарайды.

Қазақтар көшпелі қоғам өмірінің ішкі тыныштығын сақтау, адам өмірін қамтамасыз ету мәселелеріне қатты мән берген. Оны біз "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы" және Тәуке ханның "Жеті жарғысынан", сол секілді басқа да ірі қазақ заңдарынан көреміз. Оларда негізінен мынадай қылмыстардың құрамдары беріледі: кісі өлтіру, ұрлық, тонаушылық, бүлік шығару, зінәқорлық, дене мен адам мүшелеріне зақым келтіру, әйелді зорлау, діннен безу, біреудің қонысын иелену, т.б.

Әлбетте, қазақтар қасақана кісі өлтіру мен абайсызда кісі өлтіру, кездейсоқтықта кісі өлтіру, асау аты не мініс көлігі тепкісі нәтижесінде кісі өлімі, бір жаққа жұмсағандағы кісі өлімінен бастап, онан туындайтын себептермен бірге барлық жағдайда өлген адамның өлу себептерін егжей-тегжей анықтап, тексергені хақ.

Адамның қалайша, не себепті өлгені анықталғаннан кейін сондағы қылмыскердің қылмысына орай — өлім жазасына, құн төлеуге, не жарты құн төлеу жазасына, тіпті ат-тон айыппен құтылатын жазаға да кескен. Өз кезегінде кісінің қалайша өлтірілуіне қарай жаза да ауырлай түскен. Мысалы, өлген адамның сүйегі қолға түспесе, не болмаса адам асқан жауыздықпен өлтірілсе, әлбетте, оның жазасы да ауырлай түсетіні сөзсіз. Сол секілді қылмыстың жасалу орны мен жасалған уақыты да маңызды орын алады. Күндіз істелінген қылмыстан түнде істелінген қылмыстың жазасы ауыр. Өйткені күндіз әркім көмекке келе алады, ал түнде жұрттың бәрі де ұйқыда болады дегендіктен. Оның үстіне түнде қылмыскердің қолында не бар екені, түр-түсі аңғарылмайды.

<sup>1</sup> Мысалы, *Н. Гродеков*. Көрсет. шығ., 141-б; *П. Е. Маковецкий*. көрсет. шығ., 59-б; *А. А. Словохотов*, көрсет. шығ., 105-б; *С. Созақбаев*, көрсет. шығ., 26-б; *С. А. Фукс*, көрсет. шығ., 66-б., т.б.

Он бесінде стау иесі болғандықтан қазақ әдет-ғұрпы заңы бойынша кім де болсын он бес жасынан бастап, істеген қылмысына жауап берген. Әлбетте, жауаптан есі бүтін еместер, екіқабат әйелдер, құл мен күң босатылған. Олар қылмыс субъектісі бола алмайды.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарына көз салсақ, оның бәрінде де жасаған қылмысына сай жазасын тарту, ал қылмыс неғұрлым ауыр болса, "қанға — қан, жанға — жан" принципімен жазалау, ал онан гөрі жеңілдеу болса құн талап ете алған. Құнды бүкіл руластары болып төлеген. Басқа қылмыстар үшін тоғыздардан тұратын айыптар төлеген.

Ең ауыр қылмыс болып кісі өлтіру, зінәқорлық, біреудің отбасына бүлік салу, діннен безу, ата-анасын ұру, өкіметке қарсы көтеріліс жасау, т. б. табылады.

Жазалау түрлері: өлім жазасы, тас боран ету, масқаралау, дүрелеу, кешірім сұрату, аяғына жығу, т.б.

Жазалау екі түрлі: басымен тартатын жаза, малымен тартатын жаза болады.

Басымен тартатын жаза болып дүре, өлім жазасы, қолаяқты кесу, масқаралау, тас боран, қара сиырға теріс мінгізіп бетіне күйе жағу, байлап қойып сабау, т.б. арқылы жүзеге асырылған.

Малымен тартатын жаза: айып төлеу, ат-тон мен шапан кигізу, құн төлеу, тоғыз айып тарту, т.б. арқылы жүзеге асырылған.

Жаза қылмыскердің қылмысы анықталып, мойнына қойылғанда ғана қолданылады.

Қылмыстық айып:өзі мойындағанда, куәлер бұлтартпас дәлелдермен мойнына қойғанда ғана дәлелденді деп есептеледі.

Жазалауға жататын адам кәмелетке толған, ақыл-есі бүтін, өзі істеген іс-әрекетіне өзі жауап бере алатын болуы тиіс. Егер қылмыскер жазалау кезінде өліп кетсе, оған құн төленбеген. Ал сот не би әділетсіздік жасап не болмаса тиісті жазадан артық жаза белгілесе, ол дәлелденгенде сот не би өлген адамның құнының жартысын төлеген, не алған жазасы үшін (жазықсыз не артық) айып төлеген.

Қылмыстың түріне қарай куәлердің де саны әр түрлі болады. Ол жайлы әр қылмыс түрін әңгіме еткенде айтуға тырысамыз.

Куәлерге қойылатын талап, олар уақиғаны нақты да анық, уақыты мен уақиға болған орынын дәл көрсете алуы тиіс. Қазақтарда өтірік куәлік берушілер масқараланып, екіншілей куәлік беруге қатыстырылмаған, ондай

адамдарға сенімсіздікпен қараған. Көпшілік орындарда сый-сияпатқа ие бола алмаған.

Шариат соты бойынша куәлердің қарама-қайшы куәлік беруі олардың бәрін де жазалауға алып барған. Мысалы, зінәқорлық жасады деп айып тағылғанда төрт ер адам куәнің екеуі немесе үшеуі ғана куәлік берсе, төртіншісі қарсы куәлік берсе не бермесе, онда төртеуі де жазаланады. Бұл отбасын сақтаудан туындаған әрі әйелге бәле жаппасын дегендіктен ғана болса керек.

Шариат қылмыстық заңдарды жүйелеп, өз алдына жеке бөлмейді. Қылмыс пен күнәні бірдей қарайды. Қылмыс не күнә жасау дегеніміз бір мағынада болып, бұл екеуі де Алла алдында да жазалануға жатады деп есептелінеді. Қазақтарда да дәл осындай пікір қалыптасқан. Расында да әрбір істелінген қылмыстық іс — күнәға, әрбір күнә — қылмысқа алып барып соқтырады. Қылмыс бұл дүниеде жазаланса, ал күнә бұл дүниеде де, ол дүниеде де жазаланады. Сол себепті де күнәнің көтерер жүгі ауыр.

Жазаны азаптау, азап беру дейді. Жаза сөзі де, азап сөзі де араб тілінен енген. Жаза бұл өмірде де, ол өмірде де беріледі. Мысалы, кісі өлтірушіні бұл өмірде де жазалайды, ол дүниеде де Алла қатты азапқа салады.

Шариатта бұл өмірдегі жаза төрт түрлі: қысас, диат, хадд және тәзір болып бөлінеді.

Қысас жазасына көбіне кісі өлімі, адамның дене мүшесін зақымдау, мерттіктіру жатады. Мұны шариат "адам құқына қол сұғу" деп қарайды. Қылмыстың бұл тармағында ежелден келе жатқан "қанға — қан, жанға — жан" дәстүрі ерекше орын алады. Ислам "қанға — қан, жанға — жан" дәстүрі тек өлтірушінің өзіне ғана тиесілі, туысқандарына қатысты емес, өйткені қылмыскер қылмысы үшін жеке өз басымен жауап беріп отыр деп есептейді.

Құранда кісі өлтірушіні қатты қаралай отырып, кісі өлтірушіге кешірім беруді де қолдайды.

Өлген жақтың туысқандары кешірмесе, онда кісі өлтіруші қанды қол өлтіріледі. Исламның көптеген ағымдары қанды қол өлген адамды қалай азаптап өлтірсе, өзін де дәл солай өлтіруді қолдайды. Ал, имам Ағзам қағида-сында қылмыскерді қинамай, тез өлтіру жағын, мысалы, қылышпен басын кесу, т.б. қолдайды.

Ал өлген жақтың туысқандары кісі өлтірушіден "қанды кек" алмай, орнына құн (диат) аламын десе құқылы. Тіпті, еш нәрсе де алмай кешіруі мүмкін. Мұндай жазаның тәрбиелік мәні тіпті орасан.

Кісі өлімі қасақана немесе абайсызда болуы мүмкін. Қасақана кісі өлтіруші құнды қолма-қол, ал абайсызда кісі өлтіруші үш ай мерзім ішінде төлеуі тиіс.

Құн мөлшері: ер адам үшін 100 түйе немесе 1000 динар, не болмаса 200 өгіз не 2000 қой. Бұл имам Ағзам қағидасы бойынша. Әйел адамның құны — ер адамның құнының жартысына тең. Кісі өлтіруші құн төлеуге шамасы келмесе, туысқандары қосылып төлейді. Шариат бойынша кәмелетке жетпегендер, жындылар, сол секілді мал-мүлкін қорғау үстінде өміріне қауіп төнгендіктен кісі өлтіргендер өлім жазасына кесілмейді.

Бес мүшенің бірі мертiктiрiлгенде, қылмыскерге қысас жазасын қолдануға (яғни, «көзге көз», «қолға қол», т.б.) немесе диат алуларына болады. Мысалы: бір көз не бір қол не бір аяқ, т.б. үшін жарты құн, миға зақым келсе, бірақ жынды болмаса, ішек-қарны ақтарылса үштен бір, бір саусақ үшін оннан бір, бір тіс үшін 12 түйе, т. т.

Хадд жазасына айыпталғандарға кешірім берілмейді. Хадд жазасына: зінәқорлық, ғайбат сөйлеу, ішімдік ішу, ұрлық, тонаушылық, діннен безу, көтеріліс жасау, т.б. кіреді. Бұлар — өлім жазасына, түрмеге қамауға, дүрелеуге, қол-аяғын кесуге, тас боран етілуге, т.б. жазаланады.

Тәзір жазасына қысас пен хадд жазасына жатпайтын, онша ауыр емес қылмыс жасағандар жазаланады. Бұларға айып салады, дүрелейді (мысалы, хадд жазасына 40 дүре соқса, мұнда міндетті түрде кемітіп, 39 дүре ғана соғылады), жаланаштап көшеде алып жүреді, аяғына жығып, кешірім сұратады, т.б.

Жазалау көпшілік, жиналған ел алдында өтеді.

Ертедегі қазақтарда жазалау түрлері: өлім жазасы, тас боран ету, атқа сүйретіп өлтіру, дарға асу, жонынан таспа тілу, қара сиырға теріс мінгізу, бетіне күйе жағу, құлақ кесу, сабау, керіп қойып үстінен қора-қора қой айдап ету, т.б. болған.

Шариатта қамшымен дүрелеу тек өсекпен ғайбат айтушылардан басқаларының бәріне қолданылады. Дүре арқасын жаланаштап, арқа мен иығына соғылады. Ал бетіне, басына және денесінің жабық жеріне (кін-діктен тізеге дейін) ұруға тыйым салынған. Табиғат жағдайы — ыстық, суық, жаңбыр, т.б. әсер етпейді. Бірақ жазда — таңертең, қыста — түс мезгілін таңдаған мақұл.

Үш рет дүремен жазаланғандар, төртінші ретте өлім жазасына кесіледі.

Шариат бойынша ата-анасы өз баласын, қожасы құлын жазалауға құқылы.

Қазақтарда да қылмыс сөйтіп, өз басымен: өлім жазасы, масқаралау, дүре, т.б. және малымен: айып 9 тартылатын жазаға бөлінеді. Айып төлеу түрлері неше ал-уан әрі құқық бұзушы жасаған қылмысына қарай қолданылған. Мысалы, ұрлық істеген адамға ең ауыр жаза ретінде айыбананы қолданған. Айыбанаға кесілген адам ұрланған малды немесе мүлікті сол күйінде түгел қайтарып, оның үстіне үш тоғыз айып төлеуге міндетті болған. Ал тоғыздың өзі қазақтарда бес түрге бөлінген: қасқа тоғыз, яғни бір тоғыз мал төлеу, түйе бастатқан тоғыз, ат бастатқан тоғыз, өгіз бастатқан тоғыз және тоқал тоғыз.

Ел арасындағы кішігірім теріс қылықтарға қарсы "азусыз ат, жиексіз шапан" атты айып салуды қолданған. Бұл қазақтың әдет-ғұрпында айтуы бар, бірақ алуы жоқ айып деп айтылады. Бірақ бұл айыпқа кесілген адам бір қой мен оған қоса астарсыз шапандық мата беруі тиіс.

Туысқандар арасында, бір қандас ру ішінде масқаралау мен елден қуу жазасы қолданылған. Жазаның негізгі мақсаты — құқық бұзған адамды ел арасында ұялту.

Масқаралау жазасына кесілген адамды қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне қара күйе жағып, мойнына қара құрым іліп, бүкіл ауылды айналдырған. Көрген ел, балашаға мазақтап күлген. Ұялған қылмыскер екінші олай істемеген. Қазақ қоғамында масқаралау жазасы ата-анасына, ақсақалдарға тіл тигізгендерге берілген.

Елден қуу масқаралаудың екінші түрі ретінде жалпы өлімге кесілгеннен де ауыр жаза болып табылады. Қазақ халқында "етегін кесіп, елден қуу" деген сөз қалған. Елден кету деген сөз сол рудың мүшелігінен шығарылу деген сөз. Ондай қуылған адамды ешқандай ру қабылдамаған. Ол барлық құқықтан жұрдай болған.

*Зінәқорлығы үшін жазалау.* Қазақ халқының ірі заң ескерткіші "Жеті жарғыда": "ері әйелінің зінә жасап жатқан үстінен шықса, онда әйелін де, оның ойнасын да өлтіруге құқылы, ол үшін құн төлемейді" деп жазылған<sup>1</sup>.

Зінәқорлығы үшін өлім жазасына кесілгендер буындырылып түйеге артылады. Түйені қуғанда олар тез өліп кетеді деп көрсетеді деректерде.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> МОП, 20-б.

<sup>2</sup> ЛОИИ, собр. Воронцовых. д. 438, л. 12 және Отечественные записки, 1830, ч. 43, 284-б.

Шариатта зінәқорлығы үшін жазаның үш түрі: дүре соғу, жерге көміп қойып тас ату және өлім жазасы қолданылады. Өлім жазасына: әйелді зорлаумен ұштастыра отырып зінәқорлық жасағандар, шариат некелесуге тыйым салған қағидаларын бұзып, өзінің қарындас, қыздары т.б. жақындасқандар мен үйленгендер кесіледі.

Ал зорлаумен ұштастырылмай зінәқорлық жасаушыларды жерге көміп, тас атып жазалайды.

Шариатта дүре көп қолданылады. Дүремен өзара келісіп, ойнап-күлушілер жазаланады. Бұларға міндетті түрде 100 қамшы дүре соғылады. Сүйісу, құшақтасу, төсекте бірге жатудың өзі де дүрелеп жазалауға жетерлік қылмыс деп табылады. Зінәқорлығы үшін жас-көрі, азат не құл, мұсылман не кәпір, ер мен әйел, еркек пен еркек екеніне қарамай, тек кәмелетке жетсе болғаны жазалана береді. Күнге зінәқорлық жасағаны үшін 50 дүре соғылады.

Зінәқорлық қылмысты өзі мойындауы немесе ұстап алу, не болмаса 4 ер адам куә болып мойындатулары керек. 4 куәнің бірі куәлік бермесе де әйел жазадан босатылып, қайта 4 куәнің бәрі де жалған куәлік берді деп жазалануға тиісті болады. Қазақтарда да зінәқорлықты дәлелдеуге 4 ер адамның куәлігі керек.

Қазақтың және шариаттың заң нормаларында әйелді зорлағандар өлім жазасына кесілуі, әйелдердің жеке мүддесін, абыройын қорғағандық ғана емес, әйел адамның барған отбасының, қала берді бүкіл руының намысын қорғағандық деп саналады. Өйткені әйелді зорлау біреудің отбасын бұзу болып табылады.

Үйінде отырып, екіқабат болып қалған қыздарды ата-анасы басқалар біліп, масқара болмас үшін өлтіргені жайлы әдет-ғұрып заңдары деректерінде айтылады. Бұндай тәртіп ертеректе болуы мүмкін, қалыптасқан қазақ әдет-ғұрып заңдарында екіқабат әйел еш уақытта өлім жазасына кесілмейді. Оның үстіне қазақтар ауыл-ауыл болып, тек өз туыстастарымен көшіп-қонған. Қыздардың ойнап-күлгені тезде көзге шалынар еді. Бұл — бір. Екіншіден, қазақтар екі бірдей (ішіндегі сәбиімен) адамды өлтіруге тәңірден бұйрық жоқ деп қарайды. Рас, тыйым салынған жақын туыстастар бір-біріне үйленсе, онда оларды өлтіргені жайлы деректер бар. Мысалы, Еңлік-Кебек, т.б. Ерлер мен ерлер, әйелдер мен әйелдердің зінәқорлығы қазақ қоғамында болмаған, кездеспеген уақиғалар болып саналады. Қазақтар мұндай пәстікке бармаған халық. Сондықтан да олардың әдеттік заңдарында ондай зінәқорлық жайлы сөз болмайды.

Шариатта бұлардан ерлер мен ерлердің зінәқорлығы үшін өлім жазасын, әйелдерге жүз дүре соғылып жазаланады. Ал араларында жеңгетайы болса, оған 75 дүре жазасы беріледі.

Жезөкшелік қазақ қоғамында кездеспейді. Бола қалса қоғамды аздыратын зінәқорлықпен айналысушыларды да, оған жағдай жасаушыларды да қатаң жазалауды қолдаған.

*Өтірік-өсек үшін жазалау.* Шариат заңы бойынша біреуді зінәқорлығы болды деп, немесе заңсыз бала көтерді, т.б. дәлелсіз қаралап, өсектегені үшін де иесіне жалаңашталмаған күйде 80 дүре соғу жазасы беріледі.

Алланы, пайғамбарды балағаттап, ғайбаттағаны үшін өлтіріп жіберуге де болады. Оны кез-келген мұсылман жүзеге асыра алады. Өтірік хабар таратып, елді дүрліктірушілер өлім жазасына кесіледі. Өсек, ғайбат айтушылар Құранда да ең жаман қылмыс болып саналып, арам деп есептеледі (әл-Қалам, 10-11-аяттар).

Қазақтарда да өсек-өтірікке жиіркене қарап, ондай адамдарды куәлік беруге қатыстырмаған.

*Маскүнемдік үшін жазалау.* Арақ-шарапты салынып ішушілік адамдарды аздырып, ауруға шалдықтырады. Оның үстіне, отбасының берекесін кетіріп, өтірік сөйлеуге жетелейді. Арақ ішіп, мас болған адам өз ісіне жауап бере алмайды, ауыр қылмыстар істейді. Сол себепті де ондай маскүнем адамдарды куәлікке қатыстырмайды, намаз оқығанда имамдық жасатпайды, мас адаммен сауда-саттық шарттарын жасап, алыс-беріс жасауға тыйым салынады.

Арақ мүлдем ішілмейтін мұсылман елдері мұндай сорақылықтан ада. Арақ ішіп, мас күйінде өлгендерге жаназа оқылмайды және бөлек жерленеді. Рас, бұл елдерде де бұрын арақ ішілген. Ұзақ мезгіл ислам діні онымен аяусыз күрескен. Бұл елдердің арақ ішушілерді өлім жазасына кесетін заңдары әлі күшінде. Мұхаммед пайғамбар: "Арақ-шарап ішушінің бойынан ізгі қасиеттердің бәрі қашады. Маскүнем үй-ішіне, жақын туыстарына, айналасына жексұрын болып, адамдық сипаттарын жоғалтады. Ақыры, ауруға шалдығып, қор болады. Ал ол дүниеде тілі қап-қара болып салақтап, аузына сыймайды әрі іріңге толы сілекейі аузынан ағып, кеудесін жабады. Сасық иіс басын айналдырып, өзін ауыр азаптар күтеді" деген екен.

Қазақ халқы бұрын еш уақытта арақ-шарап ішпеген. Бұл ауру соңғы жүз жылдың ішінде, әсіресе соңғы

жиырма, отыз жыл ішінде қауіпті індетке айналып, жас қыздарға дейін ішетін болып бара жатыр. Ішетін адамдардан қандай ұрпақ өсіп-өнетіні әркімге аян болса керек.

Сол секілді есірткіні пайдаланудың зияны да арақ-шараптан кем емес. Мұндай тілмен айтқысыз зиян әкелетін нәрселерді ислам арамға санап, оларды мұсылмандардың пайдалануына тыйым салған. Сол себепті де мұсылман елдерінде мас адамды көру өте қиын. Бірлі-жарымы іше қалса, олардың денесін жалаңаштап, сексен рет дүре соғады. Кей елдерде аяғынан төмен салбыратып іліп қойып дүрелейді.

*Ұрлығы үшін жазалау.* Шариат біреудің затын білдірмей алғанды ұрлыққа жатқызады. Ал күштеп тартып алу мен тонап алу ұрлықтан басқаша әрі ерекше қаралып, жазаланады.

Қашан, қай қоғамда болсын біреудің жекеменшігіне қол сұғуға қатаң тыйым салынады. Сондықтан да қайсы-бір қоғамдық құрылысты алайық, бәрінде де жекеменшікке қол сұғуға қарсы күрес маңызды орын алады.

Қазақтардың әдет-ғұрпын және тұрмыс-тіршілігін жақсы білген В. Радлов қазақтар арасында бірде-бір рет ұрлық болмағанына таң қалады. Мұндай әдет тек араб бедуиндерінде ғана барлығын айтады<sup>1</sup>. Ерте заманның өзінде біздің жерімізді жүріп өткен жиһанкез Плато Карпини "оларда ұры-қары дегендер атымен болмайды, сол себепті де үйлері мен дүниелері ешқандай құлыпсыз ашық тұрады" деп жазған<sup>2</sup>. Кейінгі заман зерттеушілері де осы пікірді жазады<sup>3</sup>.

Ұрлық деген бәле қазақтарда Ресейге қосылғаннан кейін пайда болды ғой!

Әр заманда өзінің саяси-экономикалық жағдайына қарай ұрлыққа да мән берілген. Осыған байланысты "Жеті жарғының" бір бабында: "Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сайгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын" деп көрсетілген<sup>4</sup>. Аталмыш бапты зер салмай оқығандарға

<sup>1</sup> В. Радлов. Сібір хақында. Берлин. 1884, 509-б.

<sup>2</sup> П. Карпини. История монголов. Спб., 1911, 12-13-б.

<sup>3</sup> П. Маковецкий. Көрсет. шығ., 80-б. А. Баллюзек. Көрсет. шығ., 115-б.

<sup>4</sup> Н. Әсерұлы. Көрсет. шығ., Алматы, 1995, "Жеті жарғы", 50-б.

атты мініп қашқаны үшін өлім жазасын беру гуманизмге жат, қарама-қайшы деп саналуы да мүмкін. Ал, шын мәніне зер салсақ, ол заманда жан-жақтан жау анталап тұрғанда ат тек жекеменшікке қол сұғу емес, қоғамның да стратегиялық қорғанысын қамтамасыз ететін, ердің қауіпсіздігін нығайтатын ерекше күш ретінде де танылған. "Жау шапты, аттан!" дегенде қолына қару ұстай алатын әр қазақ атқа қонуы тиіс. Оның аты ұрланған болса, сарбаз жауға қарсы шаба алмас еді, қазақ әскерінің күш-қуаты да әлсіреген болар еді. Жүйрік ат ердің қанаты ғана емес, сол секілді жауға шапса — күшті қаруы, қашқанға жетеді, қуғаннан құтылады. Міне, сондықтан да атты ұрлаушыға өлім жазасын беріп, өте дұрыс жасап отыр.

"Қасым ханның қасқа жолында да", "Есім ханның ескі жолында" да, сол секілді Тәуке ханның "Жеті жарғысында да" ұрлыққа өте қатаң қараған. А.И.Левшин: "Ұрланған зат үш тоғыз етіп қайтарылады" — десе, Я.Гавердовский де, К.Шүкірәлиев те, Биглов та, т.б. осы пікірді қолдайды.

Ұрыларға қазақтарда үш түрлі тоғыз жазасын көбірек қолданған. "Үш тоғыз" айып мынау: Бірінші тоғыз — 1 түйе, 2 сауын бие және 2 құнан ат;

*Ескерту:* сауын бие үш бас, яғни құлыны, ішіндегісі және өзі болып саналады.

Екінші тоғыз — 1 ат, 2 сауын сиыр, 2 бұзауы және ішіндегі төлімен және 2 өгізше; үшінші тоғыз немесе тоқал тоғыз: ол сегіз бастан тұрады. Сонда: қозысымен екі қой және ішіндегісімен және бір қой мен бір ешкі.

Міне, осы үш тоғыз айыпты бірден ұрыға салу заны болған.

Басқаша айтқанда, қазақ әдет-ғұрып заңдары бойынша ұрыға 27 есе артық айып төлеткен.

Ұрлық қару-жарақ қолдану, есікті бұзып кірумен ұштасса, онда қылмыс жазасы ауырлай түскен.

Мұндай орасан өсіммен қайтару ұрлық жасатпау жолында өз нәтижесін бергенін, бұрын үйлерге құлып салынбағанынан, малға қатаң күзет қойылмағанынан және түрме атауы болмағанынан білеміз.

Қазақ әдет-ғұрып заңдары бойынша ата-анасы балаларынан ұрласа, жиені нағашысынан үш ретке дейін ұрласа ұрлыққа жатпаған әрі жазаланбаған.<sup>1</sup>

Шариат заңы бойынша ұрының ұрлығын екі ер адам куә болып дәлелдесе, онда ұрының қолын, не өкпесіне дейін бір аяғын кесуге жазалаған. Оның үстіне ұрлаған затын қайтарғызған. Ұрлық үстінде ұры өліп кетсе, ол үшін ұрыға күн төленбеген.

*Діннен безу.* Тәуке ханның "Жеті жарғысында" құдайға қарсы шыққандар мен діннен безгендерді жеті адам куә болып дәлелдеп берсе, онда ол өлім жазасына кесілген<sup>2</sup>. Ал мұсылман дінінен безіп, христиан дінін қабылдағандардың өзі қоғамнан қуылып, мал-мүлкі таланған.

Шариат заңы бойынша діннен безгендер өлтірілген. Құранда дінге зорлап кіргізуге тыйым салынады.

*Қанды кек.* "Жеті жарғының" бірінші бабы "қанға — қан, жанға — жан" деп текке басталмаған. Адам өмірге бір-ақ рет келеді. Өлшеулі өмірді текке қиудан асқан қылмыс бар ма? Сондықтан да қашан, қай заманда болсын кісі өлтірушілерді қатаң жазалаған.

"Жеті жарғыны" арнайы әңгіме еткен А.И.Левшин: "қанға — қан, жанға — жан", "мүгедектікке — мүгедектік, көзге — көз"<sup>3</sup> десе, Г.Шангин де: "өлімге-өлім, қанға — қан"<sup>4</sup> дейді.

"Қанға — қан, жанға — жан" дәстүрі сонау ертеден барлық халықта бар құбылыс. Христиандардың қасиетті кітабы Тәуратта: "Егер де біреу екінші біреуді темір құралмен соқса, соғылушы өлсе, ол соғушы өлтіруші болып табылады. Ол өлтіріледі. Егер де өлтіруші таспен ұрса, ол өлсе, онда соғушы өлтіруші болады. Егер кісі өлтіруші ағашпен соқса, соғылушы өлсе, ағашпен ұрушы өлтіруші болады. Міне, бұл өлтірушілердің бәрін де өздері немен ұрып өлтірсе, сонымен ұрып өлтіру керек"<sup>5</sup> — делінген.

Сол секілді: сафар хужудың 21-29-заңдарында "біреу-біреуді өлтірсе, өлтіріледі, біреу-біреуді ұрлап сатса, ұрлаған кісі анықталса, ол өлтіріледі... жанға-жан бара-бар, көзге-көз, тіске-тіс, қолға-қол, аяққа-аяқ бара-бар...

<sup>1</sup> Н. Өсерұлы. Көрсет. шығ., Алматы, 1995, "Жеті жарғы", 50-б.

<sup>2</sup> А. И. Левшин. Көрсет. шығ., 170-б., С. Мейер. Көрсет. шығ., 402-б.

<sup>3</sup> А. И. Левшин. Көрсет. шығ., 170-б.

<sup>4</sup> Г. Шангин, Сибирский вестник, 1820, т. IX, 29-б.

<sup>5</sup> Фалсафа Исламиа. Уфа, 1910, 210-б.

жараға-жара, зақымға-зақым бара бар"<sup>1</sup> делінген. Сөйтіп, Тәуратта тек қанға — қан, жанға — жан ғана болатынын, тек қанды кек қайтарылуы тиістілігін көреміз.

Құранда да: (әл-Бақара сурасы, 178-179-аяттарда және әл-Маида сурасы, 45-аятта) тән жазасына тән жазасын қолдану жайлы айтылады. Алайда, Құранда жамандыққа жақсылық жаса деген мақсатта айтылған аяттар өте көп. Мысалы, Шура сурасының 40-аятында "жамандыққа кешірім жасап, мәміле қыл" деп, қазақтарда да "алдына келсе, әкеннің құнын да кеш" дегендей бітімге шақырады. Бұл жайлы хадистер де өте көп. Әрине, қанға қанды құнмен алмастыруда кісі өлімі қандай жағдайда, қалайша өлтірілгені, өлтіру мақсаты мен оның зардабы, т.б. жәйттер есте тұтылуы тиіс.

Міне, осы жағдайларды ескере отырып, ислам діні кісі өлімін құнмен алмастыруға, кешірімді болуға үндеді. Өйткені ел ішінде кісі өлтіру, біреуді мүгедек ету, "қанға — қан, жанға — жан" дәстүрі бітіспес дау-жанжалға айналып, қоғамның берекесін кетіруде еді. Біреудің өмірін жойған қылмыскерді құныкер жақтың бүкіл туыстары ұстап өлтіруі, тіпті болмағанда, сол айыпкердің ең жақын туысқанын, жанашысын құртуы тиіс. Руластарының кегін қайтарып, қанын қанмен жумаса, онда ол бүкіл руластарына намыс саналған. Өз кезегінде қанды қол жағы қылмыскерін қорғамай, оны құныкер жағына беруі де зор намыс саналған. Осыдан барып өлген жақтың руластары туысқанының кегін қайтарып, қылмыскерді болмаса оның жанашыр туысын өлтірмей тынбаған. Өз кезегінде олар да "біздің адамды өлтірді" деп, бұл рудан тағы бірін өлтіріп, сонымен екі ру арасындағы өлім дауы бітіспес өшпенділікке, қырғи қабақтылыққа әкеліп соққан. Кейде бұл екі рудың дау-жанжалына үшінші бір басқа ру да қосылып отыруға мәжбүр болған. Міне, сол үшін Құранда бітімге келіп, кешірімді болу жағы айтылады. Ислам өлім жазасын алмастырып, орнына құн мөлшерін енгізді. Өйткені өлген адамның артында отбасы, әйелі мен бала-шағасы қалады. Олардың нафақа тауып берушісі, асыраушысы өлгеннен соң күндері қалай болмақ? Міне, осы жағына да құнның пайдадан басқа зияны болмайды. Оның үстіне, құнды барлық руластары жинап төлейді. Екіншілей араларында адам өлтіруші болмауларын олардың өздері де қадағалайды, ішкі тәртібін күшейтсді.

---

<sup>1</sup>Фалсафа Исламиа. Уфа, 1910, 210-б.

Қазақ билері кісі өлімін тексергенде қасақана кісі өлтіру, ерекше қаталдықпен кісі өлтіру, екі не одан көп кісі өлтіру, жан күйзелу үстінде кісі өлтіру, ашумен кісі өлтіру, ақайсызда кісі өлтіру жәйттеріне ерекше назар аударған. Шариатта да қасақана немесе ерекше қаталдықпен болмаса екі не одан көп кісі өлтірушілерге қанды кек құқын қолдануға рұқсат етеді. Өйткені кісі өлтіруші төгілген қан үшін жауап беруі тиіс.

Қанды кек құқына ие болу талаптары мынадай:

— теңдей кек алу (қанға — қан, жанға — жан, көзге — көз, т.б.);

— кісі өлтіруші кәмелетке жеткен және өзін-өзі игере алатын болуы, толық кінәлі болуы (өзі мойындауы, мойнына қойылуы).

Қанды кекті жақын туыстары жүзеге асырады. Қанды кек екіқабат әйелдерге, кәмелетке жетпеген балаларға, жындыларға және әкесі баласын өлтірсе қолданылмайды. Кісі өлтірушіні 4 адам куә болғанда және өзі мойындағанда не мойнына қойылғанда ғана жазаға тартады. Куә болмай әрі қылмыскер мойнына алмаған жағдайда құныкер жағы шариат бойынша 50 рет ант ішулері тиіс.

Құн төлеу. Қанды кек алуға құқық берілген жақ кісі өлтірушіні өлтіргісі, дәл сол секілді дене мүшелерін жарақаттап, қанды кек жасағысы келмей, орнына құн алуға келіскенде ғана құн төленеді.

Адам өлімінің әр түрлілігіне (қасақана, абайсызда, тосатқан, т.б.) немесе дене мүшелерінің зақымдануына қарай құн мөлшері де әр түрлі. Мал-жануар иесі, егер кісі өлімі сол мал-жануардың себебінен болса, онда ол үшін жауап береді.

"Қазақ әдет-ғұрпы бойынша құныкерлер жағы қанды қол аулына жақындап келгенде, қанды қол жағы арнайы киіз үй тігіп, қасына бір қара қойды байлап қояды. Бұл қаралы үй саналып, оған құныкерлер жағы "ой-бауырымдап" ат қойып, келіп түседі.

Ал қара қой шапқыланып өлтіріледі. Содан кейін ғана құныкерлер үйге еніп, құн төлеу жайлы сөйлеседі"<sup>2</sup> деп жазады П.Маковецкий.

Қанды қол жағы құныкерлерге кейде алдын ала құйрық-жалы кесілген қара ат, қара шапан, қара нар, қанды қару-жарақ және сары жаулық (жесір қалған әйелінің қаралы күйін білдіретін) жіберіп барып, құн

<sup>1</sup> Н. Өсерұлы. "Жеті жарғы", 43—46-б.

<sup>2</sup> П. Маковецкий. Көрсет. шығ., 72-б.

мөлшері хақында сөйлесе алатын. Бұл жайлы Л.Ф.Баллюзек пен Н.Гродеков шығармаларында жақсы айтылған.<sup>1</sup>

Қазақ әдет-ғұрып заң нормалары жеріміздің шектен тыс кеңдігіне, рулардың көптігіне қарамай барлық жерде ешқандай өзгеріссіз бірдей күшінде болғанын барлық зерттеушілер мойындайды.<sup>2</sup> Бұл заңдар көбіне ауызекі айтылып, өте сирек жазылып отырған. Ауыз әдебиетімізде бұл заңдардың молынан кездесетіні де сол себепті.

Әрине, бұл заңдардың ішінде жер мен мүліктік құқықтар ерекше орын алады. "Құдайдың қара жері" деп жерді, "құдайдың қара суы" деп өзен-көлді ешкім еш уақытта жекеменшікке айналдырмағанымен (мұсылман елдерінде де, әсіресе Сауд Арабиясында дәл осы іспетті, жер мен су жекеменшік емес, қоғамдық меншік болып табылады) ең шұрайлы жерлерді феодалдар мен үстем тап өкілдері өз жекеменшігі іспетті пайдаланды. Ал мал-мүлік ертеден-ақ (оны біз таңба салу дәстүрінен білеміз) жеке меншік саналған. Әрбір қазақтың мүліктік жағдайы малмен есептелген. Мал байлықтың көзі болып саналған. Сондықтан да әрбір қазақ өзара кездескен кезде алдымен "мал-басың аман ба?" деп, мал сонан соң жанын сұрайды. Осы байлықтарды бір оспадар туысқанының кесірі үшін қайта-қайта құн төлеп отыру кімге болса да жақсы емес. Сондықтан байлар мен феодалдар жағы алдымен өз араларында тәртіп бұзушылар болмауын өздері қадағалауға мәжбүр болған.

## Құн дауы

Ерте заманнан-ақ адамзат баласы біреудің қанын төгушілерге қарсы аяусыз күрес жүргізіп келеді. Бірақ қаншама заң шығарып, қандай қатал шара қолданғанмен кісі өлімін тоқтата алмауда. Әрине, кісі өлтіру дүние жүзіндегі елдерде әр түрлі, бірінде сирек кездесе, екіншілерінде күнде болып жатқан уақиға тәрізді.

Қазақ әдет-ғұрпында о бастан-ақ кісі өліміне аса зор жауапкершілікпен қарап, қылмыскерді жазалап қана қоймастан, екіншілей мұндай оспадар қылықтың болмау

---

<sup>1</sup> Л. Ф. Баллюзек. Көрсет. шығ., 128-б; Н. Гродеков. Көрсет. шығ., 238-б.

<sup>2</sup> Н. Гродеков. Көрсет. шығ., 22-б.

жағын қарастырған. Кісі өлімін бүкіл қоғамның дерті ретінде қараған. Сол себепті де күнәні бүкіл руластарына танып, бәрін де жауапты еткен. Ондай руларды кейбір жағдайларда "бүлінген ел" ретінде қарап, қоғамнан шеттеткен. Олармен қарым-қатынас жасамаған, қыз бермеген, қыздарын алмаған.

Қанды қанмен жуу дәстүрін құн алуымен алмастыру себептері алдыңғы тарауларда айтылды. Өлім қандай жағдайда, не үшін болғанына қарамастан, сөз жоқ, қылмысты тиісті жазасын алуы қажет. Дегенмен, құн алу өздері қара жамылып, асыраушысынан айрылып, артында ұл-қыздары жетім қалған шақта отбасына қосымша ауыр қайғы әкелетіні белгілі. Мұндайда соңында қалған бала-шағалары жетімдік көрмеуін, күнкөрістен қиналмауын, кәмелетке жеткендерінше әкесіз өскенімен қатарынан кем болмау жағын заң қағидалары қарастырады.

"Жеті жарғыда": "Ер адамның құны 1000 қой немесе 200 жылқы, не болмаса 100 түйе" деп анық көрсетілген. Ал әйел құны ерлердің жарты құнына, яғни 500 қой немесе 100 жылқы не 50 түйеге теңестірілген. Бұл көрсеткіш Қазақстан тарихы мен құқықтану тарихында осылай қалыптасқан.<sup>1</sup>

Тәуке хан тұсында сыртқы жағдайдың өзі қысылтаян болып тұрғанда, бүкіл қоғамды күйзеліске түсіріп, ауыр зардаптарға душар ететін кісі өліміне қатаң қарамаса болмайтын еді. Сондықтан "Қасым ханның қасқа жолы" мен "Есім ханның ескі жолында" кісі өліміне құн алу, құн төлеу жайлы айтылғанымен "Жеті жарғыдағыдай" мөлшері дәл көрсетілмеген-ді. Ол заңдар өлген адамның қадір құрметіне қарай құн мөлшерін белгілеген, үстеме құндар қосқан болатын. Ендігі жерде кісі өлімі үшін қанды-қанмен жумай, құн алу, құн беру тәртіптерінің ислам дінінде де бар екенін бетке ұстап әрі оның басым екендігін ескеріп, ел болу үшін осы шарият заңына ұқсастыра отырып заң қабылдауды әрі арада қанды қол қылмыскер болмауын қатты қадағалауды қоғамның өзіне тапсырады. Ердің құнына 1000 қой, әйел өмірі үшін оның жартысын алу міндеттеледі. Бұл құн қылмыстының бүкіл руластарынан жиналып алынатын болды. Сол себепті "Жеті жарғыда" құн өте маңызды орын алды.

---

<sup>1</sup> С. В. Юшков. История государства и права СССР., 1947, 411-б; Қазақтың көне тарихы, Алматы, 1993, 321-б.

А.И.Левшин: "Қанды қол құн төлеп, өз өмірін сақтай алады. Өлген ер адам үшін 1000 қой, әйел үшін 500 қой беруі керек. 100 түйе — 200 жылқыға немесе 1000 қойға тең деп жазса, К.Шүкіралиев: "Өлтіргені үшін қанды қол барлық руласы болып 200 жылқы төлеуі тиіс" — дейді. А.Аитов: "Өлтіргені үшін 1000 қойдан тұратын құн төлеуі тиіс" — десе, "Алты Ережеде" ердің құнына 200 жылқы белгіленген .

Арабтарда құнды "диат" деп атап, оған біреуді өлтірген адамның өлген адамға беретін құн төлемді жатқызады.

Диатты алтын-күміспен, малмен төлеуге болады. Диат мөлшері: алтынмен — 1000 динар, күміспен — 10000 дирхам, не болмаса 100 түйе. Арабтар диатқа беретін 100 түйені төрт бөлікке бөледі.

— бір жасар 25 ұрғашы түйе ;  
— екі жасар 25 ұрғашы түйе;  
— үш жасар 25 ұрғашы түйе;  
— төрт жасар 25 ұрғашы түйе, барлығы 100 түйе беріледі.<sup>2</sup>

Бұл ең ауыр диат болып есептеледі. Қателесіп өлтірілген адам үшін төлейтін диат бес бөліктен тұрады, яғни жоғарыда айтылған төрт бөлік — 20 түйеден және бір жасар 20 еркек түйеден — бәрі 100 түйе төленеді<sup>3</sup>.

Әйелдің диаты ер адамның диатының жартысына тең<sup>4</sup>.

Сөйтіп, құн төлемі шариатта да, қазақ әдег-ғұрпының заң нормаларында да бірдей екендігінде дау болмаса керек.

Енді дене мүшелері зақымдалынуына қарай қанды кекті алмастыра алатын құн мөлшерін қарастырайық.

Шариатта құнды талдап бөледі:

Ер адамның бір қолы үшін 500 алтын, әйелге 250. Бұл кесімді түйеге шаққанда ер адам үшін 50, әйелге 25 түйе болады;

— жыныстық мүше, әйел бұрымы, сақал кесілсе, соққыдан адам жынды болып қалса бұлар үшін толық құн төленеді<sup>5</sup>;

<sup>1</sup> Н. Өсерұлы. "Жеті жарғы", 1995, 45-б.

<sup>2</sup> Виқая, 354-355-б.

<sup>3</sup> Сонда, 355-б.

<sup>4</sup> Сонда, 355-б.

<sup>5</sup> Сонда, 355-б.

— жұп дене мүшелері: аяқ, қол, көз, жұмыртқа, т.б. бұлар үшін толық құн, ал жұптың бірі зақымдалса жар-ты құн төленеді<sup>1</sup>;

— қолдың аяқтың саусағы үшін оннан бір құн;

— әрбір тіс үшін құнның оннан бірінің жартысы;

— бас жарылып, сүйегі көрінсе, құнның оннан бірінің жартысы төленеді<sup>2</sup>.

Қол білегінің жарымынан кесілсе — жарты құн, жүкті әйелдің қарнына ұрса — 500 күміс дирхам, сол ұрған себепті іштегі бала түсік болып түссе — бүтін құн, ал әйел де өлсе — екі құн,<sup>3</sup> әйел ішіндегі баласын қастандықпен тастаса не басқа бір себеппен, мысалы, дәрі ішіп, т.б. түсірсе — 500 дирхам төлейді. Ал ерінің разылығымен істеген болса жазаланбайды.

— Ұрып малдың көзін шығарса, аяғын сындырса бағасының төрттен бірін төлейді. Сойылатын мал болса диат берілмейді.<sup>4</sup>

Қазақ әдет-ғұрып заңдарында:

— екі көзді зақымдап соқыр етсе — толық құн, бір көзіне — жарты құн;

— екі құлаққа жарты құн;

— екі қолға толық құн;

— омыртқа сынып, сал болып қалса — толық құн;

— сынған тістің әрқайсысына — қырықтан бір құн;

— әйелдің екі емшегі кесілсе — толық құн;

— еркек піштірілсе — толық құн;

— қатты соққыдан адам жынды болса — толық құн төленеді.<sup>5</sup>

Төбелес кезінде бір әйел түсік тастағаны үшін Едіге би өз билік-шешімінде:

Мынаның көретін көзі жоқ екен.

Еститін құлағы да жоқ екен.

Сөйлейтін тілі де жоқ екен.

Ұстайтын қолы, жүретін аяғы да жоқ екен,<sup>6</sup> — деп, баланың белгілі мүшелері әлі жетіліп білінбегендіктен бір тоғыз айып салған екен.<sup>7</sup> Л.Ф.Баллюзек те: “жатырдағы бала үшін бес айға дейін бір тоғыз, бес айдан кейін бала

<sup>1</sup> Сонда, 355-б.

<sup>2</sup> Сонда, 356-б.

<sup>3</sup> Сонда, 357-б.

<sup>4</sup> Сонда, 357-б.

<sup>5</sup> Виқая, 359-б.

<sup>6</sup> МОП. 205-б.

<sup>7</sup> Билердің шешендік сөздері. Өз архивімізден. 1-дәптер, 17-б.

жарық көргенге дейін жарты құн төлейді<sup>1</sup>" — деп, жоғарыдағы Едіге бидің шешімі дұрыстығын дәлелдейді.

Сәйтін, қазақтарда да, шариат заңдарында да адам дене мүшелері зақымдалғанда төленетін құн мөлшерінде айырмашылықтар болғанмен олар айтарлықтай емес. Көшпелі елдердің әдет-ғұрып заңдарының шариатқа тигізген әсері сезіледі. Керісінше, шариаттың да әсері жоқ емес.

Қазақ әдет-ғұрып заңындағы бір өзгешелік ақсүйек өкілдері үшін үстеме құн төлеу жайлы "Жеті жарғыда" да, онан алдыңғы және кейінгі қабылданған заңдар мен ережелерде де айтылып, көрсетіледі. Әрине, бұл ислам талаптарына, Құранға қайшы екені өз-өзінен белгілі. Өйткені, Алла алдында барлық адам бірдей, тең құқылы әрі заң бәріне де бірдей. Енді кейбір өзгешіліктерге азырақ тоқтала кетейік.

Ақсүйектер мен қожалар өкілдерінің құны қарапайым жай халық құнынан 7 есе көп, яғни 7000 қойдан тұрады. Бұл жайлы А.И.Левшин: "Егер кімде-кім сұлтанды не қожаны өлтірсе, онда қанды қол жағы құныкерлерге жеті адам құнын төлеуі тиіс" десе, П.Е.Маковецкий: "Сұлтан үшін жеті жай құн, яғни 700 жылқы, ал сұлтан тұқымының әйелдері үшін сұлтан құнының жартысы берілуі тиіс"<sup>2</sup> дейді. Омск уақытша комитеті жинаған қазақ әдет-ғұрып заңдары материалдарында: "Егер кімде-кім қожаны өлтірсе, онда бүкіл туысқандары болып құныкер жақтың туысқандарына жеті адамның құнын беруі керек. Ал төлемеген жағдайда сол болыстан қанды қолдың өзімен қоса алты туысқанын асып өлтіру керек"<sup>3</sup> делінсе, Л.Ф.Баллюзек: "ханның құны 7 қарапайым қырғыз (қазақ) құнына тең болады"<sup>4</sup> — дейді. Бұл пікірді Г.Броневский де, Д.Я.Самоковасов та қолдайды<sup>5</sup>.

Қазақ әдет-ғұрып және "Жеті жарғы" заңдары бойынша қожасы құлын, ата-анасы өз балаларын өлтірсе<sup>6</sup> әрі зінә жасап жатқан әйелі мен оның ойнасын өлтірсе,<sup>7</sup> ұры-

<sup>1</sup> Л. Ф. Баллюзек. Көрсет. шығ., 135-б.

<sup>2</sup> А. И. Левшин. Көрсет. шығ., 170-б; П. Е. Маковецкий. Көрсет. шығ., 291-б.

<sup>3</sup> МОП, 42-б.

<sup>4</sup> Сонда, 204-б.

<sup>5</sup> Броневский Г. Көрсет. шығ., 263-б; Д. Я. Самоковасов. Көрсет. шығ., 67-68-б.

<sup>6</sup> МОП. 20, 45-б.

<sup>7</sup> Сонда, 20-б.

лар, тонаушылар қылмыс үстінде өлтірілсе,<sup>1</sup> бұл жағдайларда құн төленбейді.

Шариатта:

— әкесі баласын өлтірсе, мұсылман кәпірді өлтірсе, біреу діннен безгенді өлтірсе, тонаушылар мен ұры-қарылар қылмыс жасап жатқан кезінде өлтірілсе, сол секілді шариат тыйым салған некені бұзғандар, т.б. өлтірілсе, өлтіргендерден құн алынбайды.

*Ескерту:* әйел адам діннен безсе өлтірілмейді, тек ер адамдар ғана өлтіріледі.

"Жеті жарғыда" да, шариатта да екіқабат, жүкті әйелдер, кәмелетке жетпегендер, жындылар өлім жазасына жазаланбайды. "Жеті жарғы" — қазақтардың бірден-бір құқықтық маңызды заң кодексі. Онда құқықтық нормалар жан-жақты көрсетілгені даусыз. Кейде, қазақ халқы кеңпейіл, кешірімді екендіктерін пайдаланып билер: "бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде" деп, елді біріктірудің жағына көбірек назар аударып, саясатқа ойысып та кетеді. Әйтпесе, заң алдында бәрі де тең, бірдей жауап берулері тиіс қой!

Қазақ билері абайсызда кісі өлтіріп алғандарға жарты құн, ал аң аулап жүріп, жазатайым кісі өлтіргендерге, сол секілді ойын үстінде байқамай кісі өлтіріп алғандарға құн төлетпей, тек ас-суын өндірткен.

Қазақ әдет-ғұрып заңдары бойынша:

— біреу ауылдан адасып, аштан өлсе;

— мінген көлігінен жығылып өлсе;

— суықтан тоңып, ыстықтан шөлдеп өлсе;

— суға кетіп, отқа күйіп өлсе;

— аң не құсқа жем болса, осы өлімдерге қастық пен зорлық жасау себептері мен белгілері болмаса да, оларды жұмсаушы адамнан жарты құн алынған.<sup>2</sup>

Ат, түйе, өгіз, т.б. сияқты асау көлікті мініп келген біреу кірген үйінің белдеуіне байласа, сол үйге кіріп-шыққан адамға сол көліктің тепкісі тиіп не т.б. бір себептен өлсе, онда:

— босағаға байланса — толық құн;

— жапсарға байланса — жарты құн;

— үйдің артына байланса — "ат-тон" айыппен құтылады деп қазақ әдет-ғұрып заңдарында да, шариатта да айтылған.

<sup>1</sup> Сонда, 47-б.

<sup>2</sup> Өз архивімізден. Тапсырған Ө. Қайнарбаев.

Қазақта кісі өлімі қандай жағдайда өлгеніне орай жаза беру де өзгеріп отырады. Қылмыстыны, құныкерді өлтіру аз тараған. Шариатта өлім жазасы көп қолданылады. Кісі өлімі қасастықпен не пайда көздеп істелінсе, өте ауыр түріне жатады. Уланған тағамдарды әдейі беру де қасастыққа жатады. Мұндай кінәлі адамдар биік жардан тасталып өлтірілген. Егер мас болып, жас қызды зорлағаннан қыз өліп кетсе, зорлаушы өлтірілген. Хайуандарға да зінә жасаушылар өлтірілген. Бұл жайлы Тауратта: "Кімде-кім ата-анасын балағаттаса өлтіріледі, әйелі бас-қамен ойнастық жасаса екеуі де өлтіріледі, әкесінің тоқалымен ойнап-күлген адам да, тоқалы да өлтіріледі, келінімен ойнап-күлсе екеуі де өлтіріледі, егер біреу қызымен қоса оның анасын да әйелдікке алса, отқа жағылады, егер біреу хайуанмен жақындасса, онда хайуан да, ол да өлтіріледі делінген.<sup>1</sup>

### Мал-мүлік дауы

Қазақ халқының әдет-ғұрып заң нормаларында мал мен мүлік ерекше орынға ие. Өйткені қазақтардың тұрмыс-тіршілігі малмен байланысты болып, мал өмір сүрудің негізгі қайнар көзі саналғандықтан оған қол сұғушылар қатаң жазаланып отырған. Қазақтар арабтар секілді киіз үйлеріне құлып салып, бекітпеген, барлық дүние-жиһаздары ашық күйде қалдырылып, малына қатаң күзет те қоймаған. Бұл екі халықтың өмір сүру түрлері өте ұқсас, әдет-ғұрыптары да бірдей. Арабтар ұрлық үшін ұрының қолын кессе, қазақтар үш тоғыз айып салған. Мысалы:

- бір түйе ұрласа — 27 түйе және 1 құл;
- екі түйе ұрласа — 54 түйе және 2 құл;
- бір жылқы ұрласа — 27 жылқы және 1 түйе;
- екі жылқы ұрласа — 54 жылқы және 2 түйе;
- бір қой ұрласа — 27 қой және 1 ат;
- екі қой ұрласа — 54 қой және 2 ат;
- бір сиыр ұрласа — 27 сиыр және 1 жылқы;
- екі сиыр ұрласа — 54 сиыр және 2 жылқы, осындай орасан зор өсіммен қайтарып алған.

Әрине, мұндай қатал жазалау шаралары ерте заманнан бері бар. Мысалы, Шыңғыс ханның "Жаса" заңында: "Кімде-кімнен ұрланған жылқы табылса, онда ол мал

<sup>1</sup> Таурат, сафар саны, 20 сихах, 9-22-баптар.

иесіне дәл сондай 9 жылқы қосып қайтаруы тиіс. Егер ол мұндай айыпты төлеуге шамасы келмесе, онда жылқылардың орнына балаларын алу керек, егер балалары болмаса, ол кезде оның өзін қой секілді бауыздау қажет".<sup>1</sup>

Саһалардың заңы бойынша ұры 4 есе етіп қайтарған.<sup>2</sup> Ал, 1640 жылғы монғол-ойрат Уставы бойынша бір түйе ұрлағанға 15 тоғыз, айғырға 10 тоғыз, биеге 8 тоғыз, сиырға, құнан атқа, қойға 6 тоғыздан айып төлеткен.<sup>3</sup>

Кейде қазақтарда ірі қара малды ұрлаушыларды 4 адам куә болып, анықтап берсе, ұрыны өлім жазасына кескен жағдай да болған.<sup>4</sup> Кімде-кім ұрлықпен бірге ұрлық үстінде адам өлтірсе, онда екі қылмысы үшін айып жазаға кесілген.<sup>5</sup> Жоғалған малды иеленуші де ұры деп есептелген.<sup>6</sup> Бұл арада біз көптеген орыс деректерінде барымтаны ұрлықпен алмастыратынын айта отырып, мұның қате екенін ескертеміз.

Қазақ даласында мүлік ұрлау тіпті кездеспейтінін, ал мал ұрлау ішінара кездесіп тұратыны туралы М.Красовский, П.Е.Маковецкий, А.Ф.Баллюзек, т.б. зерттеушілер деректер қалдырған.<sup>7</sup> Ұры үш рет қолға түссе, өлім жазасына кесілген.<sup>8</sup> Ал Мейер Л. Жанқожа батырдың ежелгі заңды мықты ұстанғанын, ұры мен пара алушыны өлім жазасына кескенін айтады.<sup>9</sup>

Шариат заңы бойынша да ұры үш рет қолға түссе, өлім жазасына кесілген. Бірақ екі қол мен бір аяғы кесілген ұрының да онан әрі ұрлық жасауы екіталай.

"Кімде-кім қылыш, айбалта, садақ, найза, қалқан, мылтық, т.б. ұрласа, онда өз құнынан он есе асып түсетін айып салынған"<sup>10</sup>. "Жеті жарғыда" да "кімде-кім тазы не бүркітті ұрласа, онда иесіне құл не құн береді" делінген.<sup>11</sup>

---

<sup>1</sup> Н. И. Гурлянд. Степное законодательство с древнейших времен до XVII столетие. 29-б.

<sup>2</sup> Д. Я. Самоквасов. Көрсет. шығ., 227-229-б.

<sup>3</sup> К. Ф. Голстунский. Монголо-ойратский закон. 1640. СПб., 1880. 47-б.

<sup>4</sup> Г. Шангин. "Сибирский вестник", IX, кн. 3, 186-б.

<sup>5</sup> МОП. 21-б.

<sup>6</sup> И. А. Козлов. Обычное право киргизов. Памятная книжка западной Сибири. Омск, 1892. 17-б.

<sup>7</sup> М. Красовский, Көрсет. шығ., 92-б., П. Е. Маковецкий, көрсет. шығ., 80-б., А. Ф. Баллюзек, көрсет. шығ., 115-б.

<sup>8</sup> К. Шүкіралиев. Көрсет. шығ., 260-б.

<sup>9</sup> Л. Мейер. Материалы для географии и статистики России. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865, 65-б.

<sup>10</sup> Т. М. Культелеев. Көрсет. шығ., 251-б.

<sup>11</sup> МОП. 21-б.

## Жесір дауы

Әйел құқы қазақ әдет-ғұрпындағы заң нормаларында ерекше орын алады. Өйткені әйел — әмәнда отбасының ұйытқысы, босағасының табалдырығы, есігінің тұтқасы, ұрпақ жалғастырудың қайнар көзі, мейір-шапағаттың кәусар бұлағы.

Қазақ әдет-ғұрпы: ата-ана құқықтары, отбасына қатысты құқықтар, құда болу, қыз беріп, қыз алысу, қалыңмал, неке, әменгерлік, мұрагерлік, ажырасу, т.б. институттарға ерекше маңыз беріп, шаңырақ шайқалып, босаға босамауына назар салады. Сол себепті де кеңес өкіметіне дейін қазақ қоғамында отбасының бұзылуы масқаралық саналып, ел-жұрт талқысына түскен.

Қазақтар — үлкен патриархаттық отбасының сипаттарын мығым ұстанған халық. Өйткені ежелден бері көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыз бірнеше үйелмен ұрпақтардан құралып, бірге көшіп, бірге қонбаса, бірге еңбек етпесе, табиғат дүлейін былай қойғанда, ішкі қақтығыстар мен тартыстарда күйзелген болар еді. Жақсы да инабатты қағида-ережелерін қалыптастырып, тәртіпті мығым ұстап әрі сақтап тұра алмас еді. Қазақтар мұндай бірлікті "ата баласы" деп атаған. Ата баласын жасы үлкен, ақыл мен пайымы мол, көпті көрген ақсақалы басқарған. Бір атадан таралып, өз алдына жеке отау құрған ұл-қыздары мен немерелері барлық іс-әрекетін сол ақсақалмен ақылдасып, оның айтқанын екі етпей тыңдап әрі орындап отырған. Өз алдына жеке ауыл болып, түтін түтеткеніне қарамай, бәрі бір жерге жиі жиналып, өлі-тіріге қатысты мәселелерді ақылдасып шешетін. Бәрі де бір атадан өрбігендігін естен шығармай, бір-біріне жәрдем беріп, өзара көмегін аямайтын. Мұндай ауызбірлігі мықтылар қателесіп, опық жемейді. Қайта бұларды басқалар үлгі-өнеге тұтады.

Қара шаңырақты қадірлеу, ата-баба аруағын сыйлау бәрі үшін өте қымбат та қасиетті саналды. Оған дәстүр бойынша кенже бала ие болды. Әкесі өліп, кенже балаға немесе кейінгі ұрпақтарына ауысса да, қара шаңырақты сол қалпында кие тұтып, оған енші алып кеткен барлық отау, ұзатылған қыздар, құда-жекжаттар, нағашы-жиендер әр түрлі сыйлық, соғымдарынан үнемі сыбаға әкеліп тұру дәстүрі әлі күнге сақталған.

Қазақ — жеті атаға дейін қыз берісіп, қыз алыспағаны түгіл, қанын таза сақтаған халық. Туыстастарының өзара

болып табылады. Оған ешкімнің де билік етуге құқы жоқ.

Қазақтарда неке түрі біреу-ақ, ол — тұрақты неке.

Шариат секілді нежелескеннен соң қазақтарда да ажырасуды қолдамайды.

Қазақ әдет-ғұрып қағидаларында келген келінге ері өлсе, басқа руға тұрмысқа шығуына мүмкіндік бермеу-дің барлық жолдары мықты қарастырылған. Сол себепті де "әменгерлік" институтын шығарған. Басқа халықтарда да, шариатта да мұндай дәстүр жоқ.

"Байдың әйелі өлсе, төсегі жаңғырады, кедейдің әйелі өлсе, басы қаңғырады" деген мақал текке айтылмаған. Үйлене алмаған кедейлер "әменгерлік" жолмен үйленіп, тұрмыс кешкен. Әйелі өлгендер балдызын алған. Бұл институт та арабтардағыдай, өзара ұқсас. Балдыз алу институты заңы бойынша екі бірдей апалы-сінлілігі бірден үйленуге шариат та, қазақ әдет-ғұрпы да рұқсат бермейді. Тек апасы өлгенде ғана оның сінлісіне үйлену-ге болады. "Аға өлсе — жеңге мұра, іні өлсе — келін мұра" қағидасы қазақтарда ертеден келе жатқан дәстүр. Шариат бұл дәстүрді бұза алмады. Ал балдыз алу институты да осы әменгерлік институтына жақын дәстүр. Енді осы институт ережелеріне тоқталайық:

— жесір ерінің артын бір жылға дейін күтеді (шариатта әйел 4 ай 10 күн күтеді);

— әменгер таңдау еркі жесірге беріледі;

— жесір әменгерлік қағидасы бойынша тұрмысқа шықпаса, басқа руға шықса, қалыңмалды сол барған жағы қайтарады;

— әменгерлік заңы оң жақта отырған жесірге де тиісті (яғни, "құйрық-бауыр жесіп, баталасқаннан соң күйеуі өліп, ата-анасының үйінде отырған қыз);

— оң жақта отырған жесірге бұрын күйеуі келсе, онда тек қалыңмалдың жартысы қайтарылады, келмеген болса, қыздың әменгерлік жолмен тұрмысқа шыққысы келмесе, онда берілген қалыңмал түгел қайтарылып, оның үстіне айып төлейді;

— егер некелі әйелі өлсе, әменгерлік жолмен балдызын әйелдікке алуға болады;

— күйеу балдызын алудан бас тартса, онда қыз әкесі алған қалыңмалдың үштен бірін қалдыруға құқылы;

— әйелі өлген ер адам қашан үйленемін десе де ерікті.

<sup>1</sup> МОН., 142, 256-б.

Қазақ әдет-ғұрып заңында қыз алып қашу — ауыр қылмыс. Бұл шариатта қарастырылмаған, арабтарда жоқ әдет.

Қазақ әдет-ғұрпы бойынша "айттырылған" қыздан "айттырылмаған" қызды алып қашу жеңіл.

Айттырылмаған басы бос қызды алып қашудың айыбы — алып қашушы қыздың әкесіне қалыңмал және айып төлейді.

Айттырған басы бос емес қызды алып қашушы қыздың ата-анасына беретінінен басқа, бұрын айттырған жаққа қалыңмалын қайтарып, оның үстіне қалыңсыз бір қыз беруі тиіс болған<sup>1</sup>. Өйткені айттырылған қыз құқықтық тұрғыдан алғанда "ақ баталы" жесір болып табылады.

Егер некесі қиылып, біреудің ақ босағасын аттаған келіншекті біреу зорлап алып кетсе, онда алып кетуші өлім жазасына кесіледі не болмаса қалыңмалын қайтарып, қалыңсыз қызды қоса береді, оның үстіне айып төлейді.

Әлі ешкімге айттырылмаған қызды алып қашса, қыздың күйеуге шыққысы келмесе, онда алып қашушы адам толық қалыңмалға қоса, қыз әкесінің үйіне қайтарылады.

Үкі, сырға таққаннан соң, қызды алмаймын, бермеймін дегендей уәдені бұзған жағы ат-тон айып төлейді. Өйткені олар әлі баталаспаған.

Міне, осы айтылғандардың және онан да бұрын айтылғандардың бір қағидасы бұзылса, онда ру арасында жесір дауы деп аталатын дау-дамай туындайтын. Екі рулы ел өзара барымталасып, қырғиқабақ болатын. Сол себепті де Қасым хан да, Есім хан да, Тәуке хан да және басқалары да жесір дауына көп көңіл бөлген. Билер қараған даулардың ішінде осы дау жиі кездеседі. Күшті рулар әлсіздеріне теңдік бермей, басымшылық көрсету фактілері де билердің билік сөздерінде сақталған.

Мысалы, Қартамбай қарт баласына қыз айттырып, қалыңмалын түгел төлеп, таяуда келіп түсіремін деп үмітті отырған кезде, қыз өзі сүйген біреумен кетіп отырған. Қартамбай: "алған қалыңмалды қайтар десе, Кірбас құдасы: "Қараптан қарап отырып төлеу төлеймін бе?" — деп, маңайына жуытпаған. Кірбас ырық бермеуге айналған соң, билердің талқысына салайын деп, әйгілі билерді, Қасен дейтін қазіретті қатынастырып дауға кіріскен.

---

<sup>1</sup> МОП, 20-б.

Жасай дейтін шешен Айтуған бидің он жеті жастағы Киікбай деген баласын ала барыпты. Көпшілік шариат пен қазақ жолын қатар ұстай отырып, әділ шешер деп сеніп, Қасен қазіретті төбе би етіп сайлапты. Сөз қазіретке тигенде:

— Қолдан ризалықпен берген қалыңмал қайтарылмайды. Ал екі жаққа да обал болмас үшін, Қартамбай малының тең жарымы қайтарылсын, — деп тұжырымдаған. Бұл биліктен кейінгі аз кідірісті пайдаланып, саңқылдап сөйлей жөнеліпті Киікбай бала:

Көп екен ғой қазіреттің көргені.  
Көргенінен тіленшідей тергені.  
Алла атымен айтар деген әділдік,  
Зайқы болды жақсылардың сенгені.  
Зая болды оқу іздеп кезгені,  
Мансұқ болды білгені не сезгені.  
Шариатты белдемеден бір басып,  
Ғұламамыз өз құлқынын көздеді.  
Жаңағы айтқан билігі жөн сөз бе еді,  
Қасқа жолдан қия шауып безгені.  
Тура билік бере алмай қазірет,  
Айқындаалды мықтап нәжіс езгені, —

дегенде көпшілік ду күлген. Жұрт дау билігін айтуды Киікбай балаға жүктеген. Сонда Киікбай:

Әлімше сөйлеп көрейін,  
Дау төресін берейін.  
Төре әділ болмаса,  
Қазіретке "өлейін".  
Уа, кешірімшіл Кірбас,  
Қартамбай құдан еді сырлас.  
Малын қайтару керек,  
Өйтпесен дау-жанжал тынбас.  
Сен аярлыққа бақпа,  
Қызыңды екі сатпа.  
Қойдан қасқыр тумас болар,  
Сол өкеннің әдетін сақта.  
Уа, қапы соққан Қартамбай,  
Қояды деп ойлама,  
Қалыңмалды қайтармай.  
Сен малыңды қайтарып аласың,  
Бұл даудан елге бітім деп барасың.  
Тарту-таралғын қайтпайды,  
Ашып айтайын бұл арасын.  
Қыз құнына жатпайды олар,

Ол кезіндегі жарасым.  
Осы айтқан тоқтамға  
Қайсынның бар таласын? —

дегенде, көпшілік: "Талас жоқ.

Әділ билік — қара қылды қақ жарған" — депті.

Қыздың әкесі алған қалыңмалын түгел қайтаруы — әдет-ғұрып қағидасына сай. Ал жарты қалыңмалды айтқан қазіреттің шешімі әдет-ғұрып заңына сәйкес емес. Ондай билік, егер күйеу жігіт ұрын барып, әрі қыз өлсе ғана дұрыс болар еді. Бұл арада қыз басқамен қашып кетіп отыр. Ол жақтан қыздың әкесі қалыңмал алады. Қайта, алып қашқан жақ күйеу жаққа қалыңсыз қыз қосып беруі тиіс. Бірақ бұл уақиға ХІХ ғасырдың аяғында болғандықтан әдет-ғұрып заңдары Ресей тарапынан әлсіретілген шақ еді. Киікбай би әділ төрелігін беріп отыр.<sup>1</sup>

## Жер дауы

Қазақстанның экономикалық хал-аһуалында мал шаруашылығы ең негізгі, мазмұнды шаруашылық екені даусыз. Қазақ үшін — өмір, тіршілік. Малдың еті, сүті — тамақ та, жүні, терісі — киім мен төсеніш әрі баспанасы, мінсе не көшсе — көлігі. Ал бұл малды бағып-күту үшін жер қажет. Сондықтан қазақтар "жер — анасы, мал — баласы" деген қағидамен қара жерді қастерлеген. Шындығында да, қара жер — тірі нәрселердің бесігі, анасы. Қара жерсіз өмір жоқ.

Ежелден бері әрбір рулар, тайпалар мен жүздердің өздеріне тиісті жайлаулары, қыстаулары, құдықтары, көшіп-қонғанда жүріп отыратын жолдары болып, талай заманалар өтуімен әбден қалыптасып кеткен-ді. Ал осы руларға тиісті жер қоғамдық болып, барлық руластары үшін болып саналғанмен, кімнің малы көп, сол қоғамдық руластарының жерінен көп пайдаланды. Бұл бай феодалдарға тиімді еді. Өз рулас "туысқандары" "өз жерім" деп басқа рулардан бірігіп қорғады. Бұл жайлы Я.Гавердовский: "Әрбір аталықтардың кез келгенінің қыс қыстаулары, кейбірінің жаз жайлаулары да бар. Оны олар өздерінің жекеменшігі санаған, өз қожасынан бас-қа ешкімнің де оны пайдалануына болмайды" деп

<sup>1</sup> Билер сөзі. Алматы, 1992. 102-103-б.

жазған<sup>1</sup>. Л.Мейер: "Егер біреу басқа біреудің қыстауы маңынан шөбін малына жегізсе, бұрынғы заманда дау-жанжал, барымтаны тудырған" — деп жазады<sup>2</sup>. Осындай деректердің бәрін ғылыми тұрғыдан байсалды қарап, қорыта келгенде: "Жер жеке адамның не топ адамның қарамағында болған-болмағанына қарамай, ол жер өз мүдделеріне тікелей не жанамалай бағындырған феодалдық-экономикалық базисінің қайнар көзін құрайды"<sup>3</sup>.

Қазақтар ежелден-ақ "жер дауында бітім жоқ" деген біржақты қағиданы тауып алғандағы айтпағы — "құдайдың қара жері бәрімізге ортақ" деген ой. Бізге келіп жеткен деректер бойынша Алаша хан қол астына қараған тайпаларға таңбаларын, көшіп-қонатын жерлерін белгілеп берген. Кейінгі болған хандар да жиі-жиі жер мәселесіне көңіл бөліп отырған. Соның нәтижесінде әркімнің өз ата-бабалары заманалар бойы көшіп-қонған жерлерін біршама дұрыс сақтағаны мұрағат деректерінен белгілі<sup>4</sup>.

"Жеті жарғының" ең бір үлкен тармағы осы ел қонысы, жер дауын шешуге арналған қағида-ережелер деп топшылауға болады. Рас, қашан да қазақ қоғамында ел басшылары: хандар, ақсақалдар, билер қол астындағыларға көшіп-қонатын қыстау мен жайлауын анықтап беріп отырған. Сыртқы жағдайға байланысты жер мен қоныстың тарылуына орай әр ханның тұсында жер-су, көш-қонысты қайтадан реттеп, қажет болса (руластарының мал-жан бастары көбейсе) таңбаларын бекітіп берген.

Тәуке хан да әр руға, тайпаға көшіп-қонатын жерлерін белгілеп, таңбаларын қайталап бекітіп берді. Өйткені сол кездегі жер-су, көш-қоныс дауларының жиілеуі елдің ыдырауына, ең бастысы сыртқы жағдайдың өте қиындап, жан-жақтан дұшпандардың қыспаққа алып, кей тұстарында баса-көктеп енуі салдарынан жер тарылып, өзара қырғиқабақ болуына апарып соғып, ең шұрайлы да шүйгін жерлерді "күштілер", "мықты рулар" иелене бастауын күшейтті. Оның үстіне көш-қоныс, жер дауының реттелуі көшпелі қоғам үшін ғана емес, отырықшы қазақ қауымдары үшін де қажет болды.

"Жеті жарғыда" және басқа да әдет-ғұрып заң-ережелерінде жер-су, жайлау-қыстау, көш-қоныс туралы

<sup>1</sup> ЦГВИА. ф. ВУА. д. 19208. л. 57.

<sup>2</sup> Л. Мейер. Көрсет. шығ., 247-б.

<sup>3</sup> С. З. Зиманов. Көрсет. шығ., 1960, 39-б.

<sup>4</sup> Каз. ССР, ф. 374, оп. 1, д. 805, л. 459; Сонда, ф. 329, оп. 1, д. 34, л. 3; Сонда, ф. 374, оп. 1, д. 1578, лл. 1-2.

болып тұратын күрделі дау-жанжалдарды шешуде ұстанатын заң жобалары мен ережелері болды. Олар:

— өзен, көл, арық, жол, т.б. жекеменшікке жатпайтын көпшілік мүлкі болып саналады. Шариатта да дәл осындай жер мен су жекенің меншігі бола алмайды, егер жер жайлы дау туындаса, екі жақтан да куәлер келтіруі тиіс, даулы жерді иелену үшін талапкер ол жердің бұрыннан келе жатқанын көрсететін шарттарын айтуы тиіс. Ол шарттар мыналар: ата-бабасының қабірі, басына қойылған құлпытасы, қазылған арық, құрылған шығыр, соғылған бөгет, қазылған құдық, тұрғызылған қарақшы, үйілген омақа, тігілген ағаш, салынған там, қазылған ошақ, қойдың күзгі түнегі, егілген егін орыны, т.б.

Осы аталған белгі мұралардың қайсыбірі болса да талапкердің әкесінің бабасының немесе туған-туысқанының біреуінің еңбегімен істелініп, онда бұрын қоныстанғаны анықталса, талап етуші иемденушіден ол жерді қайтарып алу құқына ие болады.

Ол жерден соңғы иемденуші алып кете алмайтын, қозғалмайтын ғимарат, бау-бақша, қора-қопсы, т.б. дүние-мүлік құны бейтарап үш адамның кесімі бойынша талапкер жағына төлетілуі тиіс.

Куәлері болмаған жағдайда даулаушы талапкерге ант ішкізеді.

Талапкер ант ішуден бас тартса, жерден айырылады, ал ант ішсе, екінші жағы жерден шығып қалады.

Шекаралық белгі болып: тау сілемдері, аңғар, төбе, өзен, көл, құдық, шұқыр, тас обалар, жол, т.б. саналады.

Жерді қайтарып алуға дауласқан кезде және онан кейін салынған жайлар, тігілген ағаштар, егілген егін мен бау-бақшалар біле-тұра әдейі істелінген нәрсе деп табылып, жауапкердің ол еңбегіне еш нәрсе төленбейді.

Бір жерге дауласушылардың екі жағының да куә-айғағы теңдей болса, істелінген еңбек, салынған белгілер екі жағында да әрі уақыт мерзімі бірдей екен деп табылса, әрқайсысының бұрын мекендеп, еңбек еткені анықталуға қиын болып, күмән келтірілсе, онда билік айтушы билер дауласушылардың антына салады. Ант алған екінші жағы жерден шығады.

Қазақ хандығы құрылған кезде қазақ қауымдары арасында отырықшылық көзге түсерліктей болғанын айта кеткеніміз абзал. Әсіресе, Жетісу мен Сырдария өзені бойларында ежелден-ақ егіншілікпен айналысқанын деректер растайды. Мысалы, генерал-майор С.Б.Бронев-

ский: "Жетісу, Балхаш көлі, Іле өзені бойында көшіп-қонатын Ұлы жүздің қырғыздары (қазақтары), сондай-ақ қара қырғыздар жер өңдеу жұмыстарымен жан-тәнімен шұғылданады, оларда арпа, бидай, тары өседі. Еңбек сүйгіш Ташкентпен көрші тұрулары ізгі әсер еткен"<sup>1</sup> — дейді.

Сол секілді: "Ертеден-ақ жер өңдеу, сауда-саттық, қолөнер өркендеген" деп жазады, қазақ тарихын зерттеуші ғалымдар<sup>2</sup>. Тәуке ханның ұлысында болған орыс елшісі Кобяков Сырдария бойында тары, бидай, арпа, сұлы егілетінін айтқан. Қазақтар егінді ағаш соқамен айдап, егінді қол орақпен орған<sup>3</sup>. Дәнді ірі қара мал тұяғымен бастырып, келі-келсапшен ақтаған әрі қол диірменмен ұн қылып тартқан. Егінді шығыр, қауға арқылы суарған. Рас, XVI ғасырда жасаған Махмуд Васифидің, Хафизидің Таньштың мемуарларында, сол кездің өзінде-ақ Сауран ауданында каналдар тартылып, шығыр, кариздер құрылғаны жазылған. Әлі күнге сол айтылған аудандарда атам заманғы қазылған каналдардың іздері бар.

Қазақтар су жүргізуге ұста болғанын олар қалдырған іздерден анық көре аламыз. Бұл жайлы А.Брема: "Шындығында да олар (қазақтар) өздерінің егістік жерлерін суару үшін су жолдарын құруға өте ұсталығымен көзге түседі және ешқандай мензула, ватерпассыз-ақ арықтарды көздерімен өте тамаша жүргізу қабілетіне ие" дейді<sup>4</sup>.

Әсіресе, Қарсақты, Сарысу, Арыс өзендері мен Балхаш көлі, Сырдария төңірегінде егін салу кәсіпке айнала бастайды. Жетісу мен қазіргі Оңтүстік алқаптарда отырықшы, астықты аудандар мен қолөнер, сауда мен мәдениет орталығына айналған қалалар бой көтерді. Егіншілік мал шаруашылығымен ұштастырыла жүргізілді.

Тәуке хан жер-су, жайлау-қыстау, көш-қоныс төңірегінде болып тұратын дау-жанжалдардың күрделене түсуін тежеу мақсатында оларды реттейтін заң-жобалар жасады. Қазақ руларына көшіп-қонатын, қыстайтын, егін егетін жерлерін белгілеп берді. Дегенмен, біз Тәуке хан көрсетіп берген жерлерде қазақ рулары көшіп-қонып, өздеріне тиесілі өріс-қонысын сақтап отыр-

<sup>1</sup> С. Б. Броневский. Записки о киргиз-кайсаках Средней орды. Отечественные записки. 1830. 193-194-б.

<sup>2</sup> К. А. Пищулина. Казахстан в XV-XVIII вв. А-А. 1969. 5-б.

<sup>3</sup> А. И. Левшин. Көрсет. шығ., 199-205-б.

<sup>4</sup> А. Брема. Журнал "Нива", 2, 1894, 32-б.

ған дей алмаймыз. Мысалы, үйсіндер мен арғындар арасындағы мына бір жер жайлы дауын алайық.

Шу өзені мен Балхашқа жақын жерге үйсін мен арғын тайпалары таласыпты. Екі жақтың даугерлері бас қосып, әркім өз айғақтарын айтып, бәтуәласа алмай отырғанын көрген жас бала Төлеби:

Ақты ақ деп бағалар,  
О, игі жақсы ағалар.  
Өзегі талса, ел біткен,  
Өзен бойын сағалар —

деп, сөзін бастағанда, төрдегі отырған би: "Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без" деуші еді. Мына бала кім өзі?" — дейді. Сонда Төле:

О, би аға, он бесте отау иесі демес пе?,  
Кінәлімін бе? Келіп қалсам он беске.  
Сөз сөйлесім, бұйыра көрменіз айыпқа,  
Ала көз болу ағайын адамға лайық па?  
О, игі асқар тауымыз,  
Әділ ме осы дауымыз?  
Жар астында тұрғанда,  
Жасырыныш жауымыз. —

дегенде, төрдегі би:

"Қой асығы демендер,  
Қолыңа жақса сақа ғой!" —

деген емес пе, балам, осы даудың билігін саған бер-дім" — дейді.

Сонда Төле: "Шу өзенінің оң жағын үйсін, сол жағын арғын жайласын" — деп билік айтыпты. Бұл шешімге екі жағы да риза болып, бітімге келген екен<sup>1</sup>.

Әрбір рудың көшіп-қонуын сол елдердің билері, ақсақалдары басқарған. Олар қол астындағы рудың бас-қа ру иелігіне өтпей, өз жерлерінде көшіп-қонуларын қадағалаған. Мұнан қазақтарда жерге жекеменшіктілік мүлде болмаған, қоғамдық қожалық есептелінген деген ой тумаса керек. Бұл кезеңдерде қыстаулар мен жайлаулар әбден қалыптасып, кімдер қай жерде көшіп-қонатыны белгілі болған-ды. Оның үстіне, жер рулық меншік болып көрінгенімен, шұрайлы бөліктері жеке меншіктікке жатты.

Бұрынды-соңды қазақтар үшін ең маңыздысы жер саналды. Өйткені қазақ халқының басым көпшілігі бүгінге

<sup>1</sup>Билер сөзі. Алматы, 1992, 16-17-б.

дейін ауылда тұрады. Олар жерден айырылып, жер ақшаға сатылатын болса, онда ел басына қиындық тууы мүмкін. Қазақтардың өзін де, малын да асырап отырған осы жер. Жерді сатып алатын қазақтардың қалтасы қалың емес. Қайта жерді сатпай, қоғамдық меншік ретінде сақтай отырып, жер өңдеймін деген нағыз еңбек-қор қазақтарға белгілі бір мерзімге беруді қазақ абзалдары қолдаған. Мүмкіндік болса, бұрыннан қалыптасып, мал бағып үйренген дәстүрлерін сақтай отырып, халыққа мемлекет тарапынан көмек беріп, жәрдемдесіп отырса, мал көбейген сайын жаңа жерлерді белгілеп беріп, көш-қонысты мемлекет өзі реттеп отырса, бұрынғы замандардағыдай бірыңғай мал шаруашылығымен айналысатын қоғамдастықтар пайда болып, ауылды гүлдендіруге жол ашылатыны сөзсіз. Сонда ғана тілімізді, әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүріміздің жағымды жақтарын сақтап қалуға мүмкіндік туады.

### **Кейбір әдет-ғұрып салттары**

Исламмен бірге ере келген тағы бір жол-жора — сүннетке отырғызу. Бұл сүннетке отырғызу мұнан алты мың жыл бұрын Африкада пайда болған. Сүннетке отырғызу жөнінде Құранда еш нәрсе айтылмаған. Бірақ сунналарда көп айтылып, ата-анаға ұлын кәмілетке келгенше сүннетке отырғызуды парыз еткен.

Сүннетке отырғызу медициналық тұрғыдан алғанда да оңды екендігі белгілі. Баланы сүннеттеуді медициналық мекеме өз жауапкершілігіне алып, бұл дәстүрге жаппай халықтық сипат бергені дұрыс болар еді. Өлім-жітім мен сүннеттеуді діндарлар қолына беріп қойғаннан ұтып жатқанымыз да шамалы. Оның жол-жораларын білетін кәсіпшілер, молдалар да жоқтың қасы.

Біздің ата-бабаларымыздың бір кереметтілігі сонда, олар басқа дүние жүзі халықтары секілді құдайға көп табынбай, тек көктегі жалғыз құдайға, өз Тәңірісіне табынды. Ал көп зерттеушілер айтатын отқа, айға, күнге, жұлдызға, т.б. табынған емес, оларды киелі, қасиетті санады. Бұларды Тәңіріден кейінгі басқышқа қойды. Оларға деген сенім-нанымдары қағида-ережеге емес, ырым-жырымдарға айналды. Қағида-ережелер бұлжымайтын заң, оны үнемі орындап отыру қоғам мүшелерінен де, келер ұрпақтардан да талап етілсе, ал ырым-жырымдар-

ды орындамаса да күнәлі болмаған. Ырым-жырымдарды бүкіл қоғам мүшелері түгелдей қолдап-қуаттамауы да мүмкін. Ал қағида-ережелерді орындамағандар жұрт тақысына түскен, жазаланған.

Негізінен, ырым-жырымдар төмендегілер: бақсының жың шақыруы; құмалақшының құмалақ ашуы; жауырыншының жауырын жағуы; түс жорушылық; сәуегейшілік; сенушілік, т.б. Мысалы, алдынан қара мысық өтсе, жаманшылық болады деп сенушілік. Бұған қоғам мүшелерінің бәрі бірдей сене бермеуі мүмкін. Осы іспетті ырым-жырымдардың қайнар көздері жоғарыда көрсетілгендерден өрбіп жатады.

Заңға айнала қоймаған тағы бір дәстүрлердің бір тобын кәде-қауметтер деп атайды. Олар: немеурін сұрау, жылу сұрау, сүйінші сұрау, көрімдік сұрау, сыралғы сұрау, қонақ-кәде сұрау, сарқыт сұрау, бастаңғы сұрау, қолға сұрау, телім сұрау, теңдік сұрау, кешірім сұрау, сауға сұрау, көңіл сұрау, ашу сұрау, тон сұрау, жол сұрау, сыр сұрау, жөн сұрау, бата сұрау, ақыл сұрау, ризалық сұрау, қарыз сұрау, имандық сұрау, иман сұрау, т.б. Бұл дәстүрлердің өзіндік ерекшелігі, өз жөні бар.

Нәрестеге байланысты кәделер: құрсақ шашу, жарыс қазан, кіндік кесу, ат қою, айдар қою, тұлым тағу, бесікке салу, қарыншаш алу, қырқынан шығару, қаз тұрғызу, тұсау кесу, емшектен шығару, сүннетке отырғызу, т.б. Бұл кәделер — өзіне тән жарасымды, абысын-ажын, көрші-қолаң, ағайын-туыс араластығын күшейтетін дәстүрлер. Сондықтан да бұл нәрестеге байланысты дәстүр-салттардан қашқақтамай, нағыз қазақтық сипаттарын басқа халыққа көрсетіп отыруымыз қажет.

Зиялы адамзат қауымы пайда болғалы бері кейбір деректер бойынша 1600 аталыққа ауысыпты. Міне, осы зиялы адамзат әдет-ғұрпы, дәстүрі мен салт-саналары көп ғасырлар бойы тырнақтап жинаған тәрбиелік жұмыстарының нәтижесі. Олар тек осы жолмен ғана өздері жасап қалыптастырған рухани және құқықтық мәдениеттерін, өз мінез-құлық психологиясын жалғасушы ұрпақтарына өнеге етіп беріп отырды. Олар да өз кезегінде тарихи-экономикалық, т.б. жағдайларға орай жаңаларын қосып, жалғастырып отырған. Атадан балаға қалған әдет-ғұрып, дәстүрлер мен салт-сана, жол-жоба балаларына заң болып, оны бұлжытпай орындау сол халықтың тәртіптілігін, бірауыздылығын білдірген. Каспий теңізінің сағаларында орналасқан Тұран алқабында сан ғасырлар мен мыңдаған

жылдар бойында түркі халықтарының түп бабалары қоныстанып, өмір сүрді. Кейін келе-келе тайпаларға одақтасып, жан басы, мал басы көбеюі салдарынан жан-жаққа қоныс аударып, өз ата мекенінде қазіргі қазақтардың ата-бабалары қалған.

Сайып келгенде, түркі халықтарының көзқарастары мен рухани түсініктерінің бастауы сонау арыда, діннің алғашқы бастамасы болып табылатын тотемизм (жанды, жансыз заттар мен жан-жануар, өсімдіктерді құрметтеп, соларға табыну), фетишизм (табиғат құбылыстарына, жан-жануарлардың мүшелеріне табыну), анимизм (рух, жанға табыну, т.б.), шаманизм (мәжәусилік, бақсылық), т.б. алып жатады. Сана сезімі төмен, алғашқы адамзат қауымы табиғаттың әр алуан құбылыстары мен көріністері алдында дәрменсіз болды. Жердің сілкінуі, күн күркіреп, найзағай ойнап, от шашып, оның түскен жерін өртеп, адамдарды өлтіріп жіберуі, жаңбырдан соң аспан күмбезіндегі кемпірқосақтың құбылуы, толассыз жауған жаңбыр, оба секілді әр түрлі жұқпалы аурулар, жанартаудың атқылауы, т.б. табиғат құбылыстары мен аламаттары керемет бір күш есебінде көрініп, оны істеушіні Тәңірі, Көктің құдайы деп ұққан. Сол Тәңірі жайлы аңыз әңгімелер шығарып, толғаныстарға түскен. Соның нәтижесінде келіп дін пайда болған. Әрине, дүние жүзі халықтары өздерінің географиялық, табиғи жағдайларына қарай, дінге көзқарастары мен сенімдері де әрқилы болғанымен, олардың дінге сенімдерінің бастауы о баста дәл осы табиғат құбылыстарына тәуелділігінен барып шыққанына талас жоқ.

Ал, енді түркі нәсіліндегі қазақтардың ежелгі сеніміне келсек, ол да басқа дүние жүзі халықтары іспетті сенімнің көптеген баспалдақтарынан өткен. Патриархаттық-рулық құрылыстың қалыптасқан кезінде шаман діні басым болды. Бұл дін бойынша адамдар табиғатқа, ондағы болып жататын құбылыстарға, күнге, айға, көктегі жұлдыздарға, отқа табына отырып, бұрын дүниеден кеткен ата-баба аруақтарын қасиеттеп, Тәңіріден кейін оларға да сыйынды. Алайда, қазақ сенімдерін сөз еткенде, олардың басқа халықтар секілді көп құдайға сенбегенін, пұттарға табынбағанын ерекше айтпасақ болмайды. Міне, осы сенім ислам діні енгенде ол дінді бірден қабылдап, тіл табысуға жағдай жасады десек артық айтпағанымыз. Әлбетте, түркі халықтарының өздеріне лайықты өз сенімдері болып, әрбір тайпа жалпы ортақ түркілік осы сенімге топтасты. Мысалы, кие сенімін ғана алайық. Әуелде, адамды

қоршаған дүниенің ішінде кездесетін кейбір заттар адам сенімінде киелі саналып, бірте-бірте дәстүрлеріне айналған. О баста зат не құбылысқа ерекше мән беріп, оны қасиеттеп, бара-бара оны кереметке айналдырған. Сөйтіп, олар кейбір заттар киеге ие, егер осы киелі затты құрметтеп отырса, онда жақсылықтар әкеледі, болмаса, оны ренжітіп алса бір қырсыққа, бақыт-сыздыққа душар етеді, мұндай қасиеті бар зат не құбылыстар киелі деп аталынып, ал солардың киесі ұрса, оны кесір деген. Міне, осы киелі зат өмірде кездесетін жақсылық пен жамандықты тудырушы деп ұғынған, ізгілік пен кесірлікті сол киелі заттың ізгілігі не кесірі деп санаған.

Адамзаттың күнелтуінің негізі саналған хайуандар мен өсімдіктер діни көзқарастардың пайда болуына жағдай жасаған. Ежелден-ақ адамдар өздеріне тамақ табу үшін табиғатпен күресе отырып, ондағы болып тұратын құбылыстарды аңғара, сезе отырып оның себептерін таба, ұғына алмай, керемет, шектен тыс күштен, бір құдіреттен деп ұққан. Сөйтіп, табиғат адамдарға шектен тыс құдіретті күш есебінде көрінген. Табиғаттың даму заңдылығын білмегендіктен, адамдар оған табиғаттан тыс қасиеттер бітірді, оны құдіретті күш иесі деп санады.

Біздің ежелде өмір сүрген ата-бабаларымыз бұғыны қасиетті деп санап, оны тотемаға айналдырғанын археологиялық қазба деректерінен жақсы білеміз. Қырғыз туыстардан біздерге бұғы тотема ретінде кіргені даусыз. Өйткені әлі күнге қырғыздар мүйізді енеден таралғанын аңыз етіп айтады. Сондай-ақ қазақ халқында арқардың мүйізі, марал қасиетті, киелі саналады. Қозы Көрпеш-Баян сұлу эпосындағы Сарыбайдың буаз маралды атып, соның киесінен өлуі, не болмаса арқар мүйізін қасиетті санап іліп қою немесе халықтың қол өнерінде сақталып келе жатқан қошқар мүйіз деп аталатын оюлардың шығуы да, сол дәуірлерге байланысты. VII—III ғасырларда болған сақ дәуірінен қалған археологиялық қазба ескерткіштерде бұғының, тау ешкісінің, киіктің т.б. жан-жануарлар суреттерінің болуы, сол замандарда бұл жануарлардың тотема болғанын мегзейді. С.П.Толстов өз еңбегінде Гун дәуіріндегі тотема иттер жайлы өте әдемі көрсеткен. Қазақтарда да ит тотемаға айналып, қасиетті саналғанын Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, т.б. жазады. Ислам діні енгеннен кейін қазақтар мұсылман дәстүрі бойынша итті арам деп, ит тиген тағамды, суды ішіп, жемеген. Адамның ит қапқан жері де арам саналған. Тазыға қарғы мен

екі темір үзік кигізбесе, онда ұстаған аңы арам саналып, жеуге жарарамаған. Дегенмен де, итті қазақтар қасиетті тотема санағаны анық. Қазақ халқының руларында Итемген атауларының болуы, не Итбай, Итжемес, Күшік, Төбет, т.б. секілді кісі есімдерінің болуы немесе ит жатқан орынға танертеңгі мезгілде иттiген (рахит) сәбилерді үш рет аунатып алу, не болмаса сары иттің құлағын шертiп, қан алып жағу, не иттiң жүнін көз тимеу үшін жас нәрестеге тағып қоюлары иттің қазақтарда бір замандары тотема болғандығын білдіреді. Сол секілді әйелдiн баласы тұрмай өле берсе, жаңа ту-ған баласына кигізетiн алғашқы көйлегiн иттің басына кигізіп, сонан кейiн баласына кигізген. Сонда жаңа ту-ған баласы өлмейдi деп ойлаған. Ол көйлектiң ит көйлек аталуы да сондықтан. "Мен сенен ит көйлектi бұрын тоздырған" деп, үлкен екендiгiн білдірiп, халық текке айтпаған. Қазақтар иттi теппеген, үстiне су шашпаған. Егер су шашса, шашқан адамның үстiне сүйел қаптап шығады деп санаған. Иттiн майын құрт ауруына ішкізіп, емдеген.

Қасқыр тек қазақтарда ғана емес, өзбектерде де, түрікмендерде де, сiбiр халықтарында да (бурят, якут, хақас, т.б.) тотема саналған. Түріктер мен монғолдарда да қасқырдың тотема екендiгiн Н.Я.Бичурин (Иакинф) жазады. Қазақ халқының ат ойыны — көкпар (көк бөрі атауынан шыққан) С.П.Толстовтың тұжырымы бойынша, тотемалық үйлену жорасынан (еркек-қасқыр, әйел-серке) шыққан дегенi құлаққа кіреді. Қазақтарда бөрі, қасқыр атаулары құрмет тұтылып, кісі есімдерiне айнал-ған. Мысалы, Бөрібай, Қасқырбай, т.б.

Қазақтар арасында құстар да: бүркіт, үкі, т.б. қасиетті саналады. Жас балаларға, қыздарға көз тимеу, сәнсалтанат үшін үкі қауырсындарын тағады. Жыланға табыну — тек Орта Азия халықтарына емес, бүкіл дүние жүзі халықтарына тән қасиет. Ол жайлы ауыз әдебиеттерде сақталған аңыз әңгіме, ертектер ұшан-теңіз.

Қазақтар түйенi де қасиетті санап, оның иесiн Ойсылқара деп атаған. Қамбар — жылқының, Шопан — қойдың, Зеңгі баба — сиырдың иесi. Түйенiң етiн екi қабат әйелдерге бермеген. Өйткенi екi қабат әйел түйе етiн жесе, түйе секiлдi баласын он екi ай көтередi деп сенген. Түйенi қазақтар көп, беталды соя бермеген. Түйе мына кездерде ғана сойылған: Меккеге қажылыққа жүрерде, көп болып тасаттық жасағанда немесе ханды таққа отырғызарда. Мұндай кездерде, әсіресе ақ түйе сойылған. Халық аузында "ақ түйенiң қарны жарылғанда" деген мәтел

осыны көрсетеді. Қазақтар түйені еш уақытта ұрмаған, тешпеген, тіпті қатты сөзбен ұрыспаған. Түйе жүні тұмарды алмастырған. Баланы ұзақ көтерген әйелдер, уақытылы тез босану үшін түйенің астынан өткен. Әсіресе, бура киелі саналып, сәуегейлік жасайтын адамдарға жәрдемдескен. Мысалы, тарихта белгілі Бұқар жыраудың көріпкел бурасы болып, Абылай хан бір жаққа аттанарда, Бұқарды әдейі алдырып, жорығының сәтін сұрайды екен. Қазақтар балаларына Ботагүл, Ботагөз, Нарбота, Нарбура, Нартайлақ, Бурабай, Ақбота, т.б. есімдерді қойған.

Сол секілді қазақтар қойды да қасиетті санап, қатты құрметтеген. Қойдың жауырыны келешекті, алдағыны болжау үшін пайдаланылған. Қойдың кәрі жілігі малды ұры қарыдан, қасқырдан сақтайды деп сенген. Бұған Ш. Уәлиханов келтірген мына аңызды айтсақ болады. Бірнеше ұры талай күн бойы бір байдың малын ұрлауға келіп, ұрлай алмай жүреді. Ұрылар байдың әйелі мен қызынан басқа ұлы да, құлы да, яғни жан ашитын адамы жоғын білетін. Бұл таңғажайып жұмбақты білмек болып, ұрылар байдың үйіне қонақ болып келеді. Бай қой сойып тойдырады. Сонда ұрылар шындарын айтып, бірақ малын қарулы адамдар қорғап жүретінін айтады. Сонда бай: "Әкем өлерінде қойдың кәрі жілігін ешқашан тастамай, босағаға, шаңыраққа іліп қой, сонда кем болмайсың деп еді. Мен соны орындадым. Міне, содан бері ешқашан отарымнан малды ұры ұрлап, не қасқыр шетінеткен емес" дейді. Ұрылар бай үйінде қанша кәрі жілік көрсе, сонша адам байдың малын қорғап жүргенін түсініпті. Қошқардың мүйізін көкөніске көз тимеу үшін іліп қояды. Кейде қабір басына да қояды.

Балық та қазақтарда қасиетті мақұлық есептелініп, оның сүйектерін көзден, тілден сақтау үшін таққан. Құрт ауруымен ауырғандарды судағы балықтарға қаратқан. Ит тиген баланың денесін балықтың көзімен сүрткен. Баласы жиі өлген әйелге бекіре балықты жегізген. Балық майын күйген денеге жаққан.

Аю да халық ұғымында киелі саналып, тұмаған әйелдердің белін аюға бастырған, аюдын жүнін, тырнағын, тісін жас нәресте жатқан бесікке, киетін киіміне тағып, сөзден, зиянды бөлекеттерден сақтайды деп ойлаған. Сол секілді, қазақтар көкке сенген. Көкті тәңірі (Құдай) деп сеніп, қиын жағдайға тап болғанда "Е, Құдайым, қолдай гөр! Е, Тәңірім, жарылқай гөр!" деп жалбарынған. Ал біреуге ренжігенде "тәңірі ұрсын" "көк соқсын" деп қарғағ-

ан. Қазақтар айды, жұлдыздарды көктін ажыра-мас бір бөлшегі деп ұққан. Ш.Уәлиханов: "От, ай, жұлдыз қазақтардың қасиет тұтатын нәрсесіне" жататынын айтады. Қазақтар айға қарап зәр сындырмаған, олай ету жамандыққа, кесірлікке душар етеді деп ойлаған. Жаңа айды көрген қазақтар: "жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке" деп бата жасаған. Бақытты адамдарды жұлдызы жанған, жұлдызы жарық дейді. Найзағай, күн күркіреуі, құйын секілді табиғат құбылыстарын ерекше күшке, қасиетке ие нәрселер деп ұғынған. Көктемде алғаш рет күн күркіреп, шақпақ шағып, найзағай ойнағанда, қазақтар қолындағы ожауымен киіз үйден жүгіріп шығып, үйді айнала ожауымен ұрып жүгіріп: сүт көп, отын аз деп, кейін үйге еніп, ожауын есік алдындағы керегеге қадаған. Мұның бәрін қорыққанынан емес, қайта сүттің көп болып, малдың көбеюін тілеген жақсылық тілектен туын-даған. Ұзақ мезгіл жаңбыр жаумаса, тасаттық жасап, мал сойып, тәңірісіне жалбарынған. Құйынды жек көрген. Оның арасында қалмауға тырысқан. Құйын арасында шайтан бар деп санаған.

Қазақтарда от ең қасиетті нәрселердің бірі саналады. Ш.Уәлиханов: «От — ең жоғарғы қасиетті нәрсе. Төтенше жағдайларда қырғыздар (қазақтар — Н.Ө.) мойнына белбеу салып, отқа садақа әкеледі, отқа май тастайды деп жазады. Қазақтардың отағасы деп, үй иесін атауы, отын өшсін деп қарғауы, отбасы деп отанын, үйін айтуы оттың зор қасиеттілігін ұқтырады. Сол секілді қазақтар еш уақытта да отқа түкірмейді, от жағылған жерді баспайды. Мал төлдеп жатқанда отты басқа біреуге тамызыққа бермейді. Сондай-ақ әйел босанып, баланың кіндігі түскенше басқаларға от бермеген, үйден от алып шықпаған. Жаңа түскен келін үйге босағадан аттап енерде басынан от айналдырған, отқа май тастап, от ана жарылқа деп жалбарынған. Ертеде бір орыннан екінші бір орынға көшкенде бүкіл ауыл, ру болып, екі оттың арасынан малдарын айдап, адамдардың өздері де өткен. От арасынан өту деген сөз, ескі орында барлық бәлекеттер қалады, жуымайды дегенге саяды. Жыл басында да (наурыз айының 22 күні) қазақтардың жаңа жыл мейрамында от жағылып, бүкіл ауылдастары оттан секіріп, киімдерін қаққан:

Алас, алас,  
Әр бәледен қалас,  
Ескі жыл кетті,  
Жаңа жыл жетті,

деп, от ескі жыл бәлекеттерін алып қалатынын білдірген. Бұл рәсімді көз тимес үшін де, ұшықтағанда да қолданған.

Наурыз қазақтардың шежірелік деректері бойынша Қазақтың ағасы болған. Наурыз ерте өліп, онан тұқым болмаған. Өлерінде інісі Қазаққа: "Менде тұқым жоқ, мен өлсем де, атым өлмесін, әр жылы менің өлген күнімді мерекелеп, тойлаңдаршы" деген екен.

Сондықтан да Наурыздың өлген күнін қазақтар жыл басы етіп, ол күн мейрам есебінде, наурыз көже пісіріліп, қазақтар бір-біріне қонаққа барған. Наурыз мейрамы Орта Азия халықтарына да кең тарағанын біз ол халықтардың этнониміне қазақ тайпалары сіңісіп, солар арқылы енген деп ойлаймыз.

Сондай-ақ, көз тию, кінәраттану әлі күнге халық арасында кең таралған, оған көпшілік сенеді. Жақсы атқа да, жас балаға да, сүтті сиырға да көз тиеді деп ойлайды. Сондықтан да әр түрлі жындар мен шайтан және көз тиюден сақтану үшін тұмарлар тағады. Исламға дейін тұмар ішіне жыланның терісін, ит, аюдың, т.б. жүнін салған. Сұқ, сұғын қадау да көз тигенге ұқсас болып, олар мал, жануарларға, адамдарға тиген. Олардан сақтану үшін тұмарлар таққан.

Осындай әр түрлі пәлекеттерімен күресудің жолдарын қазақтар арасында бақсылар алып барған. Бақсылар табиғат құбылыстарының құпия сырларын біліп қана қоймай, оларды бағындыруға, өз дегенін істетуге тырысқан. Қазақтар бақсылар әр түрлі зиянкестіктерден құтқарады, ауруларды жазады деп сенген. Бақсылар, негізінен рухани ауруларды жазатын. Қазақ бақсылары қалай болса солай киінген. Мойындарына әр түрлі тастардан, әшекейленген тастардан моншақ салған, қолдарына аса таяқ, сылдырмақ, қамшы ұстаған. Бақсылық тұқым қуалаған. Бақсы деген сөз монғолдарша ұстаз, ұйғырларша білімдар адам, түрікмендерше әнші дегендерді білдіреді. Шындығында да қазақ қоғамындағы бақсылар ақын, музыкант, оның үстіне емшілікті де білген. Бақсы болу екінің бірінің қолынан келмеген. Кез келген бақсы қобыз тартып, сиқыршылықты да білген.

Бақсылар ойын көрсетерде халық көп жиналған. Жиылған көпшілік алдында бақсы өнерін көрсетіп, қызған темірді аузына салып жалап, семсердің жүзін аяғына басқан. Тастарды қолымен ұнтақтап, темірлерді қамырша

илеген, құрым киіздерді қолымен қылыштай кескен. Ә. Диваев қазақ бақсыларының ойынын суреттегенде, бақсы ауру адамға ойнарда малдың еті асылып, оны ойынды тамашалауға жиналғандар түгел жеп, малдың терісіне сүйегін орап, ауру адаммен бақсы алысқа шығып, ауру адамды қазылған шұқырдың тесігінен шығуға бұйырады да, тері мен сүйекті тастап, кері оралады. Мұның мәнісі осындай амалдан кейін ауру адамның науқасы сол адамнан кетіп, шұқырда қалады дегенді білдіреді деп жазады. Қазақ емшілерінің (ертеде бақсылар) ит тигенге, бүйі, жылан, қарақұрт, т.б. шаққанда оқитын емдері болған.

Баланың тісі шықпай кешіксе, онда қойдың басын екі адам баланың төбесіне ұстап, басына сәл тигізеді де, басты екіге бөліп тастайды. Сонда баланың тісі шығады деп ырымдайды.

Қазақ әдеті бойынша жаңа босанған әйелді жеті күнге дейін суға жібермеген. Сол секілді үйге жалғыз түнетпеген, мал қораға кіргізбеген, сиыр саудырмаған, қамыр илетпеген, ошаққа жақындатпаған, кешке жарықсыз қараңғыда (шам, шырақ, т.б.) сыртқа шығармаған. Оның себебі, бір жағынан, жын шайтан бәлекетінен сақтау болса, екінші жағынан, әйелдің өзі де арам есептелініп, суды, ошақтағы отты, сүтті былғатпауды көздеген. Бұл шариат қағидаларына ежелден ұқсастығын көрсетеді. Өйткені, жас босанған әйелдерге суға қолын салу, тамақ даярлау, т.б. зияндық әкеліп, денсаулығын бұзады. Сол үшін шариатта әйелдерге 40 күнге дейін (нифас қаны кеткенше) тыйым салынады.

Сөйтіп, қазақтарда ежелден-ақ әр түрлі ауруларды түрлі жолдармен емдей алатын бақсылары, тәуіптері, емшілері болған. Қажет болса, қазақтар Ресейге қосылғаннан көп кейін де орыс дәрігерлеріне емес, өз тәуіптеріне қаралғанын бізге жеткен көптеген деректер дәлелдей алады. Мысалы, қазақ тұрмысын жақсы біліп, олармен көп араласқан А. Алекторов: "Қазір қырғыздар (қазақтар) орыс дәрігерлеріне сеніп, олардың ғылымының басымдылығына мойын ұсынғанымен әрі реті келгенде олардың дәрі-дәрмектері мен ақыл-кеңестерін алғанымен, бірақ бақсы деп аталатын өздерінің халықтық тәуіптеріне баруды ұнатады, деп жазады.

Міне, осы айтылған ырым-жырымдардың көпшілігі әлі күнге дейін халық арасында сақталғанымен, алайда, бастапқы мәнінен мүлдем ажырап, әлсізденіп бара жатқанын айту жөн.

## Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Қазақ халқының құқықтану тарихында тұңғыш рет шариат заңдары мен қазақ әдет-ғұрып заң нормалары салыстырыла отырып, олардың бір-біріне тигізген әсерін әңгімелеп беруді мақсат еткен едік. Міне, сол зерттеуіміздің соңғы парақтарын да жазып отырмыз. Патшалық Ресей тұсында да, кейінгі кеңес өкіметі тұсында да бұл екі заң нормаларының өзара ұқсастығы, бір-біріне әсері еш уақытта әңгіме етілмеді. Дін, шариат тек атеистер тарапынан тисе терекке, тимесе бұтаққа деп, бет алды қара күйе жағылып, негізсіз бірбеткей сынға алынды. Қазақтардың өзіне өз ата-бабаларының қалдырған заңдарын, қағида-ережелерін ұрпақтарына құбыжық көрсетіп, оқып-үйренуге, кәделеріне жаратуға тосқауыл қойылды.

Қазақ әдет-ғұрып және шариат заңдарының ішінде тәрбиелік, рухани тазалық маңызы бар ережелер баршылық. Олардың бәрін ығыстырып тастау — соқырлық, озбырлықтың бір белгісі. Бүгінде ата-анасын ұл-қыздары сыйламау, ұрлық-қарлықтың көбеюі, қылмыстардың күннен-күнге өршуі, ішімдіктерге әуестілік рухани дүниенің кемшілігінен болып отыр. Әлбетте, халықтың өзіне етене жақын заң-қағидалар болғанда, бұлайша тоз-тозы шықпас еді, мұндай сорақылықтар мұнша бой көтермес те еді.

Көптеген қазақ әдет-ғұрып заңдары Құран қағидалары, бүкіл адамзат баласына арналған, адамгершілікке лайық.

Мысалы, Құранда: адамзат мейлі ақ, не қара, не қоңыр түсті болсын, бәрібір Алла оған қарамайды, істеген іс әрекетіне қарап бағалайды. Егер адам қылмыс істесе, онда ол бұл өмірде де, ол өмірде де Алла алдында жауапты, істеген қылмысына орай жаза тартады. Жаза артық не кем берілмейді. Ислам “бесіктен қабірге дейін білім үйренуді” парыз етеді. “Оқы, оқы және оқы” дейді Алла тағала құлдарына. Қазақтарда да “білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады”, “Шын еліне барсаң да білім үйрен”, “білім үйренуден жалықпа”, “білім ұрланбас қазына”, т.б. іспетті мақал-мәтелдерге сай құрылған қағида-ережелер көп. Әдет-ғұрып заңдарының талабы “әділ бол”, “адамдармен инабатты мәміле жаса”, “басқаға жақсылық жаса”, “ата-анана мейірімді бол”, “үлкенге құрмет, кішіге ізет”, “жамандыққа жақсылық”, “кешірімді бол”, “алдына келсе, әкеңнің құнын да кеш”, “өнерді үйрен”, “басың кетсе

де шын сөйле", "адам құқына қол сұқпа", "адам қаны қасиетті, оны төгу үлкен қылмыс", "уәдеге опа қыл", "адам-адамға айна", "барлық адам тең құқылы", "зарарлы іс-әрекетке тыйым", "аманатқа қиянат жасама", т.б.

Азаматтық, өзара қарым-қатынас тәртібін сақтауды талап етеді. Атап айтсақ, екі жақтың мәжбүрлеусіз өзара келісуін, келісушілердің ақыл-есі бүтін, кәмелетке толған, өзіне және мал-мүлкіне ие болу құқына ие, сатылатын не берілетін зат өз жекеменшігі, заңдылықты болуын талап етіп, ол зат тыйым салынбаған, салмағы мен мөлшері дәл әрі сапалы болуын, заттың алушыға тапсырылуын міндеттейді. Осы айтылғандардың біріне нұқсан келсе, ондай мәміле, келісім-шарттар заңсыз болып саналады. Соттан дау-жанжал, келіспеушілікті асықпай-саспай, ережелерге сай, куәлер айғағын есептеп өте әділ шешу талап етіледі. Өйткені, жалған сөйлеу адамгершілікке, мұсылмандыққа қас нәрсе.

Іс-әрекет қылмыстық деп саналғанның өзінде де жасаған қылмысын айыптының өзі мойындап, не болмаса куәлер бұлтартпас дәлелдерімен анықтап мойнына қойғанда ғана қылмыскерді қылмысты деп айыптап, қылмысына қарай әділ жазасын тартқызады. Оған дейін ешкім де ешкімді қылмысты деп айдар таға алмайды. Әлбетте, кәмелетке толмағандар, жындылар, өзін-өзі игере алмаушылар өз іс-әрекетіне есеп бере алмаушылар ретінде қылмыстық жазаға тартылмайды. Сол секілді, екіқабат әйелдер де жазадан босатылады. Бұл — қазақ әдет-ғұрпында да, шариатта да бар қағида-ережелер. Құқықтық қағида-ережелердің мақсаты-қылмысты істерді болдырмау, оның алдын алу, қылмыс жасаушыларға әділ де нақты жазаларын беру болып табылады. Жаза тәрбиеге негізделген.

Құқықтық ережелердің тәрбиелік бастауы бала шыр етіп дүниеге келген күннен отбасында басталатынын, тыйым салуға қатысты инстинкт (мысалы, нәресте суыққа тонып, ыстыққа күйіп сезінуі, емшек еметін кезін білуі, т.б.), яғни өзін-өзі қорғау сәбиліктен басталса, оның компоненттері — ар мен ұят, былайша айтсақ, өзін-өзі бақылау; сезіну, яғни сезіну органдары: көз, құлақ, тіл арқылы сыртқы хабарларды қабылдау; ақылға салу, яғни өз білімі бойынша сол мәселені талдау, қорыту; айқын істер, яғни әдет, мінез, амал, тек, дағды, т.б. ақыл-ой білімімен алынып, оны ата-ана, туған-туысқандардан бастап, өмір сүрген орта, зиялы қауым және өтіп кеткен

ғұлама ғалымдардың жазбалары береді. Міне, осы бастаулардан кемшін сусындағандардың да ақылы кемшін болады.

Ақыл-ой уақыт пен шекке байланысты бірнеше сатыда өсіп өрбиді. Барлық тірі нәрселерге (оның ішінде хайуанаттар да) қатысты — инстинкт, алғашқы сатысы болса, кейін-еңбек ақылы, эстетикалық, кейін ғылыми ақыл мен әлеуметтік ақыл дәрежесіне жетеді. Онан әрі терең сусындай беру аналитикалық ақылға жеткізеді. Ең соңында, ақыл-ойдың өсіп-өркендеуінің шыңы — шындықты тануға жетеді. Міне — қазақ әдет-ғұрып заңдарының алға қойған негізгі мақсаты да осы. Мұндай дәрежеге жеткен адамдар — әмбебап, мұхит ойлы, ізгі әрі әрбір істе ісін ақылға салып, ойлап-пішіп барып істеушілер. Бұлайша істелінген іс-әрекеттер еш уақытта өкіндірмейді.

Ислам сенімді еш уақытта күштемейді. Ол жайлы Құранда да айтылған. Сенім адамдардың өз еркіне берілген. Әр адамның ар-ожданы өз еркінде. Адамдар арасында қарым-қатынастарды реттеп отыру үшін қағида-ережелер қандай қажет болса, оны бақылап отыратын орган да сондай қажет. Әрбір адам өз құқының шегінен аспауы тиіс. Әрбір пайдалы іс — дұрыс, зарарлы іс — бұрыс. Мал мен жан, табиғатқа зиянкестік пен ысырап-қатыйым. Міне, осындай қағида-ережелерге негізделген шариат заңдары да, қазақ әдет-ғұрып заң нормалары да мәңгілік.

Сүйіспеншілік пен мейірбандылықтан туындайтын барша жақсылықты әрбір адам әуелі өзінен бастауы, кейін жұбайына, отбасы — бала-шағаларына, туысқандарына, халқына, ұлтына, қала берді діндестеріне арнауы тиіс. Осыдан барып, адамзаттық махаббат қалыптасады. Адамзаттық махаббатқа арқау етіліп әлеуметтік қағида-ережелер қалыптасады. Сонда ғана қоғамдағы саяси, экономикалық тұрмыс-тіршілік бір арнаға түсіп, қағида-ережелер жұмыс істейді. Оған барлық қоғам мүшелері бас иіп, мүлтіксіз орындауға мәжбүр болады.

Тәртібі жоқ қоғамда тәртіп бұзушылықтар мен қылмыстар да көбейеді. "Бүлінген елден бұлдіргі алма" деп ата-бабаларымыз айтқанындай, мұндай қоғам шеттетіліп, олармен қарым-қатынас мүшкілденеді. Сондықтан да қандай қоғам болмасын алдымен өз ішіндегі тәртіпсіздіктерді реттеуге, оны болдырмай, алдын алуға, тәрбиелеуге, жазалауға шаралар қарастырып, қағида-ережелер шығарады.

Қазақтар құқық бұзушылық болмау жағын қатты қадағалаған. Құқық бұзушылардың жасаған ауыр қылмысы үшін бүкіл руластары жауап беріп, құн, айыпты бірігіп төлеген. "Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді" деп, ондай қылмыскерлердің араларында болмауы қадағаланған.

Шариат құқық бұзушыларды үш түрлі топқа бөліп, жазалайды. Бірінші топ — Алла құқына қол сұғушылық. Оған жеті түрлі ауыр қылмыстарды жатқызады: зінәқорлық, маскүнемдік, ұрлық, тонаушылық, діннен безу, жалақорлық және өкіметке қарсы көтеріліс жасау. Бұлар хадд жазасымен жазаланады.

Зінәқорлық және әйелді зорлау исламда ең ауыр қылмыс болып саналады. Өйткені қоғам отбасынан басталады. Отбасының бұзылуына апарып соғатын бұл қылмыс 100 рет дәре соғумен не болмаса көміп қойып, таспен атқылау жазасымен жазаланса, ал қазақтарда да бұл ауыр қылмыс саналып, қылмысты өлім жазасына кесілген. Мұндай ауыр жаза қоғам үшін, ұрпақ тазалығы үшін деп саналған.

Маскүнемдік адамды азғындатады. Азғынданған адам не істеп, не қойғанына есеп бермейді әрі ол істемейтін қылмыс түрі жоқ. Маскүнемдікке: ішкілік ішу, есірткі, күшті дәрі-дәрмектер кіреді. Бұрын қазақ қоғамында мүлдем ішкілік болмағанын айта отырып, бүгінгі күні ішкіліктің түр-түрі көбейіп ғана қоймастан, олар онай пайданың, қылмыстың қайнар көзіне айналып кетті. Қазір осы індеттің алдын алып, бұл ауруға қарсы шаралар қарастырған жөн.

Ұрлық — біреудің жекеменшігіне қол сұғу. Шариатта бұл қылмыс қатаң жазаланады. Қолға түскен ұрының қолы кесіледі.

Қазақтарда ұрлық жиіркенішті қылмыс саналып, оны жасаушыларға ұрланған зат не малды үш тоғыз етіп, орасан зор өсіммен төлеткен. Ал үш рет ұрлық жасағандар өлтірілген.

Тонаушылық пен қарақшылық — ұрлықтан да ауыр қылмыс. Бұл қылмыс күштеумен, адам өлтірумен ұштасып, жүзеге асырылады. Сондықтан да шариатта бұлардың екі қолын не екі аяғын бірдей кесуге, ал бірнеше адам болса, бәрін де осылайша жазалауға бұйырылады.

Екінші топ — жеке адам құқына қол сұғушылар. Бұлар қанға — қан, жанға — жан деген қысас немесе құн не айып жазасымен жазаланады. Ерте заманда қысас — "қанға — қан, жанға — жан" жазасымен қасақана кісі

өлтірушілер, зорлықпен ұштастырылып зінә жасаушылар, қарақшылар мен тонаушылар кісі өлтіру жолымен қылмыс жасағандар т.б. жазаланды.

Ал қазақтарда да, исламда да дін өлген адамның балашағасы артында еңіреп қалып, күнелтуі қиын болатынын ескеріп әрі қылмыстының туысқандарына да ой салып, жауапты ету үшін кейбір жағдайда кісі өлімін күнмен алмастыру, яғни "қан ақысын" алуға құқық береді. Құн мөлшері шариат пен қазақ әдет-ғұрып заңдарында бірдей, 1000 мысқал алтын не 1000 қой, не 100 түйе.

Үшінші топ (тәзір) — қатаң жаза қолданылмайтын іс-әрекеттер үшін берілетін жаза. Олар: ат-тон айып, кешірім сұрап, аяғына жығылу, түрмеге отырғызу, ескерту жасау, айып салу, қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне күйе жағу, бітістіру, т.б.

Міне, біз әңгімелеп, талдаған басты қылмыстық іс-әрекеттердегі жазаларға назар салғанымызда шариат заңдары мен қазақ әдет-ғұрып заң нормалары онша алшақ еместігі сезіледі.

Қазақ қоғамында кісі өлімі, әсіресе, жайылымдық жер, жесір дауы, барымта, т.б. себептер нәтижесінде кездесіп отырған. Ол заманаларда "сот түзелмей — тәртіп түзелмейді" деген қағида нық ұстанып, оны билер жүзеге асырып отырған. Қазақ әдет-ғұрып заңдары исламмен араласа, бірегейлене отырып, қазақ халқы қалыптасып жатқан дәуірлерде түзіле бастаған.

Қазақтар шариатта жоқ қағида-ережелерді (әменгерлік, жеті атаға дейін қыз алыспау, қыз алып қашу, барымта, қалыңмал, үстеме құн, сол секілді кейбір ырым-жырымдар т.б.) ислам енгенше қарамай сақтап қалды. Қазақ әдет-ғұрып ұзақ ғасырлар бойына түркі тектес тайпалардың қалыптастырған қағида-ережелеріне ислам дінінің әсері тиген.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей заңдары қазақтарға күштеп ендіріліп, бұрыннан қалыптасқан билер сотына қатты соққы берілді. Сот жүйесі бұзылып, сотты сайлап қою нәтижесінде бұрынғы әдемі заңдар мен соттық жүйеге іріткі салынды. Кеңес өкіметі тұсында бұл дәстүр онан әрі жалғастырылып, түп-тамырына балта шабылды. Соған қарамастан қанға сіңіп, бойымызға таралған атабаба заңдары ұмытылып кетпей, мемлекетіміз тәуелсіздігін жария еткен күннен бастап-ақ жауқазындай дүр ете қалды. Қазір дәл осы процестер тек біздерде ғана емес, барлық бодан болған халықтардың арасында жүріп жатыр.

Сөз соңында айтпағымыз мынау: исламда 73 ағым бар екенін оқушыларымызға ескерткен едік. Бұлардың бірі ұстанатын қағида-ережелерді екіншісіне таңуға мүлдем болмайды. Қазір, арамызда қандай миссионерлер қандай ағымдарды әкеліп, жұмыс жүргізіп жатқаны белгілі. Ол жағын қадағалайтын діни басқармамыз өкінішке орай, оған мән беріп, келімсектермен арнайы күресіп, ата-бабамыздың өз жолымен жүре берулерін насихаттап жүргені жоқ. Оны терең түсініп, ата-бабаларымыздың өз жолы — имам Ағзам қағидаларын білетін мамандар басқарма маңында жоқтың қасы. Діни үгіт-насихат халықтың өз әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен жүргізілмегеннен соң, жұрттың бәрін алдымен сол жолға үйретіп алмай тұрып, исламның халықтық догмаларын қатаң сақтап, шариаттың әділ-оңды заңымен жүруге мәжбүрлеудің түбі оша бермейді.

Осы саладағы олқылықтарды пайдаланып, бұрын ата-бабамыз есітіп-білмеген будда, кришна, протестант, бахайизм, ахмадий, т.б. ағымдарды алып келушілер күннен-күнге күш алып бара жатыр. Онсыз да Үш жүзге бөлінген қазақ халқы енді әр түрлі діндерге ойысса, онда іс насылға шаппайды ма? Діни басқарма қайта-қайта Меккеге шапқылағанша, осындай қауіпті индеттермен күрескені мақұл. Өйткені сол келіп жатқан ағымдар жанартау іспетті, қазақ халқын қырық бөлікке бөлсе, ол жанартаулар атқылаған кезде, еліміздегі қазіргі тыныштық пен бейбіт өмір шырқы бұзылады. Оның аяғы жақсылыққа апарып соқпайды. Сондықтан барлық қазақ халқына жанашыр қоғамдар бұл кесепатқа қарсы тұрып, олардың зиянды іс-әрекетіне заң жүзінде қатаң тыйым салу қажет.

Халқымыздың қасиетті қағида-ережелерін, әдепті мінез-құлқын, инабатты ғұрыптарын, тілмен айтып жеткізе алмайтын болмысын бала-бақшадан, мектептен бастап, әрбір отбасы кеңінен пайдаланғанда ғана әрі ұрпақтарымыз оны бойларына сіңіріп өскенде ғана, ондай ұрпақ халқымызға тек абырой әкеледі. Осындай ой жетегі — біздің зерттеуіміздің арқауы болды.

Кіріспе .....	3
---------------	---

**Бірінші тарау**

**КЕЙБІР ДЕРЕКНАМАЛАРҒА ШОЛУ**

Орыс жазба дерекнамалары .....	9
Шығыс дерекнамалары .....	14
Мұрағаттық құжаттар .....	17
Қолжазба қорлары .....	19

**Екінші тарау**

**КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ: ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫ  
ЖӘНЕ ШАРИАТТЫҢ ӘСЕРІ**

Ислам және оның Қазақстанға таралуы .....	28
Қазақ әдет-ғұрып заңдарының ерекшеліктері .....	32
Қазақ әдет-ғұрпына шариаттың әсер ету кезеңдері .....	34
Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі әдет-ғұрпы, ислам және саясат .....	38

**Үшінші тарау**

**ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРПЫНА ШАРИАТТЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Отбасылық құқықтар .....	44
Азаматтық құқықтар .....	53
Сот ісін жүргізу .....	72
Қылмыс пен жаза .....	81
Құн дауы .....	93
Мал-мүлік дауы .....	99
Жесір дауы .....	101
Жер дауы .....	107
Кейбір әдет-ғұрып салттары .....	112
ҚОРЫТЫНДЫ .....	121

**Салық Зиманұлы Зиманов, Нұралы Өсеров**

**ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫНА  
ШАРИАТТЫҢ ӘСЕРІ**

Редакторы *С. Бақтыгереев*  
Көркемдеуші редакторы *Б. Жапаров*  
Техникалық редакторы *Л. Самойлова*  
Корректоры *Қ. Молдасанова*  
Беттеуші *Э. Нұғыманова*

ИБ № 252

Теруге 29.10.97 жіберілді. Басуға 23.12.97 қол қойылды. Пішімі 84x108/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Балтика". Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 6,72. Шартты бояулы беттаңбасы 6,83. Есептік баспа табағы 7,27. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №001

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жеті жарғы" баспасы, 480013, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10-үй.

АООТ "Баспагер", Алихан Бөкейханов көшесі, 47<sup>б</sup> -үй.

"Жеті жарғы" баспасының "Кодекс" еншілес мемлекеттік кәсіпорны.  
Тел. 62-10-82.



40-00

